ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

Jastar
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

«Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары»

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық баяндама

«Социальные установки молодежи NEET в Казахстане»

Аналитический доклад по результатам социологического исследования

Астана 2022

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі

«Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары»

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық баяндама

Астана, 2022

«Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары»: «Жастар» ҒЗО, Астана, 2022. – 125 б.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша жүргізілген «Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне негізделген. NEET санатына жататын жастардың қоғамдық институттармен өзара әрекеттесу деңгейін зерттеуге және мемлекеттік жастар бағдарламаларына қатысуға бағытталған NEET санатындағы жастар өкілдерімен жаппай және сараптамалық сауалнамалардың, сондай-ақ тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері ақпараттық база болды.

Жастар саясаты, білім беру және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, қалың жұртшылық, жастар саясаты және білім беру саласындағы сарапшылар, зерттеушілер, осы тақырып бойынша жұмыс істейтін мамандар мен барлық мүдделі тараптарға арналады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022

Мазмұны

I. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ 5
II. ЖАСТАРДЫҢ ЖАППАЙ САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 12
Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары 12
1. ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БАҒДАРЛАР, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ 12
1.1. NEET санатындағы жастардың құндылықтары мен басымдықтары 12
1.2. Өмірдің әртүрлі аспектілеріне қанағаттану 15
1.3. Болашақты елестетудегі қорқыныш пен үміт 19
1.4. Дінге деген көзқарас 21
2. ЖАСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА КӨЗҚАРАС 23
2.1. NEET жастарының өзекті мәселелері 23
2.2. Девиантты мінез-құлыққа деген көзқарас 26
3. ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ 29
3.1. Мектеп кезеңіндегі белсенділік 29
3.2. Қысқа мерзімді жоспарлар 33
3.3. Саяси өмірге деген қызығушылық 38
4. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ 42
4.1. Жұмысқа деген көзқарас, жұмыс іздеуге арналған арналар 42
4.2. Ықтимал жұмыстан күту 46
4.3. Әуестік пен қызығушылықтар 52
5. АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ 54
5.1. Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін қабылдау 54
5.2. Жастармен жұмыс арналары 56
Қорытынды 59
Ұсыныстар 62
III. ТЕРЕҢ СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІ 63
1. Респонденттердің сипаттамасы 63
2. Өмір сүру деңгейіне қанағаттану 63
3. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы 66
4. Оқыту, білім беру 69
5. Жұмыспен қамту, жұмысқа орналастыру 75
6. NEET жастарының ерекше мәселелері, бос уақыт, хобби 84
7. NEET жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар 91

Қорытынды 95
Ұсыныстар 100
IV. САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ 102
1. Дефиниция мәселесі, санды талдау, оның өзгеру факторлары 102
2. Жастардың NEET санатына кіру факторлары және негізгі мәселелер 105
3. NEET жастары және білім беру жүйесі 108
4. NEET жастары және еңбек нарығы 111
5. NEET жастары және қоғам 113
6. NEET санатындағы жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар 118
Қорытынды 121
Ұсыныстар 122
ҚОРЫТЫНДЫ 123
ҰСЫНЫСТАР 124

I. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Соңғы жылдары әлемде бір қатар айтарлықтай экономикалық және әлеуметтік-саяси өзгерістер болды. Ең алдымен, оған 2020 жылы басталған COVID-19 індетінің ықпалы әсер етті. Оның салдары әлі күнге дейін әлемнің барлық елдерінің экономикалық жағдайына, еңбек нарығына, сондай-ақ халықтың әлеуметтік жай-күйіне әсерін жалғастыруда. Сондай-ақ, Төртінші өнеркәсіптік төңкерістің ықпалымен кәсіпорындарда автоматтандыру және роботтандыру процестері жалғасуда, ол өз кезегінде жұмыс күшін босатуға әкеп соқтыруда. Қазір халықты жұмыспен қамту мәселесі әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ерекше маңыздылығын және жаһандық өзектілігін көрсетіп отыр. Халықаралық еңбек ұйымының болжамы бойынша 2022 жылы **әлемде жұмыссыздар саны** 207 млн. адамға дейін өседі, бұл 2019[1] жылғы дағдарысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда **21 млн-ға немесе 10%-ға жоғары.**

Осы орайда, әлем мемлекеттері жұмыссыздықтың ең осал әлеуметтік тобы жастарды жұмыспен қамту және оларды жұмысқа орналастыру мәселесіне басым көңіл бөлуі қажет. Еуропалық одақ жүргізген зерттеу бойынша жас адамның жұмыс табу мүмкіндігі басқа жас санатындағы адамға (6,2%)[2] қарағанда екі есе жоғары (14%), екенін көрсетіп отыр. Індет кезінде зардап шеккен жастарды қолдау үшін ЕО 2022 жылды Жастар жылы деп жариялады. Ең негізгі бастамалардың бірі жұмыссыз және табысы аз жастарды тағылымдамадан өткізуге және оларды жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға бағытталған «ALMA» бағдарламасы болып табылады.

NEET (ағылш. Not in Education, Employment or Training, немесе оқымайтын, жұмыс істемейтін жастар) жастары халықаралық деңгейде халықтың ең осал санатының бірі болып танылған. Оның деңгейі Жастар хал-ахуалының жаһандық индексі өлшемдерінің біріне енгізілген. Кейбір сарапшылар ЭЫДҰ елдерінде NEET категориясы жастарды[3] дүбәралану және ажырату көрсеткіші ретінде пайдаланатынын атап айтқан. Сонымен қатар, NEET жастарының өсу үлесі ересек жас топтарында жалғасуы және ұзақ мерзімді әлеуметтік проблемаға айналуы мүмкін.

Дүниежүзілік банк ұсынған деректердің талдауы әлемнің көптеген елдерінде NEET санатындағы жастар үлесінің жоғары деңгейі байқалатынын көрсетіп отыр. Айтарлықтай төмен деңгей Сингапур (4,4%), Нидерланд (4,5%), Норвегия (4,9%)[4] секілді елдерде байқалады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылдың басында халық саны 19 125 620 адамның 3 741 083 (20%) жастар құрап отыр.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 15-28 жас аралығындағы жастардың экономикалық белсенді бөлігі (жұмыс күші) 2063,421 мың адамды құрады, ал 2020 жылдың көрсеткішінен 36,4 мың адамға аз. Сонымен қатар, оның ішінде 1985,773 мың адам жұмыспен қамтылған, бұнда да өткен жылдың көрсеткішінен 33,6 адамға аз.

---

[1] МОТ: 2022 жылы әлемде жұмыссыздар саны 207 млн. құрады. https://news.un.org/ru/story/2022/01/1417012
[2] Жастар жылы жастар арасындағы жұмыссыздықпен күрес https://ru.euronews.com/next/2022/04/20/rb-09-youth-guarantee-crash-course
[3] Аз NEET: жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресте мемлекеттік бағдарламалар тиімді ме? https://ekonomist.kz/zhussupova/neet-bezrabotica-molodezh-gosprogramma/
[4] Share of youth not in education, employment or training, total (% of youth population) https://data.worldbank.org/indicator/SL.UEM.NEET.ZS

Жұмыссыз жастар: 2021 жылы елде 15-28 жас аралығындағы жұмыссыз жастардың саны 77,6 мыңды құрады, бұл өткен жылға қарағанда 2,8%-ға төмен.

Ең жоғары көрсеткіштер Алматы қаласында – 15,4 мың адам, Алматы облысы – 9,1 мың адам және Нұр-Сұлтан – 6,9%. Төмен көрсеткіштер СҚО – 1,4 мың адам, Атырау облысы – 1,7 мың адам.

2021 жылдың қорытындысы бойынша **NEET жастарының үлесі** 6,9% құрады.

NEET санатындағы жастардың үлесі (15-28 жас)

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Қазақстан Республикасы	8,2	7,8	8,0	8,0	8,8	9,5	9,2	8,7	7,9	7,4	7,1	6,9

Қазіргі заманның жағдайында мемлекет халықтың осы санатын жұмыспен қамтуға ықпал ету саясатының басымды бағыттарына көңіл бөлуі керек. Бұл үшін NEET санатындағы жастардың өзіндік ерекшеліктерін, олардың осы санатқа енуі және осы санатта болу ұзақтығы, сондай-ақ одан шығуға деген талпынысы мен перспективасын жан-жақты зерттеу қажет. Сондай-ақ, осы санаттағы жастардың жұмыспен қамтуға ықпал ететін мемлекеттік бағдарламаларға қатысу деңгейіне, еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды қолдау үшін мемлекеттік саясат шараларының релеванттығына талдау жүргізу қажет. NEET санатындағы жастардың талпынысы мен проблемаларын ескере отырып, әлеуметтік бейнесін анықтау керек.

Бағдарламының әдіснамалық бөлігі

Зерттеу мақсаты – NEET жастарының өзіндік ерекшеліктерін, қоғамдық институттармен өзара іс-қимылын және мемлекеттік жастар бағдарламаларына қызығу деңгейін анықтай отырып, әлеуметтік бейнесін айқындау, сондай-ақ халықтың осы санатымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстарды дайындау.

Міндеттері:

- NEET жастарының типологиясын анықтау;
- NEET жастарының құндылық бағыттарын және әлеуметтік жай-күйін анықтау;
- NEET санатындағы жастардың негізгі проблемаларын табу;
- Девиантты мінез-құлық формаларына қарым-қатынасын айқындау;
- Қоғамдық институттармен NEET жастарының өзара іс-қимылын талдау;
- NEET жастарының жұмыспен қамтылуына және бос уақытын өткізуіне талдау жүргізу;
- NEET жастарының мемлекеттік жастар бағдарламалары туралы хабардар болуы және оларға қатысу деңгейін анықтау.

Зерттеу объектісі мен мәні

Зерттеу объектісі: NEET санатына жататын 14-28 жас аралығындағы Қазақстан жастары

Зерттеудің мәні: NEET жастарын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер.

Негізгі ұғымдарға түсінік беру:

Жастар – «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары.

NEET – (от англ. «Not in Education, Employment, or Training») не оқымайтын, не жұмыс істемейтін және не өзінің біліктілігін көтермейтін жастар.

Жұмыссыздық – халықтың экономикалық белсенді бөлігінің еңбек нарығында қажет болмауынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Жұмыссыз – табыс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар.

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық (жұмыс күші) – тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндіру үшін жұмыс күшін ұсынуды қамтамасыз ететін, халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы халықтың бөлігі (экономикада жұмыспен қамтылғандар және жұмыссаздар)

Экономикалық белсенді емес халық – халықтың жұмысшы құрамына кірмейтін халық бөлігі; жұмыспен қамтылғандар немесе жұмыссыздар болып табылмайтын жеке тұлғалар;

Халықты жұмыспен қамту – жалақы немесе кіріс әкелетін жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруына байланысты еңбек қызметі;

Өз бетінше жұмыспен айналысушылар – жеке тұтынуға арналған өндірісті қоса алғанда, табыс алу үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірумен (өткізумен) дара айналысатын жеке тұлғалар, өндірістік кооператив мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) еңбекақы төленбейтін қызметкерлері және жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілер;

Нәтижелі жұмыспен қамту – тұрақты экономикалық өсуді және әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ететін жұмыспен қамту

Зерттеудің әдістемелік бөлігі

Осы зерттеудің алға қойған мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін ақпаратты жинаудың сандық және сапалық әдістері қолданылды – респондентпен жеке сұхбат өткізу арқылы анкета қолдана отырып жаппай сауалнама жүргізу, сондай-ақ терең және сараптамалық сұхбаттар алу.

Ақпаратты жинаудың негізгі әдісі ретінде 14-28 жас аралығындағы **NEET санатындағы жастармен жаппай сауалнама,** «face-to-face» жүргізілді. Осы әдіс NEET жастары туралы объективті ақпаратты алуға көмектеседі. Жаппай сауалнаманы жүргізу іріктеу негізінде таңдалған және әлеуметтік топтар құрылымының жиынтығын көрсететін көптеген респондеттердің қатысуымен өтеді. Жүргізілген жаппай сауалнама нәтижесінің негізінде осы не басқа деңгейде жалпы мінез-құлықтары туралы болжам жасалады. Жаппай сауалнаманың негізі – әлеуметтік құбылыстарға қатысты адамдарның пікірі, олардың себептері және оларға берілген баға жайлы, қоғамдық, топтық және жеке сана-сезімі туралы ақпаратты алу.

Терең сұхбат алу әдісі екі адамның емін-еркін әңмелесуі түрінде өтеді, қатысушының бірі интервьюер - тең құқылы әңгімелесуші рөлінде өзін кәсіби зерттеуші ретінде көрсетеді. Сапалы сұхбаттардың технологиясы әртүрлі көбінде зерттеудің мақсатына байланысты болады. Олардың барлығы терең сұхбаттарға (құрылымдалмаған немесе жартылай құрылымдалған) жатады және ең аз дегенде 1,5-2 сағат уақытты алады.

Сараптамалық сауалнама – сауалнаманың бір түрі, оның барысында респонденттер белгілі қызмет саласындағы жоғары білікті маман – сарапшылар болады. Әдісте маманның қаралатын проблеманы талдауға және шешуге құзыретті қатысуын қарастырады.

Социологиялық зерттеулердің практикасында төмендегідей қолданылады: осы не басқа құбылыстың дамуын болжау; жаппай сауалнамаға деген сенім деңгейін бағалау үшін; зерттелетін проблема туралы алдын-ала ақпаратты жинау үшін (зондаж); қарапайым респонденттермен жаппай сауалнама жүргізу мүмкін болмағанда немесе тиімсіз болғанда.

Сарапшылар талқылауының негізінде қабылданатын бағалар мен шешімдердің сенімділігі айтарлықтай жоғары және алынған пікірлердің жинақталу, талдану және өңделу рәсімінің ұйымдастырылуына және бағытына да белгілі деңгейде байланысты болады. Рәсімге келесілер кіреді: зерттелетін жағдайды талдау; сарапшылары тобын құру; сараптамалық бағалауды өлшеу тәсілін таңдау; сарапшылар жұмысын тікелей бағалау рәсімі; алынған деректерді талдау.

Іріктеме жиынтығының көлемі 2 000 респондентті құрады. Социологиялық зерттеу жүргізілетін аумақ – Қазақстанның 14 облысы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары.

Қазіргі таңда бірліктерді іріктеуді зерттеу «қарлы кесек» тәсілімен өтті.

Бұл тәсіл зерттелетін өкілдерді басқа тәсілдермен іріктеу қиындық туғызған жағдайда және қолжетімділігі қиын респондент топтарын зерттеу қажет болғанда қолданылады. Респонденттер тек NEET санатындағы жастар ғана болды.

Мақсатты топтың әр өкілі осы топқа кіретін бір немесе бірнеше адамды атауы мүмкін, соның негізінде іріктеме жүргізу тәсілі негізделеді. Осылай, зерттеуші бірінші респонденттерін іріктеуі қажет, ал олар өз кезегінде басқаларын ұсынады. Нәтижесінде сұралғандардың саны қарлы кесек секілді өсуде, сол себепті осы атты иеленді. Сонымен қатар, басты жиынтықтың орташа сипаттамасынан іріктеме жиынтығының орташа сипаттамасының ауытуқы ±2,18%-дан аспайды.

Іріктеме жиынтығын санау үшін жалпы жастар санының ішінен NEET санатындағы 14-28 жас аралығындағы жастардың саны туралы Ұлттық статистика бюросының деректері қолданылды.

Жоба бойынша іріктеме жиынтығын есептеу, адам*

	14-28 жас аралығындағы жастар саны	**NEET жастарының үлесі** *(2021 жылдың деректеріне сәйкес)*	**Іріктеме жиынтығы**	**Қала**	**Ауыл**
Қазақстан Республикасы	3 741 083	**6,9**	2000	1126	874
Ақмола	138 561	8,0	74	33	41
Ақтөбе	170 744	7,3	91	61	30
Алматы	393 176	6,9	210	42	168
Атырау	134 354	5,5	71	36	35
Батыс Қазақстан	123 532	3,1	66	32	34
Жамбыл	242 943	7,3	130	49	81
Қарағанды	257 664	9,9	138	107	31
Қостанай	152 092	4,9	81	44	37
Қызылорда	176 985	7,9	95	39	56
Маңғыстау	152 842	7,3	82	32	50

Павлодар	130 114	4,9	70	47	23
Солтүстік Қазақстан	97 047	6,5	52	22	30
Түркістан	478 471	8,5	256	49	207
Шығыс Қазақстан	234 088	6,3	125	74	51
Нұр-Сұлтан қаласы	232 065	7,0	124	124	0
Алматы қаласы	381 227	6,1	204	204	0
Шымкент қаласы	245 178	6,6	131	131	0

** Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша*

Бақыланатын бірліктерді іріктеуді зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды:

1. Облыстар бойынша іріктеу – 14 облыс пен республикалық маңызы бар қалалар халқының санынан және 14-28 жас аралығындағы NEET жастарын қоса алғанда 14 облыс және республикалық маңызы бар қалалар бойынша іріктеме көлемі анықталды.

2. Қала-ауыл приципі бойынша іріктеу – әр облыста қалалық және ауылдық іріктеу көлемі есептеп шығарылған. Сауалнама жүргізу барлық облыстық орталықтарда, жекелеген шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде жүргізілді.

3. Сауалнама жүргізу орындарын таңдау – қалалық және ауылдық елді мекендерде сол елді мекеннің картографикалық тізімінен кез келген шағын аудандар мен көшелерді қарапайым таңдау арқылы жасалды.

4. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу – респонденттер екі белгі бойынша таңдалады – жынысы және жасы. Респонденттің жасы 14 жастан төмен, 28 жастан жоғары болмауы керек, сондай-ақ жынысына көңіл бөлінді.

Инструментарий құрылымы

Алғашқы ақпаратты жинау үшін социологиялық анкета қолданылды – белгілі ереже бойынша құрастырылған және өзара байланысты сұрақтар жиынтығынан тұратын тираждалған құжат.

Социологиялық анкетаның сипаты мен сапасы, оның көлемі, құрылымы, сұрақтардың құрылуы - осы құралдың қолданылу мақсатына, сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне байланысты сауалнама түрі анықталады. Респонденттерден сауалнама алу 2 тілде жүргізіледі: қазақ және орыс тілдерінде респонденттің таңдауы бойынша. Зерттеу кезеңіндегі ақпаратты жинауды өңірлік супервайзерлердің басшылығымен арнайы дайындалған интервьюерлер жүзеге асырады.

Терең және сараптамалық сұхбаттар зерттеудің міндеттеріне сәйкес алдын ала әзірленген арнайы сценарий (гайд) бойынша жүргізілді.

Инструментарий құрылымы зерттеудің бағдармалық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес логикалық блоктарға бөлінген бірқатар сұрақтардан тұрады.

Деректерге талдау жүргізуді жеңілдету және сұхбатты қағазға түсіру (транкрипциялау) үшін сұхбат алу кезінде ол аудиожазбаға жазылды. Сұхбаттан соң аудиожазба қағаз бетіне түсірілді және транскрипт жасалды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеу кезеңінің қорытындысы бойынша интервьюерлердің жұмысына бақылау (анкетаның 100% толық толтырылуының дұрыстығына және телефон бойынша 30% бақылау), сондай-ақ деректерді енгізу және өңдеу, код қою жүргізілді.

Алғашқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бірөлшемдік, екіөлшемдік таблицаларды қорытындылау, корреляциялық және кластерлік талдау жүргізу лицензияланған, орыс тіліне өңделген SPSS компьютерлік бағдарламасы арқылы орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Алғашқы социологиялық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

1) деректерді бірөлшемді талдау;
2) деректерді екіөлшемді талдау;
3) корреляциялық талдау.

Социологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың кезеңдері:

1-кезең. Социологиялық сауалнаманы дайындау.

Келесі тармақтар кіретін бағдарламаны әзірлеу:

- проблемалық жағдайды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасау;
- мақсаттар мен міндеттерді қою;
- ұғымдарды операционализациялау;
- гипотезді ұсыну;
- іріктеме жиынтығын жобалау.

Эмпирикалық ақпаратты жинау үшін инструментарийді (анкетаны) әзірлеу:

- анкетаны аудару;
- инструментарийді басқару.

2-кезең. Эмпирикалық материалдарды жинау.

Сауалнаманы ұйымдастыру:

- интервьюерлерді іріктеу, дайындау, нұсқама беру;
- сауалнама учаскелерін бөлу;
- сауалнама бірліктерін іріктеу;
- анкеталарды тарату, сауалнаманы жүргізу және анкеталарды толтыру бойынша нұсқама жүргізу;
- сұхбат өткізу.

3-кезең. Социологиялық деректерге түсінік беру және өңдеу:

Статистикалық деректерді талдау және өңдеу үшін бағдарламада макет әзірлеу (SPSS);

- анкеталарға код қою (респонденттердің ашық жауаптарына код қою);
- анкеталық деректерді енгізу;
- парақ бетін бақылау;
- линиялық есептерді, әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа түрлерін қолдану.

4-кезең. Алынған деректерді талдау.

Алғашқы талдауды жүргізу:

- сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді белгілеу;
- таблицаларды шығару;
- диаграммаларды жасау.

Деректерді екінші рет талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпаратты тарту;

- жаңа болжаулар мен ұсыныстарды беру;
- зерттеудің соңғы есебін дайындау.

II. ЖАСТАРДЫҢ ЖАППАЙ САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

Зерттеуге 14-28 жас аралығындағы азаматтар қатысты: 14-18 жас (35,6%), 19-23 жас (30,6%) және 24-28 жас (33,8%). Респонденттердің гендерлік құрамы: ерлер (49,3%) және әйелдер (50,7%).

Респонденттердің 74,2% – қазақ, 17,7% – орыс ұлтының және 8,1% – басқа этностардың өкілдері.

Жастардың 74,1%-ы туыстарымен немесе ата-аналарымен, 13,6%-ы жалдамалы пәтерде, 12,2%-ы өз пәтерінде/үйінде тұрады.

Зерттеуге қатысу кезінде жастардың басым бөлігі өз отбасыларын құрған жоқ (66,1%), жастардың 28%-ы тіркелген некеде, 3,8%-ы азаматтық некеде тұрады. 73,8% балалары жоқ, үш және одан да көп балалары бар отбасылардың үлесі – 2,7%.

Білім деңгейі бойынша: респонденттердің 11,9%-ы – жоғары, 28,3%-ы – кәсіптік-техникалық, орта арнаулы (колледж, мектеп); 28,2% – орта (11 сынып); 27,5% толық емес орта (9 сынып) білімі бар. Респонденттердің 0,4%-ының магистр дәрежесі, 0,1%-ының ғылыми дәрежесі бар.

Респонденттердің 53,8%-ын ата-анасы қамтамасыз етеді, 24,7%-ы тұрақты емес табысқа ие және 19,7%-ы жұбайының табысымен өмір сүреді.

Респонденттердің 28,7%-ы бір адамға шаққандағы отбасылық орташа табыс 30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін; 23,7% - 60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін; 17,6%-ы 30 000 теңгеге дейінгі кірісті атап өтті.

Сатып алу қабілетіне байланысты әл-ауқат деңгейі бойынша: респонденттердің 55,7%-ы тек қажетті азық-түлік пен киім-кешек сатып алуға, коммуналдық төлемдерді төлеуге ақша жеткілікті екенін, ал жинақтауға ақша қалмайтынын; 16,6% - ақша азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық төлемдерді төлеуге жетпейтінін атап өтті.

1. ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БАҒДАРЛАР, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ

1.1. NEET санатындағы жастардың құндылықтары мен басымдықтары

NEET санатындағы жастардың құндылықтар шкаласында берік және тату отбасын құру бірінші орында (47,1%), бұл құндылықтың маңыздылығы басқаларға қарағанда жоғары.

Осы санаттағы жастардың ең маңызды мақсаттарының рейтингіне материалдық сипаттағы мақсаттар да кірді – «көп ақша табу» (37,9%), «өз үйің, пәтерің болуы» (36,2%), «жақсы, қызықты жұмысқа тұру» (32,6%). Үздік 5 мақсатқа «Денсаулық» мақсаты да кірді (36,5%).

Материалдық емес мақсаттардың екінші тобына мыналар кіреді: жақсы білім алу (30,1%), жақсы және адал достардың болуы (22,4%), адамдарға көмектесу (12,7%), және өзін-өзі іске асыру (11,6%) (№1 кесте).

№1 кесте. «Сіз үшін өмірдегі басты мақсат қандай?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Берік және тату отбасының болу	47,1
Көп ақша табу	37,9
Денсаулық	36,5
Өз үйің, пәтерің болуы	36,2
Жақсы, қызықты жұмысқа тұру	32,6
Жақсы білім алу	30,1
Жақсы және адал достардың болуы	22,4
Адамдарға көмектесу	12,7
Өзін-өзі іске асыру	11,6
Қоғамды мойындату, танымал болу	7,0
Биліктің болуы (жоғары лауазым)	6,1
Тұрмысқа шығу	0,1
Басқа елге көшу	0,1
Жұмыс істемей тұрақты табысқа ие болу	0,1
Жауап беруге қиналамын	0,3

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Талдау барысында респонденттердің негізгі мақсаттары табыс деңгейіне байланысты өзгеретіні анықталды. «Берік және тату отбасы болу» тұрақты мақсат болып қала береді. 30 000 теңгеге дейінгі табысы бар респонденттер өмірдегі басты мақсаттары берік және тату отбасы (48,7%), 41% – денсаулық және 42,5% – жақсы білім алу екенін көрсетеді.

30 001-ден 60 000 теңгеге дейінгі табысы бар адамдардың мақсаттары: 43,2% – берік және тату отбасы болу, 42,3% – көп ақша табу және 37,3% – өз үйі, пәтері болу.

60 001-ден 100 000 теңгеге дейінгі табысы бар адамдардың мақсаттары: 48,2% – берік және тату отбасы болу, 38,9% – өз үйі, пәтері болу және 34,9% – жақсы, қызықты жұмысқа орналасу.

100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейінгі табысы бар адамдар мақсаттары: 47,8% – берік және тату отбасы болу, 33,8% – денсаулық және 30,9% – өз үйі, пәтері болуы.

Жас бойынша корреляцияны талдау «берік және тату отбасы болу» нұсқасының үстемдігі орта (19-23 жас) және үлкен (24-28 жас) жас топтарына тән – 45,2% және 56,9%. Жас топ үшін (14-18 жас) сапалы білім алу маңызды (41,6%).

NEET санатындағы жастардың үлкен тобы үшін «денсаулық» (41,2%), «өз үйіңе, пәтеріңе ие болу» (38,4%) және «көп ақша табу» (38,3%) маңызды.

«Көп ақша табу» (39,3%) және «өз үйің, пәтерің болуы» (36,8%) нұсқаларын орта жастағы топтағы респонденттер атап өтті.

«Берік және тату отбасы болу» (39,5%) және «көп ақша табу» (36,4%) мақсаттары кіші жас тобы (14-18 жас) үшін маңыздырақ (№2 кесте).

№2 кесте. «Сіз үшін өмірдегі басты мақсат қандай?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі, жасы, % *

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін тенге	30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін	60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін	100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Берік және тату отбасының болу	48,7	43,2	48,2	47,8	39,5	45,2	56,9
Жақсы білім алу	42,5	29,6	26,0	26,1	41,6	26,5	21,1
Жақсы, қызықты жұмысқа тұру	35,9	36,1	34,9	25,0	30,8	35,5	31,9
Өз үйің, пәтерің болуы	33,6	37,3	38,9	30,9	33,4	36,8	38,4
Жақсы және адал достардың болуы	21,4	21,1	22,4	26,1	26,3	21,4	19,2
Көп ақша табу	38,5	42,3	34,5	30,1	36,4	39,3	38,3
Биліктің болуы (жоғары лауазым)	3,1	6,3	6,1	11,8	6,6	7,9	3,8
Денсаулық	41,0	32,1	33,8	41,2	33,0	35,2	41,2
Адамдарға көмектесу	12,3	11,3	14,0	11,4	13,8	12,1	12,0
Қоғамды мойындату, танымал болу	4,0	8,9	8,0	7,7	8,4	7,5	4,9
Өзін-өзі іске асыру	6,3	13,9	10,8	11,0	11,1	11,5	12,3
Тұрмысқа шығу	0,0	0,2	0,0	0,4	0,1	0,2	0,0
Басқа елге көшу	0,0	0,0	0,2	0,0	0,0	0,0	0,1
Жұмыс істемей тұрақты табысқа ие болу	0,0	0,0	0,2	0,0	0,0	0,0	0,1
Жауап беруге қиналамын	0,3	0,2	0,0	0,0	0,7	0,2	0,0

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Респонденттердің жауаптары олардың өмірде табысқа жетуі үшін ең маңыздысы – отбасы, балалары (38,2%), сенімді достары (27,3%), сонымен қатар денсаулық (24,9%) және байлық (24,0%) екенін көрсетеді.

Өзін-өзі іске асыру және тартымды келбет, харизма сәйкесінше 0,1% және 2,7% деп белгіленді (№3 кесте).

№3 кесте. «Сіз өмірде жетістікке жету үшін нені бәрінен маңызды санайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %*

Жауап нұсқалары	%
Отбасын құрып, балалы болу	38,2
Адал достардың болуы	27,3
Мықты денсаулық	24,9
Байлық	24,0
Қызықты жұмыс	21,8
Жақсы білім	16,6
Ақыл, дарын, қабілеттер	11,6
Байланыстар, таныстар	8,6
Әйгілі, танымал болу	8,0
Адалдық, табандылық, мейірім	6,4
Биліктің болуы (жоғары лауазым)	4,1
Тартымды келбет, харизма	2,7
Өзін өзі іске асыру	0,1
Жауап беруге қиналамын	0,2

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Кіші жас тобындағы жастар (23,6%), үлкен жас топтарындағы жастарға қарағанда екі есе дерлік көп (13,4% және 12,0%), өмірде табысқа жету үшін жақсы білім маңызды екенін атап өтті.

Дегенмен, жасы ұлғайған сайын отбасы мен балалардың болуы өмірде табысқа жетудің маңызды факторлары контекстінде қарастырылады.

Байланыстарды, таныстарды өмірде жетістікке жетудің маңызды факторы ретінде барлық үш жас санатындағы жастардың салыстырмалы түрде аз және шамамен бірдей саны қабылдайды.

NEET санатындағы қалалық және ауылдық жастардың жауаптары арасында табысқа жету факторларына қатысты айтарлықтай айырмашылықтар жоқ (№4 кесте).

№4 кесте. «Сіз өмірде жетістікке жету үшін нені бәрінен маңызды санайсыз?» деген сұраққа жауаптардың жасына, елді мекен түріне, %*

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қала	Ауыл
Отбасын құрып, балалы болу	29,6	41,9	43,9	38,8	37,4
Адал достардың болуы	28,5	25,5	27,5	27,2	27,3
Байлық	24,6	24,5	22,9	25,2	22,4
Әйгілі, танымал болу	9,6	7,9	6,4	8,2	7,7
Қызықты жұмыс	19,2	25,4	21,3	24,4	18,4
Биліктің болуы (жоғары лауазым)	5,9	3,4	2,7	3,6	4,6
Жақсы білім	**23,6**	13,4	12,0	14,4	19,3
Мықты денсаулық	23,7	23,7	27,2	23,2	27,1
Байланыстар, таныстар	8,7	8,8	8,1	9,1	7,8
Ақыл, дарын, қабілеттер	13,2	10,0	11,4	11,8	11,3
Адалдық, табандылық, мейірім	3,9	6,7	8,7	5,6	7,4
Тартымды келбет, харизма	3,1	3,3	1,8	3,6	1,6

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

1.2. Өмірдің әртүрлі аспектілеріне қанағаттану

Респонденттердің көпшілігі (79,3%) қазіргі өмірлеріне қанағаттанатынын атап өтті. 19,3% немесе әрбір бесінші адам қазіргі кездегі өмірлеріне қанағаттанбайтынын атап өтті.

Тек 3,1% - мүлдем қанағаттанбайды (№1 диаграмма).

№1 диаграмма. «Сізге жалпы қазіргі өміріңіз ұнайды ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Білім беру бөлінісіндегі жауаптардың нәтижелері аяқталмаған орта білімі бар (9 сынып) респонденттердің өз өмірлеріне ең аз қанағаттанғанын көрсетеді (23,5%) (№5 кесте).

№5 кесте. «Сізге жалпы қазіргі өміріңіз ұнайды ма?» деген сұраққа жауаптарды білім деңгейі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	Аяқталмаған орташа (9 сынып)	Орташа (11 сынып)	Кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, мектеп)	Аяқталмаған жоғары	Жоғары
Толығымен ұнайды	22,7	28,2	31,2	25,4	28,5
Дәлірегі, ұнайды	53,0	52,5	47,8	54,9	55,2
Дәлірегі, ұнамайды	18,1	14,5	17,6	16,9	12,6
Мүлдем ұнамайды	5,4	2,1	1,9	2,8	2,9
Жауап беруге қиналамын	0,7	2,7	1,4	0,0	0,8

60 000 теңгеге дейінгі табысы бар респонденттердің өз өмірлеріне қанағаттанбаушылығын атап өтті – 20,2%-22,5%.

Жас ерекшелігі бойынша өз өміріне қанағаттанғандар 14-18 жас аралығындағы жастар (81,3%), ең аз қанағаттанғандар 19-23 жас аралығындағы респонденттер (21,4%).

Елді мекеннің түрлері бойынша жауаптардың корреляциясы ауылдық жерлерде тұратын NEET санатындағы жастардың көп жағдайда (83,4%) қалалық (76%) қарағанда өз өмірлеріне қанағаттанатынын көрсетеді (№6 кесте).

№6 кесте. «Сізге жалпы қазіргі өміріңіз ұнайды ма?» деген сұраққа берілген жауаптардың кіріс деңгейі, жасы және елді мекен түрі бойынша, %

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін	30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін	60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін	100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қала	Ауыл
Толығымен ұнайды	27,4	22,6	34,7	26,5	29,1	27,2	26,3	23,8	32,4
Дәлірегі, ұнайды	51,0	53,8	50,7	58,1	52,2	50,4	52,3	52,2	51,0
Дәлірегі, ұнамайды	16,8	19,0	11,4	12,1	14,0	18,0	16,8	18,9	12,7
Мүлдем ұнамайды	3,4	3,5	3,0	2,6	2,9	3,4	3,0	4,1	1,8
Жауап беруге қиналамын	1,4	1,0	0,2	0,7	1,7	1,0	1,6	1,0	2,1

NEET санатындағы жастардың көпшілігі отбасындағы және достарымен қарым-қатынасына қанағаттанатынын білдіреді (сәйкесінше 92,6% және 94,6% жауап нұсқалары «толығымен қанағаттанамын» және «біршама қанағаттанамын»). Сондай-ақ, медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы (15,6%), сондай-ақ әкімдіктің тұрғылықты қаладағы немесе ауылдағы қызметі (15%) сияқты өмір салаларына қанағаттанғандығын көрсеткен респонденттердің ең аз санын атап өткен жөн.

Толық қанағаттанбаушылық тудыратын өмір салаларының ішінде респонденттер бос уақытты (14,4%), білім беруді (12,4%), абаттандыруды (11,8%) және спорт ғимараттарының болуын (11,5%) көбірек атап өтті (№7 кесте).

№7 кесте. «Өміріңіздің келесі салаларына қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	Толығымен қанағаттанамын	Дәлірегі, қанағаттанамын	Дәлірегі, қанағаттан-баймын	Мүлдем қанағаттанбай-мын	Жауап беруге қиналамын
Отбасы ішіндегі қатынастар	63,5	29,1	5,8	1,4	0,2
Достармен қарым-қатынас	56,1	38,5	4,5	0,6	0,3
Тұрғын үй жағдайлары	35,5	37,2	22,3	4,5	0,5
Өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктері	23,8	35,5	29,9	8,8	2,0
Отбасыңыздың кіріс деңгейі	21,5	34,5	33,5	9,1	1,4
Сіз тұратын қалада/ауылда медициналық қызметтің спорттық мекемелерінің қолжетімділігі	15,6	38,9	33,1	9,5	2,9
Сіз тұратын қалада/ауылда спорттық мекемелерінің қолжетімділігі	19,0	37,9	29,1	11,5	2,5
Сіз тұратын қалада/ауылда демалыс саласының дамуы	16,3	33,3	33,7	14,4	2,3
Сіз тұратын қалада/ ауылда білім алу қолжетімділігі мен сапасы	16,0	37,6	29,9	12,4	4,1
Сіз тұратын қаланы/ ауылды абаттандыру	17,8	39,0	28,9	11,8	2,5
Сіз тұратын қала/ауыл әкімдігінің қызметі	15,0	38,4	27,6	8,6	10,4

Респонденттердің табыс деңгейі олардың отбасындағы және достарымен қарым-қатынасы, өзін-өзі таныту мүмкіндіктері, медициналық қызмет көрсету мен спорт мекемелерінің қолжетімділігі мен сапасы, бос уақыт саласын дамыту, білім берудің қолжетімділігі мен сапасы, тіпті елді мекенді абаттандыру деңгейі сияқты өмір салаларына қанағаттану деңгейінде көрінеді. Сонымен, табыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қанағаттану деңгейі соғұрлым жоғары болады деген байланыс анықталды. Мысалы, айына 100 000 теңгеден 300 000 теңгеге дейінгі табысы бар респонденттердің 47,4%-ы тұрғын үй жағдайына қанағаттанған, бұл табысы 30 000 теңгеге дейінгі респонденттерге (19,1%) қарағанда 2,5 есе дерлік жоғары.

Осылайша, NEET санатындағы жастардың табысының жоғары деңгейінің болуы оларға табысы төмен жастарға қарағанда өмірдің барлық аспектілері туралы шындықты басқаша, оң қабылдауға мүмкіндік береді деп айтуға болады (№8 кесте).

№8 кесте. «Өміріңіздің келесі салаларына қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары («толығымен қанағаттанамын»)	**30 000 теңгеге дейін**	**30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін**	**60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін**	**100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін**
Отбасындағы қарым-қатынастар	58,4	56,8	**66,4**	**78,3**
Достармен қарым-қатынас	53,0	47,7	**59,6**	**66,2**
Тұрғын үй жағдайлары	19,1	27,2	**44,6**	**47,4**
Өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктері	15,1	20,9	**31,5**	**28,3**
Отбасыңыздың кіріс деңгейі	12,0	16,6	**27,7**	**31,3**
Сіз тұратын қалада/ауылда медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасы	11,7	14,1	**19,0**	**21,0**
Сіз тұратын қалада/ауылда спорттық мекемелерінің қолжетімділігі	14,5	17,4	**23,3**	**22,8**
Сіз тұратын қалада/ауылда демалыс саласының дамуы	7,7	14,8	**21,6**	**21,3**
Сіз тұратын қалада/ ауылда білім алу қолжетімділігі мен сапасы	10,5	13,9	**22,2**	**19,1**
Сіз тұратын қаланы/ ауылды абаттандыру	11,4	16,2	**21,1**	**20,6**
Сіз тұратын қала/ауыл әкімдігінің қызметі	9,4	13,9	**21,1**	**19,1**

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ауыл жастары қалалықтарға қарағанда отбасылық қарым-қатынас (74,1%), достарымен қарым-қатынас (61,4%), тұрғын үй жағдайлары (39,9%), өзін-өзі таныту мүмкіндіктері (29,1%), отбасылық табыс деңгейі (25,1%), медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы (18,1%) сияқты өмір салаларына толық қанағаттанғандықтарын көрсетті. Сондай-ақ, ауылдық жерлердегі жастар білім берудің қолжетімділігі мен сапасына (17,6%), ауылды абаттандыруға (18,8%), ауыл әкімдігінің қызметіне (18,3%) толық қанағаттанғандығын атап өтті (№9 кесте).

№9 кесте. «Өміріңіздің келесі салаларына қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен түрлері бойынша таралуы %

Жауап нұсқалары		**Қала**	**Ауыл**
Отбасындағы қарым-қатынастар	Толығымен қанағаттанамын	55,2	**74,1**
Достармен қарым-қатынас	Толығымен қанағаттанамын	51,9	**61,4**
Тұрғын үй жағдайлары	Толығымен қанағаттанамын	32,0	**39,9**
Өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктері	Толығымен қанағаттанамын	19,7	**29,1**
Отбасыңыздың кіріс деңгейі	Толығымен қанағаттанамын	18,7	**25,1**
Сіз тұратын қалада/ауылда медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасы	Толығымен қанағаттанамын	13,6	**18,1**
Сіз тұратын қалада/ауылда спорттық мекемелерінің қолжетімділігі	Толығымен қанағаттанамын	19,3	18,6
Сіз тұратын қалада/ауылда демалыс саласының дамуы	Толығымен қанағаттанамын	16,7	15,9
Сіз тұратын қалада/ ауылда білім алу қолжетімділігі мен сапасы	Толығымен қанағаттанамын	14,7	**17,6**
Сіз тұратын қаланы/ ауылды абаттандыру	Толығымен қанағаттанамын	17,0	**18,8**
Сіз тұратын қала/ауыл әкімдігінің қызметі	Толығымен қанағаттанамын	12,3	**18,3**

Сонымен қатар, ауыл жастары қалалықтарға қарағанда бос уақыт саласының дамуына (жалпы қанағаттанбағандар – 58,6%), спорт мекемелерінің қолжетімділігіне (жалпы қанағаттанбағандар – 48,6%), елді мекенді абаттандыруға (жалпы қанағаттанбағандар – 47,9%) аз дәрежеде қанағаттанады (№10 кесте).

№10 кесте. «Өміріңіздің келесі салаларына қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен түрлері бойынша таралуы %

Жауап нұсқалары		**Қала**	**Ауыл**
Сіз тұратын қалада/ауылда спорттық мекемелерінің қолжетімділігі	Толығымен қанағаттанамын	19,3	18,6
	Дәлірегі, қанағаттанамын	43,7	30,3
	Дәлірегі, қанағаттанбаймын	24,0	**35,6**
	Мүлдем қанағаттанбаймын	10,3	**13,0**
	Жауап беруге қиналамын	2,8	2,4
Сіз тұратын қалада/ауылда демалыс саласының дамуы	Толығымен қанағаттанамын	16,7	15,9
	Дәлірегі, қанағаттанамын	40,1	24,4
	Дәлірегі, қанағаттанбаймын	28,7	**40,0**
	Мүлдем қанағаттанбаймын	11,2	**18,6**
	Жауап беруге қиналамын	3,3	1,0
Сіз тұратын қаланы/ ауылды абаттандыру	Толығымен қанағаттанамын	17,0	18,8
	Дәлірегі, қанағаттанамын	44,7	31,6
	Дәлірегі, қанағаттанбаймын	25,3	**33,5**
	Мүлдем қанағаттанбаймын	9,8	**14,4**
	Жауап беруге қиналамын	3,3	1,7
Сіз тұратын қала/ауыл әкімдігінің қызметі	Толығымен қанағаттанамын	12,3	**18,3**
	Дәлірегі, қанағаттанамын	41,4	34,4
	Дәлірегі, қанағаттанбаймын	24,7	**31,5**
	Мүлдем қанағаттанбаймын	9,0	8,1
	Жауап беруге қиналамын	12,6	7,7

1.3. Болашақты елестетудегі қорқыныш пен үміт

NEET санатындағы жастардың 77,4% орталарында ресми түрде жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар бар («бірнеше адам бар» және «бар, көп адам» деген жауап нұсқалары). 20,3% ондай таныстары жоқ екенін атап өтті (№2 диаграмма).

№2 диаграмма. «Сіздің таныстарыңыздың арасында ресми білім алмайтын және жұмыс істемейтін жастар бар ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Психологиялық көзқарасқа келетін болсақ, NEET санатындағы жастардың 59,1% болашаққа үміт пен сенімділікпен қарайды. Респонденттердің 18,6%, керісінше, алаңдаушылық және қорқынышты сезінеді.

Сауалнамаға қатысқандардың 9,2%- ы бір жылдан кейінгі өздерінің болашағы туралы ойлана отырып, немқұрайлылық пен шарасыздықты сезінеді немесе болашақ туралы мүлдем ойламайды (11,1%) (№3 диаграмма).

№3 диаграмма. «Сіз бір жылдан кейінгі болашағыңыз туралы ойлағанда көбінесе қандай сезімде боласыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Жасы бойынша үмітсіздік сияқты сезімдерді (1,8%) кіші жас тобындағы респонденттердің ең азы байқаса, 12,6% болашақты ойламайтынын атап өтті. «Үміт» жауап нұсқасын барлық жас топтарындағы респонденттердің көпшілігі таңдады (33,3%-39,4%). Үлкен және орта жастағы топтардағы респонденттердің 21,6% және 19,8% болашаққа алаңдаушылықпен қарайды (№11 кесте).

№11 кесте. «Сіз бір жылдан кейінгі болашағыңыз туралы ойлағанда көбінесе қандай сезімде боласыз?» деген сұраққа жауаптардың жас бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**14-18 жас**	**19-23 жас**	**24-28 жас**
Сенімділік	25,3	23,6	18,9
Үміт	33,3	37,2	39,4
Немқұрайлық	9,3	5,6	5,2
Алаңдаушылық, қорқыныш	14,9	19,8	21,6
Шарасыздық	1,8	3,3	2,5
Болашақ туралы ойламаймын	12,6	8,7	11,7
Жауап беруге қиналамын	2,8	2,0	0,7

NEET санатындағы жастардың ең күшті қорқыныштарының бестігі: жақын адамынан айырылу, өз әлеуетін іске асыра алмау (31%), кедей болудан қорқу (28,5%) және өмір немесе денсаулық үшін қорқу (26,1%).

Сонымен қатар, жастардың 11%-ы болашақ туралы ойламайтындықтарын атап өтті, шын мәнінде бұл жастардың ертеңгі күнмен байланысты ең үлкен қорқыныштары психоэмоционалды және әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрғысынан жоғары тәуекел аймағында екендігімен байланысты (№ 4 диаграмма).

№4 диаграмма. «Болашағыңыз туралы ойлағанда, қандай жағдай Сізді бәрінен көп алаңдатады?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*



**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

1.4. Дінге деген көзқарас

Респонденттердің 75,6% ислам дінін ұстанамын деп жауап берді. Респонденттердің 16,3%-ы өздерін православие санайды, 7,4%-ы атеист екенін мәлімдеді. Пантеизм, баптизм және буддизм сияқты дін салалары респонденттердің 0,1% ұстанады (№5 диаграмма).

№5 Диаграмма. «Өзіңізді қай дінге жатқызасыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы,%



Елді мекен түрі бойынша қалалық респонденттер арасында атеисттердің басым екендігін атап өтуге болады, ал ауылдық жерлерде – 3,4%.

Ауыл жастары арасында өздерін «ислам» дініне жатқызатындар да көп – 82,6% (№12 кесте).

№12 кесте. «Өзіңізді қай дінге жатқызасыз?» деген сұраққа жауаптардың елді мекеннің түрі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Ислам	70,2	82,6
Православие	18,2	13,7
Ешқандай	10,5	3,4
Буддизм	0,2	0,0
Баптист	0,1	0,1
Пантеизм	0,1	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,8	0,1

Сонымен қатар, NEET санатындағы жас респонденттердің тек 14,4%-ы өз дінінің барлық қағидаттарын немесе ережелерін сақтайды. Олардың көпшілігі оларды ішінара ғана сақтайды (65,4%), ал 18,1% ешқандай қағидаттарды мүлдем сақтамайды (№6 диаграмма).

№6 диаграмма. «Сіз өз дініңіздің ережелерін (қағидаттарын) ұстанасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Елді мекен түрлері бойынша корреляция қалалық жерлерде тұратын NEET жастарының (67,4%) кейбір ережелерді ғана сақтайтынын көрсетеді, ал ауылдық жерлерде 62,9%. Ауыл жастары арасында әрбір бесінші адам ешқандай қағидаттарды (20,5%) мүлдем сақтамайтынын, қала тұрғындарының арасында осындай позицияны ұстанатындар 16,2%-ға аз екенін мәлімдеді (№13 кесте).

№13 кесте. «Сіз өз дініңіздің ережелерін (қағидаттарын) ұстанасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың елді мекеннің түрлері бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Барлық қағидаттарын ұстанамын	14,1	14,7
Кейбір қағидаттарын ғана ұстанамын	67,4	62,9
Ешқандай қағидаттарды ұстанбаймын	16,2	20,5
Жауап беруге қиналамын	2,3	1,9

2. ЖАСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА КӨЗҚАРАС

2.1. NEET жастарының өзекті мәселелері

NEET санатындағы респонденттердің тек 24,9%-ы өз бетінше шеше алмайтын мәселелері жоқ екенін атап өтті.

NEET санатындағы жастардың көп бөлігі (72,4%) қандай да бір жиілікте көмекке мұқтаж, өз бетінше шеше алмайтын жағдайларға тап болады (№7 диаграмма).

№7 диаграмма. «Сіздің өміріңізде өздігіңізден шеше алмайтын және қолдауды қажет ететін мәселелер бар ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Көбінесе кіші жастағы (14-18 жас) жастар (16,2%) үнемі өз бетінше шеше алмайтын мәселелерге тап болатынын айтады. Мұндай жағдайлардың орташа жас тобында аз (9,5%) болады (№14 кесте).

№14 кесте. «Сіздің өміріңізде өздігіңізден шеше алмайтын және қолдауды қажет ететін мәселелер бар ма?» деген сұраққа жауаптардың жас бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Иә, менде ылғи өзім шеше алмайтын мәселелер туындап отырады	16,2	9,5	10,5
Иә, менде мұндай жағдайлар болып тұрады	56,0	61,9	63,1
Менде өзім шеше алмайтын мәселелер жоқ	24,4	26,5	23,9
Жауап беруге қиналамын	3,4	2,1	2,5

Өмірлік қиын жағдайда жас респонденттер, ең алдымен, ата-аналарына (62,8%), әлдеқайда аз – отбасының басқа мүшелеріне (25%), сондай-ақ таныс достарына (29,2%) жүгінеді.

Ең аз жүгінулер бойынша жауаптар: әкімдікке (0,6%) және психологқа (2,4%). «Мен ешкімге жүгінбеймін» жауап нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың 12,8%-ы таңдады (№8 диаграмма).

№8 диаграмма. «Өмірлік қиын жағдайда кімнің көмегіне жүгінесіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Білім деңгейі бойынша жауаптардың арақатынасы қиын өмірлік жағдайларда толық емес орта білімі бар респонденттердің көпшілігі (70,1%) және толық емес жоғары білімі бар респонденттердің жартысынан сәл астамы (50,7%) ата-аналарының көмегіне жүгінетінін көрсетеді. Респонденттердің барлығы дерлік, білім деңгейіне қарамастан, әкімдікке (0%-1,1%) және психологтарға (1,8%-3,3%) ең аз жүгінеді (№15 кесте).

№15 кесте. «Өмірлік қиын жағдайда кімнің көмегіне жүгінесіз?» деген сұраққа жауаптардың білімі бойынша таралуы, % *

Жауап нұсқалары	**Аяқталмаған орташа (9 сынып)**	**Орта (11 сынып)**	**Кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)**	**Аяқталмаған жоғары**	**Жоғары**
Ата-анама	70,1	61,0	62,3	50,7	55,2
Жұбайыма, сүйікті адамыма	13,8	20,6	25,0	28,2	39,3
Бауырларыма, басқа туыстарыма (ата-анасы мен жұбайынан басқа)	26,3	26,4	22,8	25,4	24,3
Достарыма, таныстарыма, әріптестеріме	28,5	34,0	27,5	23,9	25,1
Психологқа	1,8	2,7	2,1	2,8	3,3
Әкімдікке	1,1	0,4	0,5	0	0,4
Ешкімнен көмек сұрамаймын	10,7	14,5	13,6	8,5	12,6
Жауап беруге қиналамын	0,9	1,8	0,9	2,8	2,1

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Респонденттердің 63,8%-ы тұрақты жұмысы немесе оқуы жоқ деп алаңдайды («иә» және «дәлірегі, иә» жауап нұсқалары). 36,2% бұл туралы алаңдамайды («жоқ» және «дәлігері, жоқ» жауап нұсқалары) (№9 диаграмма).

№9 диаграмма. «Сізді тұрақты жұмысыңыздың жоқтығы/еш жерде оқымайтыңыз Сізді алаңдатады ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



NEET санатындағы жастарды алаңдататын ең маңызды мәселелер рейтингінде азық-түліктің жоғары бағасы (49,9%), жұмыссыздық (38,9%), табыстың төмен деңгейі (38,7%), білім берудің жоғары құны (34,4%), сондай-ақ жеке тұрғын үйдің болмауы (20,3%).

Жастар ең аз алаңдайтын мәселелер: жолдардың сапасыздығы (5,0%), кез келген уақытта ауылдан шығу мүмкіндігінің болмауы (5,0%), кредиттер бойынша борыштық міндеттемелер (5,0%) және жоғары жылдамдықты Интернетке, сапалы ұялы байланысқа (3,8%) қолжетімділіктің болмауы. Жас респонденттердің 0,3%-ы оларды ешқандай мәселе мазаламайтынын атап өтті (№16 кесте).

№16 кесте. «Төменде аталған мәселелердің қайсысы Сізді бәрінен бұрын алаңдатады?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Азық-түлік, халық тұтынатын тауарлардың қымбаттығы	49,9
Жұмысқа орналасудың қиыншылығы, жұмыссыздық	38,9
Кіріс деңгейінің төмендігі (төмен жалақы, стипендия және т.б.)	38,7
Жоғары білімнің қымбаттығы	34,4
Өз үйіннің жоқтығы	20,3
Ертеңгі күнге деген сенімнің болмауы	15,9
Сыбайлас жемқорлық	12,7
Мәдениет деңгейінің төмендігі, жастардың рухсыздығы	12,3
Жеке өмірдің реттелмеуі	11,8
Білім сапасының төмен болуы	10,7
Медициналық қызмет сапасының төмен болуы	10,2
Нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік және темекі тарту	10,1
Ата-анамен/аға буынмен жанжалдар, ағайын мен жақындар арасындағы түсінбеушілік	9,4
Жастардың демалыс мәселелері, бос уақыт өткізетін орындар жоқшылығы	9,3
Жастар арасындағы діни экстремизм	7,5
Экологиялық мәселелер	6,8
Денсаулық мәселесі, шаршау, зорығу	6,6
Жастарды қылмыстық топтарға тарту	6,6
Жеке қауіпсіздік қатері (түнде көшеде жүру қорқынышты және т.б.)	6,2
Жолдар сапасының нашар болуы, қалаған уақытта ауылдан шығу мүмкіндігінің жоқтығы	5,0
Несие бойынша борыштық міндеттемелер	5,0
Жоғары жылдамдықты интернет, сапалы мобильді байланыстың қолжетімсіздігі	3,8
Ешқандай	0,3
Жауап беруге қиналамын	1,5

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

2.2. Девиантты мінез-құлыққа деген көзқарас

Респонденттердің көпшілігі (75,3%) толық отбасында өскен, оларды ата-анасының екеуі де тәрбиеленген. 19,2% толық емес отбасында өскенін немесе өсіп келе жатқанын атап өтті (ата-анасының біреуі тәрбиелейді).

4,4% әжесі (атасы) немесе басқа туыстарының қолында тәрбиеленгенін атап өтті. Респонденттердің 0,7%-ы балалар үйінде/интернатта тәрбиеленді немесе өсті (№ 10 диаграмма).

№10 диаграмма. «Балалық шағыңыздағы жағдайды анығырақ сипаттайтын жауаптың нұсқасын» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Респонденттердің 8,1%-ы отбасында үнемі ұрыс-керіс пен жанжал болатынын атап өтті. Жастардың 5%-ы ұзақ уақыт бойы үйлерінде бейтаныс адамдардың болғанын растайды. Респонденттердің 4,1%-ы өздерінің атына балағат сөздерді естиді. Сондай-ақ, респонденттер ата-аналардың алкогольді ішімдіктерді жиі қолданатынын (4,1%), отбасы мүшелері арасындағы төбелесті (2,4%) және есірткіні қолдануды (0,4%) атап өтті.

NEET санатындағы жастардың көпшілігі (82,7%) отбасыларында жоғарыда аталған жағдайлардың болуын жоққа шығарады (№11 диаграмма).

№11 диаграмма. «Айтыңызшы, отбасыңызда мына жағдайлардың қайсысы болып тұрады» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Жастар өздерінің денсаулық деңгейіне айтарлықтай оптимистік көзқараспен қарайды, сондықтан 60% өздерін толығымен сау деп санайды. Жас респонденттердің 9,5% созылмалы аурулары бар, бірақ асқынулар жоқ. Тек 1,7% созылмалы аурулардың өршуімен ауырады. 27,6% денсаулығының кейбір проблемалары бар (көру қабілетінің төмендеуі, төзімділіктің төмендігі және т.б.). Респонденттердің 0,5%-ы мүгедектігі бар және емдеуді қажет етеді (№12 диаграмма).

№12 диаграмма. «Сіз денсаулық жағдайыңызды қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



NEET жастарының девиантты мінез-құлықтың әртүрлі нысандарына тартылу дәрежесін анықтау үшін жас респонденттерге «Сіз келесі әрекеттерді қаншалықты жиі жасайсыз және оларға қалай қарайсыз?» деген сұрақ қойылды. Темекі шегу, алкоголизм, нашақорлық, құмар ойындарға тәуелділік, әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану және т.б. сияқты ауытқудың құрамдас бөліктері қарастырылды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігі ешқашан девиантты мінез-құлықтың әртүрлі формаларын өздері жасамағанын және қатаң түрде айыптайтынын көрсетті. Осылайша, респонденттердің 84,5% өздері ешқашан есірткіні, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD қолданбаған және оны айыптайды; басқа ұлт өкілдеріне ашық араздық таныту (82,2%); ұрлық, қаржылық алаяқтық (80,6%); жануарларға қатыгездік (79,5%).

Респонденттер мұндай жағдайларды бірнеше рет жасағанын, бірақ оны дұрыс емес деп санайтынын атап өтті: мектепте/колледжде/ЖОО-да мінез-құлық ережесін бұзу (сабақты жіберу, қатыспау, тапсырмаларды орындаудан бас тарту) (21,5%) және көргенсіздік, дөрекілік, балағат сөздер (21,2 %).

Респонденттердің 54,8%-ы мұны жиі жасайды және әлеуметтік желілерде уақыт өткізуді қалыпты жағдай деп санайды (№17 кесте).

№17 кесте. «Сіз мына әрекеттерді қаншалықты жиі жасайсыз және оларға қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Әлеуметтік әрекет	**Ешқашан жасаған емеспін, үзілді-кесілді қарсымын**	**Ешқашан жасаған емеспін, бірақ мұны әркімнің жеке ісі деп санаймын**	**Бірнеше рет жасап көрдім, бірақ мұны дұрыс емес деп санаймын**	**Бірнеше рет жасадым, бірақ мұны жаман деп санамаймын**	**Жиі жасаймын, қалыпты деп санаймын**	**Жауап беруге қиналамын**
Темекі шегу, оның ішінде электрондық темекі немесе вейп	41,0	25,4	12,5	7,7	13,0	0,4
Күшті спирттік ішімдіктер ішу	43,1	25,7	15,0	12,1	3,7	0,4
Тұз, спайс, қышқылды қолдану	68,8	19,5	2,5	1,4	5,9	1,9
Есірткі тұтыну, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD	**84,5**	13,6	1,0	0,1	0,2	0,6
Құмар ойындары (ұтыс тігу және т.б.)	68,3	22,2	6,3	1,5	0,8	0,9
Әлеуметтік желілерде уақыт өткізу	20,4	8,4	4,5	11,2	**54,8**	0,7
Мектепте/колледжде/ЖОО-да мінез-құлық ережесін бұзу (сабақты жіберу, қатыспау, тапсырмаларды орындаудан бас тарту)	47,7	22,6	**21,5**	5,1	0,9	2,2
Көргенсіздік, дөрекілік, балағат сөздер	55,7	17,3	**21,2**	4,3	0,6	0,9
Төбелесу, дене жарақаттарын салу	63,5	17,5	15,3	2,5	0,3	0,9
Жануарларға қатыгездік	**79,5**	16,5	3,4	0,2	-	0,4
Пара беру	72,4	20,1	4,7	0,7	0,2	1,9
Салықтан жалтару	74,3	20,3	2,1	0,5	0,1	2,7
Ұрлық, қаржылық алаяқтық	**80,6**	15,6	1,5	0,1	0,1	2,1
Басқа ұлт өкілдеріне ашық араздық таныту	**82,2**	14,4	1,8	0,1	0,1	1,4
Жыныстық қатынасты ерте бастау	54,2	34,3	3,7	1,4	1,5	4,9
Басқаларды кемсіту	78,3	17,1	3,2	0,2	0,1	1,1
«Мен мұндалаған» киім кию	56,7	34,7	3,3	1,9	0,8	2,6
Саяси митингтерге қатысу	61,1	32,7	1,7	0,4	0,3	3,8
Әскери борыштан жалтару	60,9	28,6	2,3	0,6	0,7	6,9

3. ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

3.1. Мектеп кезеңіндегі белсенділік

Респонденттердің тек 1,7%-ы нашар оқығанын және нашар бағалары үшін мектептен шығарылғанын атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың 61,5%-ы «жақсы» және «өте жақсы», қанағаттанарлық, 36,5%-ы «үштікке» оқыды. Осылайша, оқу жетістіктерінің деңгейі мен бүгінгі таңда жастардың жұмыс істемейтіні және оқымайтындығы, яғни NEET санатында болуы арасында корреляция байқалмайды (№13 диаграмма).

№13 диаграмма. «Мектепте оқу үлгеріміңіз қандай болды?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Орта, кәсіптік, арнайы орта, аяқталмаған жоғары және жоғары білімі бар респонденттердің көпшілігі мектепте үлгерімі жақсы болғанын атап өтті. Аяқталмаған орта білімі бар адамдар көп жағдайда мектепте «қанағаттанарлық» деңгейде (47,4%) үлгерімге ие болды.

Нашар үлгерімі үшін оқудан шығарылғанын атап өткендердің ішінде толық емес жоғары білімі барлар (7,0%), сонымен қатар толық емес орта білімі барлар 2,4% (№18 кесте).

№18 кесте. «Мектепте оқу үлгеріміңіз қандай болды?» деген сұраққа жауаптардың білім деңгейі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	Аяқталмаған орта мектеп (9 сынып)	Орта-мектептің 11 сыныбы	Кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)	Аяқталмаған жоғары	Жоғары оқу орнын бітірген
Өте жақсы оқыдым	8,0	13,3	7,8	18,3	24,3
Жақсы оқыдым	41,9	53,2	51,3	47,9	55,6
Орташа оқыдым	47,4	31,6	40,2	26,8	18,0
Нашар оқыдым, нашар баға алғаным үшін мектептен шығарылдым	2,4	1,4	0,7	7,0	1,3
Жауап беруге қиналамын	0,3	0,5	0,0	0,0	0,8

Респонденттердің көпшілігі мектепте мұғалімдермен және сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста болғанын атап өтті (48,2%). Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі қарым-қатынастың жақсы болғанын, бірақ кейде жанжалдар болғанын (43,6%) атап өтті. Респонденттердің 7,5% оқу процесінде үнемі жанжалдарға тап болды (№14 диаграмма).

№14 диаграмма. «Мектепте (мұғалімдермен, сыныптастармен) қарым-қатынас қандай болды?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Тұрғылықты жерінің түрі бойынша жақсы және жанжалсыз қарым-қатынастар қала жастарына қарағанда ауыл жастарына (тиісінше 57,7% және 40,9%) тән екені атап өтілді. Сондай-ақ, қала жастары ауыл жастарына қарағанда тұрақты негізде жанжалдарға тап болды-қала жастарының 9,1%-ы «оқу процесінде үнемі жанжалдар болғанын» атап өтті (№19 кесте).

№19 кесте. «Мектепте (мұғалімдермен, сыныптастармен) қарым-қатынас қандай болды?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен түрі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**Қала**	**Ауыл**
Мектепте үнемі жақсы қарым-қатынаста болдым	40,9	57,7
Жалпы қарым-қатынас жақсы, бірақ кейде жанжалдар болып тұрды	49,3	36,3
Оқу барысында үнемі жанжалдар болып тұратын	9,1	5,4
Жауап беруге қиналамын	0,7	0,6

Респонденттердің арасында жүйелі түрде мектептен тыс үйірмелерге респонденттердің жалпы санының 23,6% немесе төрттен бірінен азы қатысты. Респонденттердің 42,4%-ы мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға тұрақты емес немесе бірнеше рет қатысқан. Тағы үштен бірі (33,4%) ешқашан мектептен тыс үйірмелерге немесе секцияларға қатыспаған (№15 диаграмма).

№15 диаграмма. «Мектептен тыс үйірмелерге, секцияларға қатыстыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Тұрақты негізде мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға қатысқан респонденттердің ішінде жоғары білімі бар адамдар (40,6%) көп қатысады. Аяқталмаған орта, орта, кәсіптік-техникалық және аяқталмаған жоғары білімі бар адамдар көбінесе мектептен тыс секциялар мен үйірмелерге тұрақты емес негізде қатысқандарын айтты (№20 кесте).

№20 кесте. «Мектептен тыс үйірмелерге, секцияларға қатыстыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың білім деңгейі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**Аяқталмаған орта мектеп 9 сынып**	**Орта мектеп 11 сынып**	**Кәсіптік-техникалық, арнаулы орта колледж, училище**	**Аяқталмаған жоғары**	**Жоғары оқу орнын бітірген**
Иә, үнемі үйірмелерге, секцияларға баратынмын	15,8	20,6	26,3	28,2	40,6
Бірнеше рет бардым, тұрақты емес	42,6	45,4	41,3	39,4	38,1
Мектептен тыс ұйымдарға барып көрген емеспін	40,8	32,8	32,3	32,4	20,5
Жауап беруге қиналамын	0,8	1,2	0,1	0,0	0,8

Респонденттердің жартысына жуығы толық емес орта білімі бар: 45,4% 9 сыныпты бітірді, 2,1% 9 сыныпты бітірмеді және мектептен шығарылды, 1,2% 9 сыныпты бітірмеді, бірақ денсаулығына байланысты мектепті тастауға мәжбүр болды. Сауалнамаға қатысқандардың екінші жартысы (51,0%) барлық 11 сыныпты бітірді (№16 диаграмма).

№16 диаграмма. «Сіз мектептің неше сыныбын бітірдіңіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Тек 9 сыныпты бітіріп, үлгерімі нашар болғандықтан мектептен шығарылғандардың ішінде отбасында ең төмен табыс деңгейі бар адамдар көп (табысы 30 000 теңгеден төмен адамдар санының 4,6%). Сондай-ақ, жастардың осы санаты арасында қалада тұратын жастар (3,2%) көбірек ұсынылған (№21 кесте).

№21 кесте. «Сіз мектептің неше сыныбын бітірдіңіз?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі және елді мекен типі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**30 000 теңгеге дейін**	**30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін**	**60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін**	**100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін**	**Қала**	**Ауыл**
11 сынып бітірдім	45,9	50,5	55,2	50,0	48,7	54,0
9 сынып бітірдім	47,9	46,5	42,5	46,7	46,2	44,3
9 сынып бітірген жоқпын, үлгерім төмен болғаны үшін мектептен шығарылдым	4,6	1,9	1,5	0,7	3,2	0,6
9 сынып бітірген жоқпын, денсаулық жағдайына байланысты мектепті тастауға мәжбүр болдым	1,4	0,7	0,6	2,2	1,7	0,6
8 сынып бітірдім	0,0	0,0	0,2	0,0	0,0	0,2
Жауап беруге қиналамын	0,2	0,4	0,0	0,4	0,2	0,3

Мектеп бітіргеннен немесе оқудан шығарылғаннан кейін жұмысқа орналасуға қатысты респонденттердің жартысынан көбі колледжде немесе университетте оқуын жалғастырды. 27,9%-ы «ештеңе істемедім, үйде отырдым» деп айтты, оннан бірі жұмысқа шықты (10,6%) және тағы 6%-ы мектепті бітіргеннен кейін отбасын құрды (№17 диаграмма).

№17 диаграмма. «Мектеп бітірген соң немесе мектептен шығарылған соң немен айналыстыңыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Табысы ең төмен респонденттердің ішінде мектепте оқуды аяқтағаннан кейін колледжге немесе жоғары оқу орнына түскендер (41,3%) немесе ештеңе жасамағандар және «үйде отырғандар» (37,0%) көп. Бұл үрдіс қала мен ауыл жастарына бірдей дерлік қатысты.

Қала жастарының тұрғылықты жерінің түрі бойынша ауыл жастарымен (7,9%) салыстырғанда мектептен кейін жұмысқа орналасқандар (12,6%) көп (№22 кесте).

№22 кесте. «Мектеп бітірген соң немесе мектептен шығарылған соң немен айналыстыңыз?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі және елді мекен түрі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін	30 001-60 000 теңгеге дейін	60 001-100 000 теңгеге дейін	100 001-300 000 теңгеге дейін	Қала	Ауыл
Колледжге/ЖОО-ға түстім	41,3	59,2	59,6	62,9	53,6	56,6
Үйлендім, тұрмысқа шықтым	4,0	7,0	6,3	8,1	5,3	6,9
Жұмысқа тұрдым	16,8	8,0	9,7	10,3	12,6	7,9
Ештеңе істеген жоқпын, үйде отырдым	37,0	25,8	23,9	18,0	27,9	27,9
8 сынып бітірдім	0,0	0,0	0,2	0,0	0,1	0,3
Әскерге алып кетті	0,6	0,0	0,0	0,0	0,1	0,3
Музыкамен айналыстым, спорттық секцияларға қатыстым	0,3	0,0	0,2	0,4	0,3	0,0
Ауруханада жаттым	0,0	0,0	0,1	0,3	0,1	0,1

3.2. Қысқа мерзімді жоспарлар

Қазіргі уақытта сауалнамаға қатысқандардың 45,0%-ы оқуды қайта бастауға немесе жалғастыруға ниеті жоқ. 7,6%-ы білімге байланысты өмірлік жоспарлары туралы сұраққа жауап беруде қиындықтарға тап болады. Оқуды жалғастыруды

жоспарлап отырғандардың 18,6%-ы ЖОО-да оқуды, 14,3%-ы колледжде оқуды, 5,2%-ы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды, 4,9%-ы орта мектепте оқуды аяқтауды жоспарлап отыр және тағы 4,4%-ы курстарда қосымша білім алғысы келеді (№18 диаграмма).

№18 диаграмма. «Сіз оқуды қайта бастауды немесе жалғастыруды жоспарлайсыз ба, иә болса, қай жерде?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Респонденттердің пікірінше, мамандық таңдаудағы ең маңызды үш фактор- мамандыққа деген сұраныс (54,7%), жоғары жалақы (51,4%), сондай-ақ кәсіптің беделі (34,6%).

NEET санатындағы сауалнамаға қатысқан жастардың тек 27,6%-ы болашақ жұмыс саласын таңдағанда өздерінің қабілеттері мен дарындарына сүйенеді. Әрбір бесінші жас үшін (20,0%) мамандық таңдауда ата-аналардың пікірі шешуші фактор болып табылады (№23 кесте).

№23 кесте. «Сіз үшін мамандық таңдау кезінде қандай факторлар маңызды болып табылады?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Мамандыққа сұраныс	54,7
Жоғары жалақы	51,4
Мамандықтың беделі	34,6
Қабілеттерге сәйкестік	27,6
Ата-аналардың пікірі	20,0
Денсаулық жағдайы және физикалық қабілеттері	9,5
Оқу орнының үйге жақындығы	8,5
Династияны жалғастыру ниеті	7,2
Оқуға деген қызығушылық	0,1
Білім алу арзан жерге түстім	0,1
Жауап беруге қиналамын	3,9

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Кәсіпті таңдау кезінде ата-аналардың пікіріне табысы жоғары респонденттер көбірек көңіл бөледі. Осылайша, табыс деңгейі айына 30 000 теңгеден төмен жастардың 17,9%-ы мамандық таңдауда ата-анасының пікірін басшылыққа алады, табысы айына 100 000 теңгеден жоғары жастардың ішінде – 29,0% (№24 кесте).

№24 кесте. «Мамандық таңдауда Сіз үшін қандай факторлар маңызды?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі бойынша таралуы, %*

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін	30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін	60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін	100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін
Мамандыққа сұраныс	50,1	54,7	61,7	50,0
Мамандықтың беделі	30,5	35,5	40,0	32,4
Оқу орнының үйге жақындығы	9,4	8,7	8,0	10,3
Ата-аналардың пікірі	17,9	17,2	19,9	29,0
Династияны жалғастыру ниеті	7,1	6,6	5,9	10,3
Қабілеттерге сәйкестік	25,4	30,8	29,4	23,5
Жоғары жалақы	50,7	54,4	53,3	46,7

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Респонденттердің көпшілігінің пікірінше (41,4%), олардың кәсіптік білім алуына/жалғастыруына кедергі келтіретін негізгі фактор, ең алдымен, оқудың жоғары құны болып табылады. 18,1% немесе сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам кедергі олардың төмен мотивациясы екенін атап өтті. Сондай-ақ, респонденттер білім беру ортасының сыбайлас жемқорлық (14,7%), білікті педагогтардың болмауы (13,6%), болашақ мамандықты саналы түрде таңдамау (11,7%), сондай-ақ оқу орнының техникалық жарақтандырылуының төмендігі (11,3%) сияқты факторларды атап өтті.

Респонденттердің 21,5%-ы білім алу ниетіне ештеңе кедергі бола алмайтынын атап өтті (№25 кесте).

№25 кесте. «Сізге (колледжде, ЖОО-да) кәсіптік білім алуға/жалғастыруға не кедергі болуы мүмкін?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	%
Оқудың жоғары құны	41,4
Білім алуыма ештеңе кедергі бола алмайды	21,5
Төмен мотивация	18,1
Білім беру ортасындағы сыбайлас жемқорлық	14,7
Білікті педагогтардың болмауы	13,6
Болашақ мамандықты саналы түрде таңдамау	11,7
Оқу орнының техникалық жабдықталуы төмен	11,3
Оқу орындарының толып кетуі	8,7
Ыңғайсыз сабақ кестесі	8,2
Мемлекеттік тілдегі оқулықтардың жетіспеушілігі	7,0
Оқушыларды діни ұйымдарға тарту	3,6
Тәуелділік қатынасы	3,5
Құмар ойындарға деген құштарлық (букмекерлік кеңселер, онлайн-казино, ойын автоматтары, т.б.)	3,0
Оқығым келмейді	0,4
Отбасын асырау керек	0,2
Кішкентай балалар	0,1
Денсаулық жағдайы	0,2
Емтихан тапсыра алмаймын	0,1
Жоғары оқу орнын бітірген	0,1
Ата-аналары рұқсат бермеді	0,1
Жауап беруге қиналамын	6,3

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Сауалнамаға қатысқандардың 43,6%-ы колледжді/ЖОО-ны бітіргені туралы диплом алды, 38,1%-ы білім беру мекемелерінде оқымады, ал 16%-ы немесе әрбір алтыншысы қандай да бір себептермен колледжде/ЖОО-да соңына дейін оқымады. Бұл ретте олардың 10,4%-ы оқуды өз еркімен тастап кетті, 3,5%-ы оқудан шығарылды, 2,3%-ы денсаулық жағдайы бойынша оқуды тастап кетуге мәжбүр болды (№19 диаграмма).

№19 диаграмма. «Сіз колледж/ЖОО бітіріп, диплом алдыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Бүгінгі таңда таңдалған мамандық респонденттердің 72,3%-ын қанағаттандырады («толығымен қанағаттандырады», «қанағаттанарлық»). Респонденттердің 23,2%-ы таңдалған мамандыққа қанағаттанбайды («қанағаттанбадым», «толық қанағаттандырмайды») (№20 диаграмма).

№20 диаграмма. «Өзіңіздің таңдаған мамандығыңыз Өзіңізге ұнайды ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Зерттеу барысында мынадай сұрақ қойылды: «Сіз өз мамандығыңызды еңбек нарығында сұранысқа ие деп санайсыз ба?». Сонымен, респонденттердің 68,3%-ы өз мамандығын еңбек нарығында сұранысқа ие деп санайды («иә», «дәлірегі, иә»). Ал сауалнамаға қатысқандардың 26,2%-ы өз мамандықтарын еңбек нарығында сұранысқа ие деп санамайды («дәлірегі, жоқ», «жоқ»). Респонденттердің 5,5%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды (№26 кесте).

№26 кесте. «Өз мамандығыңызды еңбек нарығында сұранысқа ие деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	**%**
Иә	28,4
Дәлірегі, иә	39,9
Дәлірегі, жоқ	19,7
Жоқ	6,5
Жауап беруге қиналамын	5,5

Зерттеу деректеріне сәйкес, қазақ тілін еркін меңгеру деңгейі – 69,3%, орыс тілін – 77,2% *(жиынтық жауаптары «еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын» және «еркін, оның ішінде кәсіби лексиканы да меңгеремін») құрайды*. Бұл ретте қазақ тілін жетік меңгермегендердің немесе тек кейбір сөз тіркестерін түсінетіндердің үлесі 14,7%, орысша – 3,7% құрайды. Ағылшын тілінде жағдай мүлдем басқаша, NEET санатындағы сауалнамаға қатысқан жастардың тек 5,5%-ы оны еркін біледі, 57,8%-ы мүлдем білмейді (№27 кесте).

№27 кесте. «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қаншалықты еркін білесіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Білу деңгейі / **Тілдер**	**Мүлде білмеймін**	**Білмеймін, бірақ кейбір фразалар-ды түсінемін**	**Түсінемін, бірақ сөйлей алмаймын**	**Түсінемін және сөйлей аламын**	**Еркін сөйлей-мін, бірақ жаза алмайм ын**	**Мен еркін сөйлей-мін, оқимын және жаза-мын**	**Еркін сөйлеймін, кәсіби лексиканы да жақсы білемін** (ақпараттық ауқымды ғылыми-техникалық, әдеби-гуманитарлық мәтіндер, мамандығым бойынша тілді білемін)	**Жауап беруге қиналамын**
Қазақша	5,7	9,0	5,0	11,0	8,0	47,8	13,5	-
Орысша	1,6	2,1	5,6	13,0	12,3	53,2	11,7	0,5
Ағылшын	25,8	32,0	17,7	14,8	3,7	4,7	0,8	0,5

Сауалнамаға қатысқандардың жауаптарын талдау олардың айтарлықтай несиелік жүктемесі жоқ екенін көрсетеді. Сонымен, көп жағдайда респонденттер несиенің ешқандай түрін алмағанын атап өтті.

Респонденттердің кейбір бөлігі белгілі бір мақсаттарға несие алғанын атап өтті. Респонденттер негізінен тұрмыстық техника, бейне техника, компьютер, телефон және осыған ұқсас заттарға арналған кредиттерді пайдаланады. Бұл ретте 16,8%-ы кредитті төлеп қойған, 13,8%-ы төлеуді жалғастыруда, ал 5,1%-ы кредитті ресімдегісі келеді, бірақ банктің мақұлдауын алмаған. Респонденттердің ең азы шетелде демалу үшін несие алды – респонденттердің 1,9%-ы мұндай несиені төлеп қойған, ал 0,4%-ы әлі де төлеуде. Айта кету керек, жылжымайтын мүлікке – пәтерге, саяжайға және т.б. несие ресімдеген респонденттердің үлесі төмен, респонденттердің 92,8%-ы бұл мақсатқа несие алмағанын мәлімдеді (№28 кесте).

№28 кесте. «Сіз соңғы 2 жылда төмендегілердің қайсысына несие алдыңыз?», деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	Несие алған жоқпын	Иә, төлеп болдық	Иә, төлеп жүрміз	Алғым келді, бірақ бермеді
Тұрмыстық техника, видеотехника, компьютер, телефон және т.б.	64,4	16,8	13,7	5,1
Жиһаз	85,6	7,6	4,4	2,4
Көлік	88,6	3,8	2,8	4,8
Жылжымайтын мүлік – пәтер, саяжай және т. б.	92,8	1,9	2,1	3,2
Үй жөндеу немесе учаскені абаттандыру	93,7	3,2	1,0	2,1
Оқу	94,8	2,8	0,6	1,8
Медициналық қызметтер	95,3	2,6	0,6	1,5
Шетелге демалысқа бару	95,7	1,8	0,3	2,2
Мерекелер, мерейтойлар, үйлену тойлары, отбасылық іс-шаралар	94,0	2,8	1,7	1,5

3.3. Саяси өмірге деген қызығушылық

Респонденттердің 54,7%-ы Қазақстандағы саяси өмірге, саяси партиялардың, мемлекет өкілдерінің, басқару органдарының қызметіне және т.б. қызығушылық танытатынын атап өтті. Респонденттердің 45,3%-ы елдің саяси өмірі олар үшін қызығушылық тудырмайтынын айтты (№21 диаграмма).

№21 диаграмма. «Сізді Қазақстандағы саяси өмір, саяси партиялардың, мемлекет өкілдерінің, басқару органдарының және т.б. қызметі қызықтырады ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Айта кететін жайт, елдің саяси өміріне табысы жоғары жастар, жасы бойынша – үлкен жас тобы қызығушылық танытады. Керісінше, Қазақстанның саяси оқиғалары салыстырмалы табысы ең төмен, 14 пен 18 жас аралығындағы NEET жастарын аз дәрежеде алаңдатады (№29,№30 кестелер).

№29 кесте. «Сізді Қазақстандағы саяси өмір, саяси партиялардың, мемлекет өкілдерінің, басқару органдарының және т.б. қызметі қызықтырады ма?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін	30 001-60 000 теңгеге дейін	60 001-100 000 теңгеге дейін	100 001-300 000 теңгеге дейін
Иә, үнемі	5,4	9,2	10,8	10,7
Ара-тұра	47,9	48,8	46,7	50,4
Маған бұл қызық емес	46,7	42,0	42,5	39,0

№30 кесте. «Сізді Қазақстандағы саяси өмір, саяси партиялардың, мемлекет өкілдерінің, басқару органдарының және т.б. қызметі қызықтырады ма?» деген сұраққа жауаптардың жас аралығы бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Иә, үнемі	5,3	9,2	11,4
Ара-тұра	36,7	48,6	53,9
Маған бұл қызық емес	58,0	42,2	34,7

Респонденттердің негізгі ақпарат көзі – әлеуметтік желілер (58,4%), одан кейін теледидар (34,6%), NEET санатындағы әрбір үшінші респондент ақпаратты туыстары, достары мен таныстарынан (31,9%) алады. Айта кету керек, мессенджерлер де респонденттер үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады – олардың 26,1%-ы WhatsApp чаттарын қолданады. Респонденттердің ақпаратты интернеттегі БАҚ-тан қазақстандық (17,8%) және шетелдік (7,3%), сондай-ақ Youtube арналарынан (18,2%) алу мүмкіндігі әлдеқайда төмен (№31 кесте).

№31 кесте. «Сіз әдетте ел ішінде және одан тысқары жерлерде орын алған жағдайлар туралы ақпаратты қайдан білесіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	%
Әлеуметтік желілер (Facebook, Вконтакте, Instagram, Одноклассники)	58,4
Теледидар	34,6
Туыстар, достар, таныстардан	31,9
WhatsApp чаттары	26,1
Youtube-арналар	18,2
Қазақстандық Интернет БАҚ	17,8
Telegram-арналар	13,7
Шетелдік Интернет БАҚ	7,3
Баспалық БАҚ (газеттер, журналдар)	6,0
Радио	5,6
Қызықпаймын	0,4
Жауап беруге қиналамын	3,2

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Басқаларға қарағанда білім деңгейі жоғары респонденттердің Қазақстандағы саяси оқиғалар туралы ақпарат алу көздерінің қатарында шетелдік интернет-БАҚ пен баспа басылымдары бар екенін атап өткен жөн. Тұрғылықты жерінің түріне байланысты ауыл жастары елде және одан тыс жерлерде болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат көздерін таңдауда дәстүрлі, ал қалалық жастарға қарағанда теледидарға басымдық береді.

26,9% немесе сауалнамаға қатысқан әрбір төртінші адам сайлауға қатыспайды, бұл саяси өмірге деген қызығушылықтың төмендігімен де, олардың сайлауға қатысуы елдегі жағдайға әсер етпейді деген сеніммен де, жалпы қолданыстағы саяси жүйеге сенімсіздікпен де байланысты болуы мүмкін. Респонденттердің 33,7%-ы дауыс беруге тырысады, егер мұндай мүмкіндік болса, 20,3%-ы дауыс бермейді, өйткені олар әлі 18 жасқа толған жоқ және NEET жастарының тек 17,1%-ы сайлауда міндетті түрде дауыс беретіндерін айтты (№22 диаграмма).

№22 диаграмма. «Сіз сайлауға қатысасыз ба әлде қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Респонденттердің басым бөлігі егде жастағы топтағылар сайлауға қатысуға тырысатынын атап өткен жөн. Атап айтқанда, «мүмкіндігінше» және «міндетті» сайлауда дауыс беретін 24-28 жас аралығындағы жастардың үлесі 70,1%, 19-23 жас аралығындағы жастардың үлесі 61,6% құрайды (№32 кесте).

№32 кесте. «Сіз сайлауға қатысасыз ба әлде қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың жас бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**14-18 жас**	**19-23 жас**	**24-28 жас**
Міндетті түрде сайлауға қатысамын	7,3	21,3	23,6
Мүмкіндік болса дауыс беруге тырысамын	16,0	40,3	46,5
Әдетте сайлауға қатыспаймын	21,2	33,2	27,0
Мен әлі 18 жасқа толған жоқпын	51,5	3,8	2,4
Қатысқан жоқпын	1,4	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	2,5	1,5	0,4

NEET жастарының 62,7%-ы өздерінің тұрғылықты жерінде наразылық акцияларын өткізу мүмкіндігін жоққа шығарады. 26,9% мұндай мүмкіндікті жоққа шығармайды (№23 диаграмма).

№23 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, Сіз тұратын қалада/ауылда наразылық акциялары (митинг, көтеріліс, петиция) туындау ықтималдылығы бар ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Наразылық акцияларының тұрғылықты жерінде пайда болу ықтималдығын табыс деңгейі жоғары респонденттер, елді мекеннің типі бойынша – ауыл

тұрғындары көбірек қабылдайды. Атап айтқанда, табысы 100-ден 300 мың теңгеге дейінгі респонденттердің 10,7%-ы наразылық білдіру ықтималдығы туралы сұраққа «әрине, бар» деп жауап берсе, табысы 30 000 теңгеге дейінгі респонденттер 4,8%, 60 000 теңгеге дейін 4,5% көрсеткішінде осы жауапты таңдаған.

Елді мекеннің типі бойынша осы мәселе бойынша қандай да бір елеулі айырмашылықтар байқалмайды. Дегенмен, қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындарының 7,3%-ы наразылық болуы «әрине,бар» деген нұсқаны таңдағанын атап өткен жөн, 22,7%-ы «дәлірегі,бар» деп жауап берді. Қалада тұратын респонденттер үшін осындай көрсеткіштер 5,6% және 18,8% деңгейінде (№33 кесте).

№33 кесте. «Қалай ойлайсыз, Сіз тұратын қалада/ауылда наразылық акциялары (митинг, көтеріліс, петиция) туындау ықтималдылығы бар ма?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі және елді мекен түрі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін	30 001-60 000 теңгеге дейін	60 001-100 000 теңгеге дейін	100 001-300 000 теңгеге дейін	Қала	Ауыл
Әрине, бар	4,8	4,5	8,0	10,7	5,6	7,3
Дәлірегі, бар	28,2	14,5	20,1	30,5	18,8	22,7
Дәлірегі, жоқ	32,5	43,0	35,1	34,2	39,1	30,1
Әрине, жоқ	29,3	28,9	29,2	18,0	24,1	31,9
Жауап беруге қиналамын	5,1	9,1	7,6	6,6	12,4	8,0

Респонденттердің өз аймағында келесідей жағдайлар орын алса, олардың жаппай сөйлеуге қосылуына әсер етуі мүмкін факторлар: өнімдер мен дәрі-дәрмектерге бағаның өсуі (15,0%), коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі (10,8%), әлеуметтік төлемдердің төмендеуі (10,0%), яғни, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептер.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың 9,2%-ы, егер оның этникалық белгілері бойынша құқықтары бұзылған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік және құқық қорғау органдарының озбырлығына тап болған жағдайда (9,2%) наразылық акцияларына қатысатынын мәлімдейді (№34 кесте).

№34 кесте. «Сіз тұратын өңірде төмендегі себептер орын алатын болса, жаппай наразылыққа қосылуға дайынсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	Иә	Дәлірегі, бар	Дәлірегі, жоқ	Жоқ	Ж/қ
Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы	15,0	12,6	21,8	43,5	7,1
Коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі	10,8	12,5	22,8	47,1	6,8
Еңбек даулары	8,5	11,0	24,2	49,2	7,1
Этникалық тегі бойынша қандай да бір кемсітушіліктер	9,2	12,2	21,2	49,9	7,5
Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл проблемаларын шешкісі келмеуі	9,5	12,0	23,2	48,0	7,3
Сыбайлас жемқорлық	8,9	11,5	22,4	50,5	6,7
Әлеуметтік төлемдердің төмендету	10,0	11,2	23,1	48,8	6,9
Мемлекеттік және құқық қорғау органдары өкілдерінің озбырлығы	9,2	12,2	22,4	48,2	8,0
Елдің жалпы жағдайына, биліктің саясатына наразылық	8,3	10,1	23,1	50,5	8,0

4. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ

4.1. Жұмысқа деген көзқарас, жұмыс іздеуге арналған арналар

Жаппай сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігі колледжде немесе университетте оқу кезінде жұмыс істемегенін көрсетті (29,6%). Сауалнамаға қатысқандардың 4,5%-ы оқу кезінде тұрақты негізде өз мамандықтары бойынша толық емес жұмыс істеді. Сауалнамаға қатысқан жастардың үш есеге жуығы (13,1%) үнемі жұмыс істеді, бірақ мамандығы бойынша емес. Респонденттердің тағы 11,4%-ы мамандығы бойынша емес кездейсоқ қосымша жұмыс жасаған (№24 диаграмма).

№24 диаграмма. «Сіз колледжде/ЖОО-да оқыған кезде қосымша жұмыс істедіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Сонымен қатар, толық емес жұмыс күнімен айналысатындардың үштен бір бөлігі шұғыл қажеттілікке байланысты жұмыс істеуге мәжбүр болды, өйткені оларға қажетті заттарға ақша жетіспеді (30,2%). Сондай-ақ, оқу кезінде жұмыс істеудің маңызды себептерінің қатарына ата-аналарына көмектесуге деген қалаулары кірді (27,8%). Болашақ мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесін алу үшін, сондай-ақ өмірлік тәжірибе, қарым-қатынас тәжірибесін алу үшін оқу кезінде толық емес жұмыс істегендердің үлесі әлдеқайда аз (сәйкесінше 7,8% және 10,9%) (№35 кесте).

№35 кесте. «Білім алу кезінде қосымша табыс табуға не себеп болды?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Ата-анама тәуелді болғым келмеді	35,0
Қажетті заттарға ақша жетіспеді	30,2
Ойын-сауық, қосымша білім алу үшін ақша тапқым келді	30,2
Ата-анама көмектескім келді	27,8
Өмірлік тәжірибе, қарым-қатынас тәжірибесін алғым келді	10,9
Өзімнің болашақ мамандығым бойынша тәжірибе алғым келді	7,8
Бос уақыт тым көп болды	3,8
Жауап беруге қиналамын	1,4

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Ең қажетті ақшаның жетіспеуіне байланысты толық емес жұмыс істегендердің арасында салыстырмалы түрде табысы ең төмен болып табылатын

респонденттердің саны едәуір көп – отбасындағы бір адамға айына 30 000 теңгеден аз (табысы 30 000-нан аз - 40,5%, табысы 100 000-нан асатын NEET жастары – 26,4%), тұрғылықты жерінің түрі бойынша бұл, ең алдымен, ауыл тұрғындары (ауыл тұрғындары 37,8%, қала тұрғындары – 24,6%) (№36 кесте).

№36 кесте. «Білім алу кезінде қосымша табыс табуға не себеп болды?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі бойынша таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**30 000 теңгеге дейін**	**30 001-60 000 теңгеге дейін**	**60 001-100 000 теңгеге дейін**	**100 001-300 000 теңгеге дейін**	**Қала**	**Ауыл**
Қажетті заттарға ақша жетіспеді	40,5	29,7	29,2	26,4	24,6	37,8
Ойын-сауық, қосымша білім алу үшін ақша тапқым келді	33,3	34,3	29,2	24,5	31,7	28,0
Ата-анама көмектескім келді	22,6	23,3	37,5	26,4	28,1	27,2
Ата-анама тәуелді болғым келмеді	27,4	36,0	35,4	45,3	37,1	32,1
Өзімнің болашақ мамандығым бойынша тәжірибе алғым келді	7,1	5,8	9,7	11,3	9,6	5,3
Өмірлік тәжірибе, қарым-қатынас тәжірибесін алғым келді	3,6	11,0	15,3	13,2	12,6	8,5
Бос уақыт тым көп болды	0,0	1,7	4,9	8,5	4,2	3,3

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Респонденттердің барлығы бірдей жұмыс іздеу үстінде емес екенін ескеру маңызды. Бүгінгі таңда респонденттердің жартысынан азы жұмыс іздеуге ұмтылады – 41,7%, қалған 58,3% қазіргі уақытта жұмысқа орналасуға қызығушылық танытпайды (№25 диаграмма).

№25 диаграмма. «Сіз қазір жұмыс іздеп жүрсіз бе?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Қазіргі уақытта жұмыс іздеп жүргендердің арасында, табысы төмен жастар көбірек (45,6%), жас ерекшелігі бойынша 19-29 жас аралығындағы егде жастағы жастар (49,3%). Керісінше, бүгінгі күні 14 пен 18 жас аралығындағы жастар (70,8%) жұмысқа орналасуға аз қызығушылық танытады, материалдық әл-ауқаты бойынша – отбасындағы бір адамға табысы 100 000 теңгеден асатындар, яғни салыстырмалы контексте ең жақсы қамтамасыз етілгендер (65,1%) (№37, №38 кестелер).

№37 кесте. «Сіз қазір жұмыс іздеп жүрсіз бе?» деген сұраққа жауаптардың табыс деңгейі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	30 000 теңгеге дейін	30 001-60 000 теңгеге дейін	60 001-100 000 теңгеге дейін	100 001-300 000 теңгеге дейін
Иә	45,6	44,6	41,4	34,9
Жоқ	54,4	55,4	58,6	65,1

№38 кесте. «Сіз қазір жұмыс іздеп жүрсіз бе?» деген сұраққа жауаптардың жас аралығы бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Иә	29,2	49,3	48,0
Жоқ	70,8	50,7	52,0

Жұмыс іздеудің ең көп таралған әдістерінің қатарына мыналар жатады: достары, таныстары (67%), газеттегі/Интернеттегі хабарландырулар (57,3%), ата-аналардың көмегіне (27,8%), халықты жұмыспен қамту орталықтары (17,9%) (№26 диаграмма).

№26 диаграмма. «Сіз қандай жолмен жұмыс іздеп жүрсіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Респонденттердің 23,6%-ы жұмыс табу мақсатында халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендерін мәлімдеді. Сауалнамаға қатысқандардың 76,4%-ы жұмыс іздеу мақсатында халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінбеді (№39 кесте).

№39 кесте. «Жұмыс іздеу мақсатында Халықты жұмыспен қамту орталығына жүгіндіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	**%**
Иә	23,6
Жоқ	76,4

Респонденттердің 57,4%-ы жұмыспен қамту орталығы тиімді жұмыс істейді деп санайды («иә, тиімді», «дәлірегі, тиімді»). Сауалнамаға қатысқандардың 37%-ы жұмыспен қамту орталығының жұмысын тиімді емес деп санайды («дәлірегі, тиімсіз», «тиімсіз») (№40 кесте).

№40 кесте. «Сіздің пікіріңіз бойынша Халықты жұмыспен қамту орталығының жұмысы тиімді ме?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	**%**
Иә, тиімді	26,9
Дәлірегі тиімді	30,5
Дәлірегі тиімсіз	28,9
Тиімсіз	8,1
Жауап беруге қиналамын	5,6

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттер көбінесе сауда (18,5%), көлік, байланыс (17,9%), тамақтану (16,8%), құрылыс (16,7%) сияқты салаларда жұмыс іздейді. Сауалнамаға қатысқандар білім беру (13,5%), өнеркәсіп (11,4%), сондай-ақ қаржы, несиелеу, сақтандыру (11,2%) салаларында жұмыс іздейді. Сауалнамаға қатысқандардың 6,4%-ы кәсіпкерлік саласына қызығушылық танытады.

Менеджмент (5,8%), «мәдениет және өнер» (5,5%), «ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы» (5,5%), «денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру» (5,2%) сияқты салалардағы мүдделі респонденттер іс жүзінде бірдей дәрежеде көрінеді (№41 кесте).

№41 кесте. «Сіз қай салада жұмыс іздеп жүрсіз/іздедіңіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Көтерме және бөлшек сауда	18,5
Көлік, байланыс	17,9
Қоғамдық тамақтану	16,8
Құрылыс	16,7
Оқу	13,5
Өнеркәсіп	11,4
Қаржы, несиелеу, сақтандыру	11,2
Кәсіпкерлік	6,4
Менеджмент	5,8
Мәдениет және өнер	5,5
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы	5,5
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру	5,2
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету	5,0
Мемлекеттік басқару және қорғаныс (құқық қорғау органдары және қарулы органдар, әлеуеметтік қамтамасыз ету органдары)	4,8
Ғылым	3,7
Кез келген сала	1,6
Сұлулық саласы	0,7
Жауап беруге қиналамын	5,9

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Жұмыс табудағы қиындықтардың ішінде респонденттер жалақының төмен деңгейін (51,6%), жұмыс тәжірибесінің жоқтығын атап өтті, сондықтан көптеген кәсіпорындар оларды жұмысқа алмайды (44,7%). Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі (27,5%) жұмыс іздеу кезінде кәсіби білім мен дағдылардың жетіспеушілігіне тап болғанын атап өтті (№27 диаграмма).

№27 диаграмма. «Сіз жұмыс іздегенде қандай қиыншылықтармен кездесесіз/кездестіңіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*



**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

4.2. Ықтимал жұмыстан күту

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі үшін жұмыс орнын таңдауда шешуші фактор-жалақы (70,1%). Сондай-ақ, респонденттердің 38,7%-ы жұмыс орнын таңдауда олар үшін қолайлы жұмыс жағдайлары анықтаушы фактор болатынын атап өтті. Талдау нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың тек 14,7%-ы үшін ғана мансаптық мүмкіндіктер шешуші мәнге ие. Бір қызығы, жастардың басым бөлігі үшін жұмыс таңдауда оның алған мамандығы бойынша бола ма, жоқ па, ол шешуші фактор емес. Респонденттердің тек 7,0%-ы бұл фактордың олар үшін маңызды екенін атап өтті (№42 кесте).

№42 кесте. «Жұмыс орнын таңдау кезінде, Сіз ең алдымен неге назар аударасыз, Сіз үшін қандай фактор шешуші болып табылады?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Жоғары жалақы	70,1
Қолайлы жұмыс жағдайлары	38,7
Қызметте өсу мүмкіндігі	14,7
Жақсы ұжым	13,1
Еркін жұмыс кестесі	12,8
Ұйымның қаржылық тұрақтылығы	10,2
Қызықты жұмыс	7,0
Алған білімге/мамандыққа сәйкестік	6,8
Орналасқан жері *(тұратын жерге жақын болуы)*	5,5
Қашықтан, үйде жұмыс істеу мүмкіндігі	4,1
Жұмыс істегім келмейді/жоспарламаймын	-
Жауап беруге қиналамын	2,4

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Зерттеу барысында сұрақ қойылды: «Сіз жақын арада жұмыс іздеуді жоспарлап отырсыз ба?». Сонымен, респонденттердің 59,2%-ы жақын арада жұмыс іздеуді жоспарлап отыр («иә», «дәлірегі, иә»). Ал жастардың 39,3%-ы жақын арада жұмыс табуды жоспарламайды («дәлірегі жоқ», «жоқ»). Сауалнамаға қатысқандардың тек 1,5%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды (№43 кесте).

№43 кесте. «Жақын арада жұмыс іздеу жоспарыңызда бар ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	**%**
Иә	37,7
Дәлірегі, иә	21,5
Дәлірегі, жоқ	18,9
Жоқ	20,4
Жауап беруге қиналамын	1,5

Респонденттердің жұмыс іздемеу себептері, ең алдымен, төмен жалақы (22,9%). Сондай-ақ, респонденттер қажетті білімнің жоқтығын (18,7%), жұмыс орындарының жоқтығын (18,1%), NEET санатындағы жастардың тағы 18,8% - ының тұрақты жұмыс табуға тырыспауының себебі ретінде отбасы мүшелерімен тыйым салынғанын атап өтті. Сонымен қатар, әрбір оныншы адам қажетті дағдылардың жоқтығын атап өтті. Осылайша, себептердің ауқымы өте кең. Басты себеп-жастарға ұсынылатын жұмыста еңбекақының төмендігі, сондай-ақ жұмыс беруші сұраған кәсіби құзыреттердің, білімнің жетіспеушілігі (№44 кесте).

№44 кесте. «Сіз неге тұрақты жұмыс табуға тырыспайсыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Төмен еңбекақы	22,9
Маған тыйым салады (ата-анам, күйеуім, туыстарым, балаларым)	18,8
Лайықты жұмыс табу үшін білімім/білім алу мүмкіндігім жоқ	18,7
Жұмыс орындары жоқ	18,1
Кездейсоқ табыстармен күн көремін	16,5
Менің кішкентай балаларым бар	15,2
Жұмыс берушіге қажетті дағдыларым жоқ	10,0
Денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейді	5,3
Оқитын боламын	2,8
Бұл менің діни ұстанымдарыма байланысты	2,4
Психологиялық проблемалар (депрессияға бейімділік, қарым-қатынас проблемалары)	2,3
Менің соттылығым бар	1,0
Қажет емес	0,6
Менің жасымдағы адамдарды жұмысқа алмайды	0,5
Күзде әскер қатарына алып кетеді	0,2
Тәуелділік жол бермейді (ішімдікке, есірткіге құмарлық, құмар ойындар)	0,0
Жауап беруге қиналамын	9,8

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Егер қалада жалақының аз төленуіне байланысты жұмыссыз жастар жұмыс іздемесе, ауылдық жерлерде жас азаматтар жұмыс орындарының болмауына байланысты оларды жиі іздемейді. Сонымен қатар, қалалықтарға қарағанда ауыл тұрғындарына, оның ішінде жұмыссыз жастар үшін жұмысқа орналасудағы кедергі білімнің және оны алу мүмкіндігінің жоқтығы болып табылады.

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (73,6%), егер тиісті жұмыс таңдалса, оны қысқа мерзімде – бір апта ішінде бастауға дайын екендігін айтты. Респонденттердің 8,9%-ы өздеріне қолайлы жаңа жұмысқа шығу үшін бір айдан астам уақыт қажет болатынын, ал 12,1%-ы еңбек қызметіне кірісуге дайын болатын уақыт аралығын көрсету қиын екендігін атап өтті. Жалпы, бұл факт алдыңғы сұраққа респонденттердің 15,2%-ы қадағалауды қажет ететін кішкентай балалардың болуына байланысты жұмысқа әлі шыға алмайтындығына жауап бергендігімен түсіндіріледі (№28 диаграмма).

№28 диаграмма. «Егер Сіз өз күшіңізбен немесе біреудің көмегімен дұрыс жұмыс таба алсаңыз, онда Сіз оған қаншалықты тез кірісуге дайын болар едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Респонденттердің жауаптарына сәйкес, егер қолайлы жұмыс табылса, келесі күні оған бірден кірісуге дайын болатыны, ең алдымен ауыл жастары атап өтті (45,0% - ауыл, 37,2% - қала жастары) (№45 кесте).

№45 кесте. «Егер сіз өз күшіңізбен немесе біреудің көмегімен дұрыс жұмыс таба алсаңыз, онда сіз оған қаншалықты тез кірісуге дайын болар едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен түрі бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**Қала**	**Ауыл**
Бірден келесі күні	37,2	45,0
Бірнеше күннен кейін	36,9	28,0
Тек бір айдан кейін	4,7	6,2
Маған бір айдан астам уақыт керек болды	8,5	9,3
Жауап беруге қиналамын	12,7	11,6

Жұмысқа орналасу мүмкін болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысу балама ретінде респонденттердің тек 33%-ы ғана қарайды, 67%-ы бұл қызмет саласын өздері үшін, тіпті басқа жұмыс болмаған жағдайда да қолайлы деп санамайды (№29 диаграмма).

№29 диаграмма. «Сіз жұмысқа орналасу мүмкін болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметті балама ретінде қарастырасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Бұл ретте кәсіпкерлікті жұмысқа орналасу мүмкін болмаған жағдайда өздері үшін балама ретінде 24-28 жас аралығындағы ересек топ респонденттері; елді мекендердің түрі бойынша – ауылдық жерлерде тұратындар; білім беру бөлінісінде – жоғары оқу орнынан кейінгі, арнаулы орта және аяқталмаған жоғары білімі бар адамдар көбірек қарастырады.

Қарастырылып отырған санаттағы жастар кәсіпкерлік қызметпен айналысуға дайын болатын салалар: сауда (37,9%), қоғамдық тамақтану (14,4%), сұлулық индустриясы (13,2%), ойын-сауық саласы (12,3%), сондай-ақ өндіріс (тамақ өнімдері, киім шығару) (11,5%) (№46 кесте).

№46 кесте. «Сіз қандай салада кәсіпкерлік қызметпен айналысар едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	*%*
Сауда, оның ішінде online-сауда	37,9
Қоғамдық тамақтану (кафе, мейрамхана)	14,4
Сұлулық индустриясы (шаштараз қызметтері, маникюр және т.б.)	13,2
Ойын-сауық саласы	12,3
Өндіріс (тамақ өнімдері, киім шығару)	11,5
IT саласы	11,1
Тұрмыстық қызметтер	9,4
Көлік қызметтері	8,6
Туристік бизнес	7,3
Білім беру қызметтері	7,3
Әлеуметтік желілерде блог жүргізу	7,1
Медициналық және сауықтыру қызметтері	6,2
Консалтингтік қызметтер: PR, экономика, маркетинг	5,9
Фитнес клубы	5,2
Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу	5,0
Логистика	4,4
Аграрлық бизнес	4,2
Мал шаруашылығы	0,5
Құрылыс	0,3
Жауап беруге қиналамын	3,2

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Жұмыс тәжірибесі жиі табыс деңгейі жоғары респонденттерде кездеседі. «Сізде жұмыс тәжірибесі бар ма» деген сұраққа респонденттердің 61,3%-ы жұмыс тәжірибесі бар екенін атап өтті, ал сауалнамаға қатысқандардың 38,7%-ы «жоқ» жауап нұсқасын таңдады (№30 диаграмма).

№30 Диаграмма. «Сізде жұмыс тәжірибесі бар ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің 19,7%-ы бұрынғы жұмыстарымен қанағаттанғаны анықталды, ал сауалнамаға қатысқандардың 9,8%-ы өткен жұмысының тәжірибесі сәтсіз болғанын атап өтті. Тек 8,1%-ы «Менің бұрынғы жұмысым мені толығымен қанағаттандырды» деген жауап нұсқасын таңдады (№31 диаграмма).

№31 диаграмма. «Сіз бұрынғы жұмысыңызға қаншалықты қанағаттандыңыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Жұмыс тәжірибесі бар респонденттердің бұрынғы жұмысынан бас тартуының себептері, ең алдымен, жалақының төмен деңгейі (43,9%), сондай-ақ жұмыс істеген жастардың едәуір бөлігі үшін компаниядағы қысқартулар (16,2%), қолайсыз жұмыс кестесі (14,6%) шешуші фактор болды (№47 кесте).

№47 кесте. «Сіз өткен жұмысыңыздан қандай себеппен шықтыңыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Жауап нұсқалары	**%**
Төмен жалақы	43,9
Компаниядағы қысқартуларға байланысты	16,2
Жұмыс кестесі қолайлы емес	14,6
Іс жүзіндегі тәжірибенің болмауы	8,3
Білім жетіспеушілігі	4,9
Жүктілік	1,0
Денсаулық жағдайына байланысты	0,8
Тұрмысқа шығу	0,6
Кездейсоқ табыс	0,4
Оқуға байланысты	0,4
Мансаптық өсудің болмауы	0,3
Компанияның банкротқа ұшырауы	0,3
Жұмыс істеу қиын	0,1
Әскер қатарына алып кетті	0,1
Келісімшарт мерзімі аяқталды	0,1
Жауап беруге қиналамын	8,0

Сауалнамаға қатысқандардың 39,8%-ы екі немесе одан да көп тұрақты жұмыс орындарын ауыстырды. 26,3%-ы кездейсоқ табысы көп жұмыстың болғанын, ал тұрақты жұмыс ешқашан болмағанын атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың 31%-ы «менде бір ғана тұрақты жұмыс болды» деген жауап нұсқасын таңдады (№32 диаграмма).

№32 Диаграмма. «Сіз өмірде қанша жұмыс орнын ауыстырдыңыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Сауалнамаға қатысқандардың ішінде 35,1%-ы - ешқашан жұмыс істемеген, респонденттердің 19,6%-ы - алты айға жуық, ал 9,7%-ы бірнеше жыл бойы жұмыс істемеген азаматтар болып шықты (№33 диаграмма).

№33 диаграмма. «Сіз қанша уақыт жұмыс істемедіңіз (жұмыс кестесі бар тұрақты жұмысты білдіреді)?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



4.3. Әуестік пен қызығушылықтар

NEET санатындағы жастардың жалпы санының үштен бірінде (29,0%) хобби жоқ. Хоббиі бар екенін атап өткен адамдар арасында оның мұндай түрлері аталған: кітап оқу (20,7%), аспаздық (19,4%), спорт (14,1%), сурет салу, дизайн (9,7%), балық аулау, аң аулау (9,4%), қолөнер (9,1%), шет тілдерін оқу (8,8%), музыкалық аспаптарда ойнау (7,6%) (№48 кесте).

№48 кесте. «Сіздің хоббиіңіз бар ма, сіз немен айналысасыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Менің хоббиім жоқ	29,0
Кітап оқимын	20,7
Аспаздық, тамақ дайындағанды ұнатамын	19,4
Мен спорт секцияларына барамын (бокс, жүзу, гимнастика, йога және т.б.)	14,1
Сурет салу, дизайн	9,7
Балық аулау, аң аулау	9,4
Мен қолөнермен айналысамын (тоқу, кесте тігу, бисер тоқу және т. б.)	9,1
Шет тілдерін оқимын	8,8
Музыкалық аспапта ойнаймын	7,6
Би, хореографиямен айналысамын	5,2
Флористиканы зерттеп, өсімдіктер өсіремін	4,4
Мен белгілі бір заттардың коллекциясын жинаймын (жалаулар, комикстер, мүсіншелер, рецепттер және т.б.)	3,9
Ән айтумен, вокалмен айналысамын	3,7
Мен робототехника және басқа да техникалық жобалармен жұмыс істеймін	2,1
Шешендік өнерді дамытамын	1,4
Саяхат	0,1
Жауап беруге қиналамын	3,1

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Респонденттер бос уақытын достарымен (75,6%) немесе отбасымен (51,8%) және туыстарымен (38,7%) өткізеді.14,8% немесе әрбір алтыншы респондент бос уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді (№49 кесте).

№49 кесте. «Сіз әдетте бос уақытыңызды кіммен өткізесіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

Жауап нұсқалары	**%**
Қарым-қатынас	75,6
Мен бос уақытымды тек отбасыммен (ата-анаммен, жұбайыммен) өткіземін	51,8
Туыстарымен	38,7
Бос уақытымды виртуалды кеңістікте өткіземін (әлеуметтік желілер)	14,8
Бір серіктес таныстармен	14,4
Ортақ қызығушылықтары (спортпен шұғылдану, ортақ хобби) бар таныстармен	6,8
Менің саяси көзқарастарыма қосылатын пікірлес адамдармен	1,1
Менің діни көзқарастарыма қосылатын пікірлес адамдармен	0,9
Жауап беруге қиналамын	0,8

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

5. АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ

5.1. Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін қабылдау

NEET санатындағы жастардың 38,4%-ы мемлекеттік жастар саясаты тиімді жүзеге асырылуда деп санайды.

Қазақстандық жастардың 24,7%-ы елімізде мемлекеттік жастар саясаты іске асырылып жатқанын білмейді.

Деректерді талдау NEET санатындағы жастардың 29,3%-ы мемлекеттік жастар саясатын тиімсіз («дәлірегі тиімсіз», «тиімсіз») деп бағалайтынын көрсетті (№34 диаграмма).

№34 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді жүзеге асырыла ма?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Жауаптарды жас бойынша бөлу ересек жас тобының (24-28 жас) елдегі жастар саясаты тиімсіз (32,8%) жүзеге асырылып жатыр деп есептейтінін анықтады. Сондай-ақ, орта жастағы тобындағы (19-23 жас) респонденттердің 29,6%-ы МЖС тиімсіз жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Кіші жас топ өкілдерінің (14-18 жас) 25,5%-ы МЖС тиімсіз екенін де көрсетті.

Елді мекеннің түрі бойынша респонденттердің жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мәселен, NEET санатындағы қалалық жастар жастар саясатын іске асыруды тиімді деп бағалайды – 32,1%, ауыл жастарының арасында жастар саясатын жүзеге асыруды респонденттердің 46,4% тиімді деп бағалайды.

Алынған деректерді талдау NEET санатындағы жастардың мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда бірінші кезекте жастарды жұмысқа орналастыруға (38,1%), екіншіден, жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге (19,6%), үшіншіден, жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға (12,5%) назар аудару қажет деп есептейтінін көрсетті. Жастардың басқа да маңызды сұраныстарының қатарында шәкіртақыны, жалақыны, жеңілдіктерді арттыру (9,3%) бар.

Жастардың 13,0%-ы мемлекеттен ешқандай қолдау күтпейтінін атап өтті (№35 диаграмма).

№35 диаграмма. «Сіз бірінші кезекте мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда қандай нәрсеге назар аудару керек деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

NEET санатындағы жастардың сұраныстары жас бойынша біршама ерекшеленеді. Ересек жастағы топ мүшелері (24-28 жас) қалған екі топқа қарағанда жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету қажеттілігіне баса назар аударады – 27,0%. Орта жастағы (19-23 жас) топ респонденттерінің 19,5%-ы ғана «Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету» деген жауап нұсқасын таңдады. Ал кіші жастағы топ өкілдерінің (14-18 жас) тек 12,6%-ы «Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету» деген жауап нұсқасын көрсетті. Алайда, кіші жас тобының өкілдері (14-18 жас) басқа респонденттерге қарағанда жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру қажеттілігін де көрсетті – 16,6% (№50 кесте).

№50 кесте. «Сіз бірінші кезекте мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда қандай нәрсеге назар аудару керек деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың жас бойынша таралуы, %

Жауап нұсқалары	**14-18 жас**	**19-23 жас**	**24-28 жас**
Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	12,6	19,5	27,0
Жастарды жұмысқа орналастыру	37,1	39,0	38,3
Жастарға медициналық қызметтердің қолжетімділігі	7,0	6,7	5,6
Жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру	16,6	11,1	9,3
Шәкіртақыны, жалақыны, жеңілдіктерді арттыру	10,5	10,5	6,8
Ешқандай қолдау күтпеймін	14,2	12,3	12,6
Жоғарыда айтылғандардың барлығы	0,8	0,3	0,0
Жауап беруге қиналамын	1,2	0,6	0,4

NEET санатындағы жастардың жастарды әлеуметтік қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысу деңгейі өте төмен. Осылайша, зерттеуді талдау нәтижелері мемлекеттік бағдарламаларға қатысудың ең төмен көрсеткіші

жастарды әлеуметтік қолдаудың келесі бағдарламаларында көрсетілгенін анықтады: «Президенттік жастар кадрлық резерві» – (1,9%), «Серпін-2050» – (2,2%), «Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасы – (2,8%).

Сауалнама көрсеткендей, жастардың «Жасыл ел» бағдарламасына қатысу деңгейі – 8,3%, білім беру ұйымдарының түлектері үшін «Жастар тәжірибесі» – 5,8%, сондай-ақ барлығына тегін техникалық және кәсіптік білім беру - 5,7% (№51 кесте).

№51 кесте. «Сіз жастарды әлеуметтік қолдаудың қандай да бір мемлекеттік бағдарламаларына қатыстыңыз ба? Егер қатыссаңыз, көрсетілген қызметтерге/ұсынылған мүмкіндіктерге қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %

Бағдарламалар	Қатысқан жоқпын	Қатыстым, толық қанағаттанамын	Қатыстым, дәлірегі қанағаттанамын	Қатыстым, дәлірегі қанағаттанбаймын	Қатыстым, толық қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
Білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған «Жастар тәжірибесі»	93,2	2,8	1,6	0,9	0,5	1,0
Жастар үшін жеңілдікті тұрғын үй беру бағдарламалары *(«Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде жұмыс істейтін жастар үшін өтеуін төлеп алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй және т.б.)*	95,2	1,1	1,5	0,5	0,4	1,3
«Дипломмен ауылға!» жобасы	95,9	1,2	0,8	0,7	0,1	1,3
«Жасыл Ел» жобасы	90,6	4,4	2,1	1,0	0,8	1,1
«Бизнес жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	95,8	0,9	1,0	0,7	0,3	1,3
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	95,8	1,4	1,1	0,3	0,1	1,3
«Жас кәсіпкер» жобасы	96,0	1,3	0,8	0,3	0,1	1,5
«Серпін-2050»	96,2	0,9	0,7	0,5	0,1	1,6
Барлығына тегін техникалық және кәсіптік білім беру	93,0	2,3	1,8	1,0	0,5	1,4
«Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасы	96,1	1,5	0,8	0,4	0,1	1,1
Президенттік жастар кадрлық резерві	96,6	0,8	0,6	0,4	0,1	1,5

5.2. Жастармен жұмыс арналары

Зерттеу нәтижесінде әрбір үшінші респондент мемлекеттік бағдарламалар, жобалар және жастарға арналған орталықтар туралы әлеуметтік желілердегі жаңалықтар легінен білетіні анықталды (32,0%).

Респонденттердің 26,2%-ы «Мемлекеттік бағдарламалар, жобалар және жастар орталықтары туралы қайдан білесіз?» сұрағына «Теледидар

бағдарламаларынан» жауап нұсқасын таңдады. (25%) респонденттер мемлекеттік бағдарламалар туралы интернеттен (жаңалықтар, тақырыптық сайттар) біледі. Сондай-ақ жастар мемлекеттік бағдарламалар туралы жақын адамдар тобымен байланыс арқылы біледі (24,0%) (№36 диаграмма).

№36 диаграмма. «Мемлекеттік бағдарламалар, жобалар және жастар орталықтары туралы қайдан білесіз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Зерттеу нәтижелері бойынша NEET санатындағы жастардың 66%-ы мемлекеттің жастарды қолдау саласындағы қызметіне қанағаттанбайды, оның 46,4%-ы мемлекеттік органдар жастарға жеткіліксіз көңіл бөледі, ал 19,6%-ы мемлекет жастар үшін ештеңе жасамайды деп санайды. Осылайша, NEET санатындағы респонденттердің тек 20,4%-ы мемлекет жастардың дамуына барлық жағдай жасайды деп санайды (№37 диаграмма).

№37 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы мемлекеттік органдар жастар мәселесіне жеткілікті көңіл бөле ме?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %



Зерттеу көрсеткендей, мемлекет жастар мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмейді деп санайтындар арасында табысы төмен NEET санатындағы жастар көбірек. Елді мекен тұрғысынан корреляция қала тұрғындарының мемлекеттік органдар жастарға жеткілікті көңіл бөлмейді деп санайтынын көрсетті (47,1%). Ауыл тұрғындарына келетін болсақ, респонденттердің пікірі бірдей (45,4%). Бұл мәселені жас тұрғысынан қарастырған кезде корреляция орта жастағы топ өкілдері (19-23 жас) мемлекеттік органдардың жастарға жеткіліксіз көңіл бөлетінін (48,6%) атап өткенін көрсетті. Кіші және үлкен жастағы топ респонденттерінің саны бірдей дерлік бұл жауап нұсқасын таңдады: кіші жас тобы – 45,6%, үлкен жас тобы – 45,1%.

Жастармен жұмыс жас адамдар болатын жерлерде және олар үшін қолайлы жағдайларда жүргізіледі. Оның негізі сенім және ерікті қатысу қағидалары болып табылады. Осылайша, «Сіз жастармен жұмыс істеудің қандай формаларын ең тиімді және перспективалы деп санайсыз?» сұрағына NEET санатындағы жастар ең алдымен қызығушылық бойынша клубтарды, үйірмелерді, секцияларды (31,2%), содан кейін әртүрлі мәселелер бойынша семинарлар мен дәрістерді атап өтті. Сондай-ақ, ойын-сауық бағдарламалары (фестивальдар, концерттер, ойындар, шоулар және т.б.), яғни жастардың дамуына әсер ететін, олардың әлеуетін ашуға ықпал ететін ойын-сауық сипатындағы іс-шаралар.

«Жеке әлеуметтік-психологиялық консультациялар» жауап нұсқасына ерекше назар аударған жөн – 17,4%. Бұл жауап нұсқасы жастармен жұмыс істеудің ең тиімді және перспективалы түрлерінің бірі ретінде де атап өтілді. Жастармен жұмыстың бұл түрін ең төмен табыс деңгейіне ие жастар атап өтті (№ 38 диаграмма).

№38 Диаграмма. «Сіз жастармен жұмыс істеудің қандай түрлерін ең тиімді және перспективалы деп санайсыз?» деген сұраққа жауаптардың таралуы, %*

**Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алады*

Қорытынды

Жаппай сауалнама нәтижелерін талдау келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Құндылықтар шкаласында отбасылық құндылықтар едәуір басымдыққа ие. Респонденттердің 47,1%-ы оларды өміріндегі басты құндылық ретінде бөліп көрсетті. Бұдан кейін материалдық сипаттағы мақсаттар – жақсы табыс (37,9%) және «өзінің үйі, пәтері болуы» (36,2%).

Жұмыспен қамтылмағанына қарамастан, респонденттердің көпшілігі (79,3%) қазіргі кездегі өмірлерімен қанағаттанатынын атап өтті. Бұл ретте респонденттердің 59,1%-ы болашаққа үміт пен сенімділікпен қарайды.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі өздерін белгілі бір дінге жатқызады. Мәселен, сауалнамаға қатысқандардың 75,6%-ы исламды ұстанамыз деп жауап берді. Респонденттердің 16,3%-ы өздерін православиелік деп санайды. Сонымен қатар, NEET санатындағы жас респонденттердің тек 14,4%-ы өз дінінің барлық қағидаттарын немесе ережелерін сақтайды.

Сауалнамаға қатысқандардың арасында девиантты мінез-құлық жоқ. Респонденттердің көпшілігі ешқашан девиантты мінез-құлықтың әртүрлі формаларын өздері жасамағанын және қатаң түрде айыптайтынын көрсетті. Осылайша, респонденттердің 84,5% өздері ешқашан есірткіні қолданбаған және оны айыптайды; басқа ұлт өкілдеріне ашық араздық таныту (82,2%); ұрлық, қаржылық алаяқтық (80,6%); жануарларға қатыгездік (79,5%).

Сауалнамаға қатысқандардың отбасылық сипатына келетін болсақ, көп жағдайда ол жақсы көрсеткіштерге ие. Респонденттердің көпшілігі (75,3%) ата-анасының екеуі де бар толық отбасында өсті не тәрбиеленіп келе жатыр. Респонденттердің көпшілігі (82,7%) өз отбасыларында үнемі жанжалдардың болуын, үйлерінде бөгде адамдардың ұзақ уақыт болуын, оларға қатысты қорлайтын сөздердің айтылуын, ата-аналардың жиі ішімдік ішуін, отбасы мүшелері арасындағы төбелесті және есірткіні қолдануды жоққа шығарады.

Жастар өздерінің денсаулық деңгейіне айтарлықтай оптимистік көзқараспен қарайды, сондықтан 60% өздерін толығымен сау деп санайды. Жас респонденттердің 9,5% созылмалы аурулары бар, бірақ асқынулар жоқ.

Респонденттердің көпшілігі мектепте өте жақсы үлгерімге ие болды. Сауалнамаға қатысқандардың 61,5%-ы «жақсы» және «өте жақсы», қанағаттанарлық, 36,5%-ы «үштікке» оқыды. Қазіргі уақытта сауалнамаға қатысқандардың 47,4%-ы оқуын жалғастыруға ниетті, 45%-ы мұны жоспарламайды және қалған 7,6% өздерінің білім алу жоспарлары туралы сұраққа жауап беруде қиналады. Респонденттердің көпшілігінің пікірінше (41,4%), олардың кәсіптік білім алуына/жалғастыруына кедергі келтіретін негізгі фактор, ең алдымен, оқудың жоғары құны болып табылады. 18,1% немесе сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам кедергі олардың төмен мотивациясы екенін атап өтті.

Сауалнамаға қатысқандардың жауаптарын талдау олардың айтарлықтай несиелік жүктемесі жоқ екенін көрсетеді. Сонымен, көп жағдайда респонденттер несиенің ешқандай түрін алмағанын атап өтті. Респонденттердің кейбір бөлігі белгілі бір мақсаттарға несие алғанын атап өтті. Респонденттер негізінен тұрмыстық техника, бейне техника, компьютер, телефон және осыған ұқсас заттарға арналған кредиттерді пайдаланады.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (54,7%) Қазақстандағы саяси өмірге, саяси партиялардың, мемлекет өкілдерінің, басқару органдарының қызметіне және т.б. қызығушылық танытатынын атап өтті. Респонденттердің негізгі

ақпарат көзі – әлеуметтік желілер (58,4%), одан кейін теледидар (34,6%), NEET санатындағы әрбір үшінші респондент ақпаратты туыстары, достары мен таныстарынан (31,9%) алады. Басқаларға қарағанда білім деңгейі жоғары респонденттердің Қазақстандағы саяси оқиғалар туралы ақпарат алу көздерінің қатарында шетелдік интернет-БАҚ пен баспа басылымдары бар екенін атап өткен жөн.

Жастар мәселелері мен наразылық әлеуеті арасындағы байланыс байқалады. Респонденттерді алаңдататын ең маңызды мәселелер рейтингінде азық-түліктің жоғары бағасы (49,9%), жұмыссыздық (38,9%), табыстың төмен деңгейі (38,7%), білім берудің жоғары құны (34,4%), сондай-ақ жеке тұрғын үйдің болмауы (20,3%). Сонымен қатар, респонденттердің өз аймағында келесідей жағдайлар орын алса, олардың жаппай наразылықтарға қосылуына әсер етуі мүмкін факторлар: өнімдер мен дәрі-дәрмектерге бағаның өсуі (15%), коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі (10,8%), әлеуметтік төлемдердің төмендеуі (10%), яғни, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептер. Нақтырақ айтқанда, олар белгілеген мәселенің – азық-түлікке жоғары баға - шиеленісуі кезінде наразылықтарға қатысу арқылы оларды азаматтық белсенділікке тарту мүмкіндігі бар.

Респонденттердің жұмыс іздеу саласындағы нақты үрдісі анықталды.

Қазіргі кезде барлық респонденттер жұмыс іздеп жатқан жоқ. Респонденттердің 63,8%-ы тұрақты жұмыс/оқу жоқ болуына байланысты алаңдайтынын атап өтті. Ал 36,2% бұл факт оларда алаңдаушылық тудырмайтынын атап өтті. Бүгінгі таңда респонденттердің жартысынан азы жұмыс іздеуге ұмтылады – 41,7%, қалған 58,3% қазіргі уақытта жұмысқа орналасуға қызығушылық танытпайды. Қазіргі уақытта жұмыс іздеп жүргендердің арасында, табысы төмен жастар көбірек (45,6%), жас ерекшелігі бойынша 19-29 жас аралығындағы егде жастағы жастар (49,3%).

Жұмыс іздеудің ең көп таралған әдістерінің қатарына мыналар жатады: достары, таныстары (67%), газеттегі/Интернеттегі хабарландырулар (57,3%), ата-аналардың көмегіне (27,8%), халықты жұмыспен қамту орталықтары (17,9%). Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттер көбінесе сауда (18,5%), көлік, байланыс (17,9%), тамақтану (16,8%), құрылыс (16,7%) сияқты салаларда жұмыс іздейді.

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі үшін жұмыс орнын таңдауда шешуші фактор-жалақы (70,1%). Сондай-ақ, респонденттердің 38,7%-ы жұмыс орнын таңдауда олар үшін қолайлы жұмыс жағдайлары анықтаушы фактор болатынын атап өтті. Талдау нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың тек 14,7%-ы үшін ғана мансаптық мүмкіндіктер шешуші мәнге ие. Бір қызығы, жастардың басым бөлігі үшін жұмыс таңдауда оның алған мамандығы бойынша бола ма, жоқ па, ол шешуші фактор емес. Респонденттердің тек 6,8%-ы бұл фактордың олар үшін өте маңызды екенін атап өтті.

Жұмыс іздеудегі басты мәселе - оларға төмен жалақының ұсынылуы. Жұмыс табудағы қиындықтардың ішінде респонденттер жалақының төмен деңгейін (51,6%), жұмыс тәжірибесінің жоқтығын атап өтті, сондықтан көптеген кәсіпорындар оларды жұмысқа алмайды (44,7%). Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі (27,5%) жұмыс іздеу кезінде кәсіби білім мен дағдылардың жетіспеушілігіне тап болғанын атап өтті. Жұмыс тәжірибесі бар респонденттердің бұрынғы жұмысынан шығу себептері, ең алдымен, жалақының төмен деңгейі (43,9%) болып табылады.

Жаппай сауалнама нәтижелері респонденттердің жастарды мемлекеттік қолдау тетіктеріне тартылуының төмен деңгейін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысқандардың 38,4%-ы мемлекеттік жастар саясаты тиімді жүзеге асырылуда деп санайды. Сұралғандардың көпшілігінің пікірінше, мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда бірінші кезекте жастарды жұмысқа орналастыруға (38,1%), екіншіден, жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге (19,6%), үшіншіден, жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға (12,5%) назар аудару қажет. Жастардың басқа да маңызды сұраныстарының қатарында шәкіртақыны, жалақыны, жеңілдіктерді арттыру (9,3%) бар.

NEET санатындағы жастардың 66%-ы мемлекеттің жастарды қолдау саласындағы қызметіне қанағаттанбайды, оның 46,4%-ы мемлекеттік органдар жастарға жеткіліксіз көңіл бөледі, ал 19,6%-ы мемлекет жастар үшін ештеңе жасамайды деп санайды. NEET санатындағы респонденттердің тек 20,4%-ы мемлекет жастардың дамуына барлық жағдай жасайды деп санайды.

Ұсыныстар

Біріншіден. Респонденттер атап өткен негізгі мәселелердің бірі - оқудың жоғары құны. Қазақстандық жастар үшін колледждер мен ЖОО-да шәкіртақы бөліп, тегін негізде оқыту үшін зор мүмкіншіліктер берілетіні бәріне белгілі. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі мектеп жылдарында жақсы үлгерімге ие болғанын ескере отырып, жалпы білім беретін және орта мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту қажет. Бұл оларға арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарына сәтті түсу үшін қажет қадамдар бойынша хабардар етуді қамтиды.

Сонымен қатар, ақпараттық жұмыстарды жүргізу кезінде респонденттердің көпшілігі ақпаратты алудың негізгі арнасы ретінде әлеуметтік желілерді атап өткенін ескеру қажет.

Екіншіден. Жастардың наразылық әлеуетін алдын алу қажет. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің бір бөлігі өздері белгілеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер шиеленіскен жағдайда наразылық акцияларына қосылуға дайын. Профилактикалық жұмыс ақпараттық жұмысты қамтуы тиіс, оның шеңберінде мемлекеттің жастарды жұмыспен қамтуына жәрдемдесуі, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау нысандары және басқа да аспектілер сияқты мәселелер қамтылатын болады.

Үшіншіден. Сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі (27,5%) кәсіби білім мен дағдылардың жетіспеушілік мәселесін атап көрсетеді. Берілген мәселе бойынша жас мамандардың кәсіби тәжірибесі мен тағылымдамасына бағытталған қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар, мысалы «Жастар тәжірибесі», бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу қажет. Сонымен қатар, жастардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін дамытуы мен кеңінен пайдалануын ескере отырып, жастарды оқыту мен біліктілігін арттырудың жаңа форматтарын енгізу маңызды.

III. ТЕРЕҢ СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Респонденттердің сипаттамасы

NEET жастарымен терең сұхбат нәтижелерін талдау NEET санатындағы жастардың ***өмір сүру деңгейіне қанағаттану, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, білім деңгейі,*** сондай-ақ ***жұмысқа орналасудағы негізгі мәселелерді зерттеу*** сияқты параметрлер бойынша негізгі сипаттамалары мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, терең сұхбат ***NEET жастарының нақты мәселелерін*** анықтауға, сондай-ақ ***респонденттердің осы мәселелерді шешу бойынша мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалауға*** бағытталған.

Зерттеу бағдарламасына сәйкес еліміздің әр өңірінен қазіргі таңда еш жерде жұмыс істемейтін және оқымайтын **34** жас тереңдетілген сұхбатқа қатысты. Оның 11-і ер адамдар, 23-і әйелдер, үйленген/тұрмысқа шыққан – 16, үйленбеген – 18. Респонденттердің жас аралығы 18-ден 28 жасқа дейін болды. Тұрғылықты жері бойынша: 13-і ауылда, 21-і қалада тұрады. Респонденттердің 11-інің орта білімі, 13-інің арнаулы орта, 10-ының жоғары білімі бар.

2. Өмір сүру деңгейіне қанағаттану

NEET жастарының қазіргі өмір сүру деңгейіне, оның ішінде **өмір сүру жағдайларына, материалдық әл-ауқат деңгейіне,** жалпы алғанда, қанағаттану деңгейі **төмен** деп бағаланады. Респонденттердің көпшілігі отбасының қазіргі табыс деңгейіне алаңдаушылық білдіреді. Сонымен қатар, респонденттер әсіресе **жұмысқа орналасу қиындықтарына, қажетті тауарлардың жоғары бағасына назар аударады.**

*«Қазіргі жағдайға келетін болсақ, әрине, мен қазір жұмыссыз болғаныма риза емеспін, бірақ мен жұмыс іздеп жүрмін, әлі күнге дейін менің жасымда жұмысымның жоқтығы жақсы емес деп ойлаймын. Жағдай туралы жауапқа келетін болсақ, онда шынымен де жұмыс болмаса, материалдық жағы қайдан келеді, сондықтан **әлі де қиындықтар бар**, бәрі мені қанағаттандырады деп айта алмаймын, сонда да бәрі жақсырақ болушы еді».*

*«Ал, 70%. Қазір, мысалы, **жұмыс табу қиын**. **Бәрі қымбат**. Жалпы, өмір сүру мүмкін емес. Біз қолымыздан келгенше күн көріп жатырмыз. Ештеңе жоқ. Ертеңгі күнімізге сенімділік жоқ. Мүмкін ертең соғыс бағысталып кетсе тіпті жейтін ештеңеміз жоқ. Қант қанша тұратынын білесіз бе? Сұмдық қымбат. Жалақы 50 мың, ал бір қап қант (50 килограмм) 40 мың теңге тұрады. Ал қазір жаз. Қысқа қалай дайындаламыз?».*

Маңыздысы, көбінесе респонденттер қазіргі өмір сүру деңгейін бағалау кезінде алдымен өздерінің денсаулығы мен жақындарының әл-ауқатына қанағаттанушылықтарын білдіреді, содан кейін мәселелерді сипаттауға көшеді. Бұл респонденттердің **басты құндылығы отбасы мен денсаулық сияқты материалдық емес аспектілер** екенін көрсетеді. Ең алдымен, олар материалдық жағдайға қанағаттанбаудың жалпы жағдайына қарамастан, бар нәрсеге ризашылықтарын білдіреді.

*«Мен **тірі және сау** болғаныма қуаныштымын, бірақ материалдық жағдайым және өмір сүру деңгейім мені қанағаттандырмайды».*

Сонымен бірге, респонденттердің кейбір бөлігі өмір деңгейіне айқын наразылық білдіреді. «Өмір сүру деңгейіне көңіліңіз тола ма?» деген сұраққа олар бір буынды және категориялық түрде жауап береді.

«Шынымды айтсам, жоқ».

«Онша риза емеспін».

Кейбір респонденттер **қоршаған ортаға қанағаттанбаушылықты**, оның тұрғылықты жердегі денсаулық жағдайына қолайсыздығын да атап өтті.

«Экологияға келетін болсақ, мұнда өте нашар, лас. Мен осы жерге көшіп келгенімде, ұзақ уақыт ауырдым. Мен бірнеше жыл жүкті бола алмадым, жақында ғана босандым. Сондықтан бұл жердің табиғатына көңілім толмайды».

Сонымен қатар, кейбір респонденттердің жауаптары **оптимизмді және болашақта өмір сүру деңгейін жоғарылату үмітін** көрсетеді. Респонденттердің жауаптарын талдау респонденттердің өмірге қанағаттануының жоғары деңгейі мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасы арасындағы байланысты анық көрсетеді.

*«Жалпы, қанағаттандырады деп айтуға болады, өйткені мен қазір өзіммен үйлесімдімін, ішкі дауысымды тыңдауға тырысамын. Материалдық тұрғыдан алғанда, қазіргі уақытта мен **ата-анамның қамқорлығында болғандықтан**, тұрмыстық жағдайда ешқандай мәселе жоқ. **Олар мені толық қамтамасыз етеді, бәрін сатып алады, мені еркелетеді.** Қоршаған орта да жақсы, көбінесе пікірлес адамдармен араласамын».*

*«Иә, әрине, бәрі жақсы. Мен екі баланың бақытты анасымын, сүйікті жармын. Материалдық жағдай да қанағаттанарлық. Мен жұмыс істемеймін, бала күтімімен айналысамын, сұлулық салондарына ақшам жетеді. Жылына бір рет, кейде екі, жылына үш рет мен шетелге демалуға барамын. Сондай-ақ, Қазақстан бойынша көп саяхаттаймыз. **Менің жұбайым-кәсіпкер, сондықтан мен өмірде өте бақыттымын деп айта аламын**».*

*«Бүгінде мен ата-анаммен және үлкен ағаммен бірге тұрамын. Әрине, материалдық әл-ауқат деңгейі мені қанағаттандырады деп айта алмаймын. Себебі мен қазір жұмыс іздеп жүрмін, **ата-анам маған уақытша көмектеседі**, мен өзімді табуға тырысудамын».*

Респонденттердің көпшілігі **өткен жылы олардың өмірі нашарлағанын атап өтті**. Негізінен, бұл өзгерістер өзінің және жақындарының денсаулығы мен әл-ауқат жағдайына байланысты. Ең алдымен, респонденттердің пікірінше, бұл COVID-19 пандемиясының салдары, әсіресе өткен жылы қайталанған «толқындарда» қатты соққы болды.

«Соңғы бір жылда, тіпті соңғы екі жылда денсаулық жағдайы, әрине, нашарлады, өйткені алғаш коронавирус басталғанда, бірінші рет ауырған кезде, бәрі үстірт өтті, екінші рет ауыра бастағанда, барлық созылмалы аурулар дами бастады. Сондықтан денсаулыққа қатысты бәрі жақсы деп айта алмаймын».

«Өткен жылы мен коронавирус тудырған қорқыныш пен қауіп туралы көбірек алаңдадым. Осы жағдай мені қатты алаңдатты, өйткені менің жақындарыма зиянын тигізді».

«Өткен жылы біз коронавируспен қатты ауырдық. Яғни, өмір нашарлады, отбасымызбен қатты ауырдық. Біз екі апта бойы карантинде болдық».

«Менің өмірімдегі ең ауыр өзгеріс – анамның ауырғаны. Әрине, мен жұмысымды тастауға тура келді. Міне, осы жылғы өмірімдегі ең үлкен өзгерістер. Сондықтан менің өмірім биыл біршама нашарлады. Бірақ бар қиындықтың артынан жақсылық келеді. Сондықтан мен үмітімді үзбеймін».

Сонымен қатар, өткен жылдағы жағдайдың нашарлауының негізгі себептерінің бірі – **жұмыстан айырылу және табыс деңгейінің төмендеуі**, өзімді және отбасымды қажетті заттармен қамтамасыз етудің қиындығы.

*«Соңғы 5 айда өмір өзгерді. Былайша айтқанда наурызда мен **жұмыссыз қалдым**, содан кейін бәрі «дұрыс» болмады. Мен вахтада 4 жыл жұмыс істедім, бірақ наурыз айында мені қысқартты, жұмысымды жоғалттым. Содан кейін, әрине, мен жұмыс іздедім, бірақ бәрі бекер, әзірге. Өзіме сәйкес келетін жұмысты табу нәтиже бермеді».*

«Соңғы уақытта өзгерістер болды, әрине жағдай нашарлады, мен дүкенде жұмыс істеген кезде, кем дегенде күн сайын 3000 теңге алатынмын. Мен ол жерден кеткендіктен, қазір табысым жоқ, сондықтан, әрине, жағдай нашарлады. Отбасымда еш өзгеріс жоқ, денсаулығым жақсы сияқты».

«Менің ойымша, жағдайымның нашарлаған себебі қазір маған жұмыс, бірдеңе табу қиын. Әрине, мен де елдегі, әлемдегі соңғы оқиғалардан, хабардар болып отырмын, көптеген азық-түлікке, техникаға, электроникаға, бәріне бағалар өсті. Өмір сүру біршама қиындап кетті».

«Өмір нашарлап барады. Баға өсуде, ал жалақы сол қалпында өзгермей қалуда. Сондықтан өмір нашарлады деп ойлаймын».

Респонденттердің көпшілігі **олардың өмірі жалпы жастардың өмірінен айтарлықтай ерекшеленеді деп санайды**. Негізінен, айырмашылықтардың себептерін олар өмір сапасы, қымбат смартфондар сияқты кез-келген заттарды сатып алу мүмкіндігі деп санайды.

«Бізде ештеңе жоқ, қалғандарында бәрі бар. Мысалы, кез келген оныншы сынып оқушысын алайық, барлығында айфон бар. Ал бізде не бар? Қарапайым нокиа. Бірде естіледі, бірде естілмейді».

Сондай-ақ, ауылдарда тұратын респонденттер өз өмірі мен қала жастарының арасындағы айырмашылықты байқайтынын атап өткен жөн. Бұл айырмашылық бос уақытты өткізуде, өмір сүру жағдайында көрінеді.

«Ия. Негізінен, жастар қалада тұрады, жұмыс істейді, бірдеңе жасайды, белсенді өмір сүреді. Ал мен не? Мен қазір ауылда тұрамын, мал бағамын, үй шаруасын жасаймын. Қазір менің өмірімде ерекше қызықты сәттер болып жатқан жоқ. Бұрын жұмыс істеген кезде, ең болмағанда вахтаға барып, достарыммен қалада серуендеп, пәтер жалдайтынмын. Ал қазір жұмыс жоқ болғандықтан, мұндай мүмкіндік жоқ, сондықтан ауылда ата-анамен бірге ескі үйде тұруға тура келеді».

Респонденттер атап өткен басқа айырмашылықтардың қатарында – **отбасылық жағдай** бар. Респонденттердің бір бөлігі балалары бар үйленген/тұрмысқа шыққан жастардың өмірі некесіз жастардың өмірінен айтарлықтай ерекшеленеді деп санайды. Бұл айырмашылықты некелі және үйленбеген респонденттер де ажыратады.

«Әрине, басқаша. Қазіргі уақытта менің құрдастарым, тұрмыс құрған және балалары бар. Біреу жұмыс істейді, бірақ мен әлі істей алмаймын. Сізді алаңдатады ма? Әрине, алаңдатады. Жылдар өтіп жатыр, ал менің балаларым жоқ, тұрмысқа шықпадым. Мен үмітімді үзбеймін. Ең бастысы, анамның сауығып кетуі. Бұл менің бүгінгі басты мақсатым».

«Жастардың көпшілігі, шамамен осы жастағы қыздарды алғанда, тұрмысқа шығады, босанады және үйде отырады, сондықтан менің ойымша, біздің өміріміз әлі тұрмысқа шықпағандарды және жұмыс істейтіндерді есептемегенде соншалықты өзгеше деп айта алмаймын. Әрине, біздің жұмыс істейтіндерден айырашылығымыз бар».

«Ал, біздің қаладағы жастардың өмірі менікі сияқты. Мен тіпті білмеймін, мүмкін, егер тұрмысқа шықпағандарды алсаңыз, оларға, әрине, оңай, балалары жоқ, олар өздері үшін өмір сүреді. Ал тұрмысқа шығып, балаларыңыз болған кезде, көбінесе материалдық жағдай маңызды рөл атқарады. Менің материалдық жағдайым мен қалағандай өмір сүруге және жастар сияқты қыдыруға мүмкіндік бермейді».

Респонденттердің олардың өмірі басқа жастардан ерекшеленбейді немесе шамалы дәрежеде ерекшеленеді деп жауап берген жауаптарын талдау бұл **қазіргі материалдық жағдайға қанағаттанумен байланысты** екенін көрсетеді. Негізінен, бұл отбасы мүшелерінің қолдауына ие жастар.

«Айырмашылығы жоқ. Сізді алаңдатады ма? Мен бұл туралы ойламаймын. Жалғыз нәрсе, мен балалар аздап есейгенде, ақша табу үшін емес, өзім үшін жұмысқа шыққым келеді. Мен мектепте біраз жұмыс істедім, кейін декретке шықтым. Сондықтан мен жан тыныштығы үшін жұмыс істегім келеді. Дегенмен, бұл менің мамандығым. Ал, жұбайым әлі жұмысқа шықпа, мен сені қамтамасыз етіп жатырмын, ал сен балаларды бақ. Сосын олар кішкене өскен соң шығасың дейді. Ал, ары қарай көрейік. Әзірге мен үй шаруасындағы әйелмін».

Сонымен қатар, басқа жастардан айырмашылық туралы сұраққа жауап беру кезінде **«gap-year»** деп аталатын қазіргі тенденцияның көрінісі анықталады. Бұл ретте, еңбек демалысының бұл түрі жақын адамдарынан, оның ішінде материалдық және моральдық қолдауға ие болған адамдарға тән екенін атап өткен жөн.

«Мен өзімді түсіну үшін, маған ұнайтын нәрсені табу үшін академиялық демалыс алуды шештім. Әрбір жас жігіт немесе қыз бір жыл бойы академиялық демалысқа шыға бермейді, көптеген адамдар бұған батылдық танытпайды. Көптеген адамдар қандай да бір шеңберге енгендіктен және олар өзгелерден ерекшеленетіндіктен, басқа көзқарастардың болуы – ұят. Олар мұны қалыпты деп санамайды. Ал, мен, өз кезегінде, бұған сабырмен қараймын. Мен еркін адаммын, сондықтан мен қалағанымды істеймін. Мен үшін ең бастысы, мен мұны өзім қалаймын және ешкімнің пікірі маған әсер ете алмайды».

3. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Маңызды аспект – сауалнамаға қатысқан барлық жастардың **отбасымен және туыстарымен бірге тұруы**: біреуі ата-анасымен, бауырларымен, біреуі-жұбайымен/балаларымен. Сонымен қатар, тұрғын үй жағдайлары айтарлықтай ерекшеленеді-бірнеше отбасын орналастыратын уақытша үйден бастап, респонденттер өскен және ата-аналары сыйға тартқан ата-аналық пәтерге дейін. Респонденттердің көпшілігі ата-анасының немесе жақын туыстарының меншігіндегі тұрғын үйде тұрады. Сауалнамаға қатысқандардың бір бөлігі тұрғылықты жері жалға берілетін пәтер екенін атап өтті. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің едәуір бөлігі ата-аналардың қолдауында екенін атап өтті.

«Мен ата-анамның қамқорлығындамын, олар мені толығымен қамтамасыз етеді».

«Мен ата-анама үйде көмектесемін, барлық үй шаруасын өзім істеймін, өйткені оларға қиын. Олар жұмыс істейді, анам мектепте, әкем де мектепте. Олардың жалақысына біз уақытша тұрып жатырмыз».

«Мен ата-анаммен бірге тұрамын. Бауырым бар. Күн көріп жатырмыз. Кейде кіреберістің бір жерінде едендерді жуамын. Бізде табыс жоқ. Қолымыздан келгенше күн көріп жатырмыз. Мен ұзақ уақыт жұмыс істемедім. Иә, бауырым, әкем жұмыс істейді».

Некеде тұрған респонденттерді, сәйкесінше, жұбайлары асырайды. Олардың кейбіреулері ақша табуға деген ұмтылысын білдіреді, бірақ олар мұндай әрекеттерде қиындықтарға тап болатынын атап өтеді.

«Күйеуім мені қамтамасыз етеді, күйеуім жалғыз жұмыс істейді».

«Қандай қаражаттың есебінен біздің отбасымызда күйеуім ғана жұмыс істейді, оның ата-анасы жоқ, олар дүниеден озған. Бізге көмектесетін ешкім жоқ, күйеуім ғана жұмыс істейді, мен оған да көмектескім келеді, жұмыс тапқым келеді, тапсырыс бойынша торттар пісіремін. Бірақ тапсырыстар бірде болады, бірде болмайды. Мен наубайхана немесе кондитерлік дүкен ашуды ойладым, сіз өзіңіз білесіз, оны ашу қиын, қаражат талап етеді. Менен наубайхана ашу үшін лицензия сұрады, олар лицензия алу үшін қымбат сұрайды. Әзірге соншалықты ақша беруге біздің жағдайымыз жоқ. Мен бұл бизнесті ашсам табысты боламын ба, әлде болмаймын ба, мен әлі білмедім. Бұл ақшаны желге лақтыру сияқты, әзірше мүмкіндік жоқ».

«Жұмыс таппай жүргендіктен жұмыс істемеймін. Күйеуім жұмыс істейді, ата-анасы қолдарынан келгенше көмектеседі».

Респонденттердің бір бөлігі жинақталған жинақ ақшамен, сондай-ақ уақытша қосымша жұмыс есебінен өмір сүретінін атап өтеді.

«Мен анамның ауруына байланысты жұмыстан шыққанға дейін бухгалтер болып жұмыс істеген кезде жинаған жинақтарымның есебінен өмір сүріп жатырмын. Және анамның зейнетақысы бар. Зейнетақылардың аз екенін білесіз, дәрі-дәрмектерге көп кетеді».

«Негізінен, әжем маған ақша береді, кейде қосымша жұмыс болады. Қазір жұмыс істемеймін, қосымша табыс табамын. Әже, ата-анамның есебінен».

«Мезгіл-мезгіл уақытша табыстар болады, бір жерде компьютерлерде бір нәрсені жөндеу керек сияқты».

Сауалнамаға қатысқандардың барлығы дерлік **қазіргі материалдық жағдайға наразылықтарын білдіреді**. Олар өздерін **үнемдеуге және кейде өздеріне қажетті барлық дерлік нәрселерден бас тартуға** соның ішінде тамақ пен киімге үнемдеуге мәжбүр болатынын атап өтеді. Бұл тұрғыда демалыс пен ойын-сауықты респонденттер осы жағдайларда қол жетімсіз шығындар пункттері ретінде қарастырады.

«Біз бәрін дерлік үнемдейміз. Өйткені өмір сүру өте қиын, бәрі қымбаттады. Қазіргі уақытта мен жұмыс істемеймін, яғни бір адамға отбасын асыру қиын».

«Әрине! Қазір бәрі қымбат болатын уақыт. Біз бәрін дерлік үнемдейміз. Иә, бір баланы киіндіру үшін көп қаражат керек. Ал қазіргі балалардың талғамы мен қалайтындары өте көп. Әркім өзіне ұнайтын нәрсені таңдағысы келеді, бірақ оған ұнайтыны өте қымбат тұрады. Сондықтан кішілер үлкендердің киімдерін киеді. Әрине, демалуға және қыдыруға ақшамыз жетпейді және ойын-сауыққа өте сирек барамыз. Біз бәріне үнемдейміз. Ал медициналық жағдайға келетін болсақ, біздің балалардың тістері нашар. Біз тек мемлекеттік балалар стоматологиясына жүгінеміз, себебі тегін емдейді. Өз тісімді де емдетуім керек, бірақ мен тісімді емдету үшін жағдайым келмейді».

«Шынымды айтсам, қазір, дәл осы уақытта біз бәрін үнемдейміз. Бірақ, Құдайға шүкір, отбасымда науқастар жоқ, біз дәрі-дәрмектерге көп ақша жұмсамаймыз, бірақ тамаққа үнемдейміз, бәріне үнемдейміз. Ойын-сауыққа келетін болсақ, бұл біз тіпті ол жерге бармаймыз. Біз тіпті демалуды армандамаймыз, ал қажет болған жағдайда ғана киім аламыз».

«Әрине, бұл жақсы емес. Біз көп үнемдеуіміз және өзімізден бас тартуымыз керек. Мен бұрын серуендеп, ақша жинадым, көп нәрсе сатып алдым, бизнеске жинадым делік. Ал қазір мен ештеңе істемеймін. Мен ата-анамнан ақша сұрауға ұяламын, сондықтан мен тіпті 5-6 ай бойы киім сатып алмадым».

«Иә, әрине, үнемдеуге тура келеді, тіпті өте қажет. Үлкен жерлерде өзімізді шектеп, бір нәрседен бас тартуымыз керек, ***тіпті тамаққа****,* ***киімге, дәрі-дәрмектерге*** *ақша үнемдейміз, дәрігерлер басқа дәрі тағайындаса да, біз* ***аналогтарын іздейміз****».*

Кейбір респонденттердің жауаптарында қазіргі материалдық жағдайға деген **үмітсіздік пен жағымсыз эмоциялар байқалады**.

«Үнемдеу керек пе? Ия, тіпті үнемдеуге ақша да жоқ. Үнемдеу үшін ақша болуы керек, ал оны үнемдеу үшін ақша жоқ. 50 мың ссындай жалақымен. Қант 1000 теңге тұрады. Ал қарақұмық та қымбаттады. Сіз көрдіңіз бе ? Бұршақтан да қымбат. Қант сияқты ол да қымбаттады. 200 грамм қазір қанша тұрады? 800 теңге».

Ерекшелік – бұл отбасының барлық шығындарын толығымен жабатын ата-анасының немесе жұбайының қамқорлығындағы бірнеше респонденттер.

«Менің қаржылық жағдайым қанағаттандырарлық па? Менің қаржылық жағдайым жақсы, шағымданбаймын».

«Иә, қанағаттандырады. Қалай болғанда да, ата-анам мені жақсы көреді, олар мені ешнәрседен бас тартпайды. Маған ақша үнемдеудің қажеті жоқ».

Жалпы**, респонденттердің ең бірінші үнемдейтіні – ойын-сауық, демалыс және киім**.

«Біз ойын-сауықты үнемдеуге тырысамыз, ата-анамызға ауыртпашылық түсірмеу үшін өзімізге бюджеттік киім таңдауға тырысамыз, осылай үнемдеуге тура келеді».

«Ойын-сауыққа үнемдеймін. Негізінен жастар серуендеуге барғанда, олар өздеріне сусындар, тамақ сатып алады. Біз ғана серуендеуге шығамыз. Олар аттракциондарға көп барады, біз бір аттракционға барамыз немесе мүлдем бармаймыз».

«Әрине, киімдерге үнемдеймін. Ақша жұмсаймын деп айта алмаймын, негізінен киім алуға бармаймын. Егер мен серуендеуге барсам, мен ақша жұмсамаймын. Содан кейін мен азық-түлікке ақша үнемдеймін. Жол жүруге үнемдеймін. Егер маған біржерге бару қажет болса, жаяу жүремін, жолға ақша жұмсамаймын».

«Мен тамақ, киім, ойын-сауыққа әрине, ақша үнемдеймін».

Маңыздысы, кейбір **респонденттер ең қажетті заттарға**, азық-түлік пен дәрі-дәрмектерді үнемдеуге мәжбүр.

«Әрине, үнемдеуге тура келеді. Тамақтану, ойын-сауық, демалыс, дәрі-дәрмектерді үнемдеуге тура келеді. Тіпті ауырып, дәрі-дәрмектер қажет болғанда, арзан аналогты дәрі іздеуге мәжбүрміз, себебі дәрі қазір өте қымбат. Кейде тіпті өз өзімізді емдеуге тура келеді, өйткені ол дәрі тым қымбат».

«Үнемдеуге тура келеді. Біз арзан өнімдерді сатып аламыз, біз қалағанымыздай жиі киінбейміз. Біз өзімізге киім алмаймыз, балаларға бірдеңе сатып аламыз. Балалар бірдеңе сұрайды, бірақ біз бас тартуымыз керек».

«Азық-түлік сапасына, әрине, медициналық көмекке үнемдейміз, ойын-сауық туралы мүлдем ойламаймыз, өйткені бізде оларға ақша жоқ, демалу туралы да ойламаймыз. Өйткені демалу үшін ақша керек. Бізде артық ақша жоқ, сондықтан біз өзімізге қажет нәрсеге ғана ақша жұмсаймыз».

«Бірінші кезекте тамақтану сапасына үнемдейміз. Тіпті киімдер туралы айта алмаймыз».

Респонденттердің көпшілігі **жинақтары жоқ екенін және ақша жинау мүмкіндігі жоқ екенін атап өтті**. Респонденттердің бір бөлігі мүмкіндік болған кезде, әдетте жұмысынан айырылғанға дейін, ақша жинау тәжірибесі туралы айтты.

«Жоқ, әрине. Қандай үнемдеу болуы мүмкін, егер күйеуіміз тапқанына қарап отырсақ, және зейнеткер ата-ана көмектессе, бұл ақшадан ештеңе жинай алмаймыз. Зейнетақылар да аз».

«Мен жұмыс істеген кезде жинақ болды, көп ақша жинадым, депозитке салдым. Мен бес айдан астам уақыт жұмыссыз жүргенім үшін, жинаған ақшамды жұмсауым керек болды, өйткені күнделікті өмірде бірдеңе істеп және қажет заттарды сатып алуым керек. Өйткені әрбір қадам-ақша. Бір жерге бару онда бірдеңе жасау үшін, тіпті егер сіз толық емес жұмыс күнімен жүрсеңіз де, жолға, тамаққа ақша кетеді. Осы жинақтардан мен қазір ақша жұмсап жүрмін».

«Шағын жинақтар бар, бірақ аз, жақында бітеді. Тиісінше, ақшаны жинау әлі мүмкін емес, өйткені мен жұмыс істемеймін».

«Мен көп ақша жинаймын деп айтпаймын, бірақ белгілі бір дәрежеде біз бір нәрсені үнемдей аламыз, қалай үнемдеуге болады, мысалы, болашақта өз үйімізді сатып алу үшін «тұрғын үй» шотына ақша саламыз. Үнемдеу үшін бізде әлі ақша жоқ. Дәлірек айтқанда, ақша жинау біздің әлі де қолдан келмейді және мүмкіндік жоқ».

Сауалнамаға қатысқандардың барлығы **мемлекеттен жұмыссыздық бойынша материалдық көмек (жәрдемақы)** алмайтынын атап өтті. Респонденттердің көпшілігінде жұмыс істемейтін жастарға мемлекеттік қолдау түрлері туралы ақпарат жоқ. Бұл ретте кейбір респонденттер жұмыссыздарды мемлекеттік қолдаудың түрлерін, бала тууына байланысты төлемдерді, мүгедектік бойынша жәрдемақыларды және т.б. түрлерін ажыратпайды.

«Жоқ, мен мемлекеттің көмегі туралы ештеңе білмеймін. Мен мұны білу үшін мемлекетке жүгінуге уақытым болмады. Ал жәрдемақы маған қажет емес екенін нақты білемін, мен мүгедек емеспін, сондықтан мен жүгінбедім».

«Жәрдемақыны көп балалы болғаны үшін береді. Оны менің анам алады. Жоқ, мен ештеңе алмаймын және өтініш берген жоқпын және қайда жүгінерімді білмеймін».

«Біз босанған кезде ғана жәрдемақы алуға өтініш бердік, яғни босанғаннан кейін бала күтіміне байланысты демалыс пен бір жылға дейін жәрдемақы алдық. Бұдан басқа, біз ешқандай жәрдемақы алған жоқпыз, тіпті жұмыссыздар үшін қандай жәрдемақы болуы мүмкін екенін білмеймін».

Кейбір респонденттер жұмыс істемейтін жастарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы біледі, бірақ олар талаптарға сәйкес келмегендіктен бұл мүмкіндікті пайдаланбады.

«Жоқ, мен ешқандай қолдау алмаймын. Мен биржаға бардым, қазір бәрі жұмыс істемейді. Олардың маған ұсынған бос орны жалақы деңгейіне сәйкес келмейді, мен басқа нәрсе тапқым келеді».

4. Оқыту, білім беру

Білімге қатысты респонденттердің кейбірі 9 сыныпты, кейбірі 11 сыныпты аяқтады. Респонденттердің бірі өмірдегі жағдайларға-апатқа байланысты орта мектепті бітіре алмағанын атап өтті.

«Өте ауыр апатқа байланысты мен одан әрі оқи алмадым».

Респонденттердің көпшілігі атап өткендей, мектеп үлгерімі орташа және жақсы болды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі мектеп жылдарында олармен кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілгенін, **колледждер/жоғары оқу орындарының өкілдері** келгенін айтады.

«Менің есімде, бір колледж ғана емес, бірнеше колледж өкілдері келді. Бұл 9-сынып және 11-сыныпта болды. Олар брошюралар беріп, колледж жайлы түсіндірді. Бізді акт залында бөлек жинады. Бірақ мен бала кезімде бастауыш сынып мұғалімі ретінде оқимын деп шештім, менің балалық арманым осындай болды және мен оны айтқандай жүзеге асырдым. Менің әжем бастауыш сынып мұғалімі болды, өмір бойы жұмыс істеді, мен оның жолын қудым. Отбасылық мамандықты жалғастырдым».

«Иә, әрине, өткізілді. Өкілдер келді, сонымен қатар колледжден де адамдар келді. Сондықтан көптеген адамдар 9 сыныптан кейін колледжге кетті. Тестілеу жүргізілмеді. Ал экскурсиялар жергілікті колледжге, кем дегенде күн сайын болды».

«ЖОО-лар бізге келіп, өздерінің оқу орындарын жарнамалайтын, бірақ мектеп ішінде ешқандай тест болған жоқ. Олар тек ҰБТ маңыздылығын айтты, құжаттар туралы ештеңе айтпады».

«Иә, біздің мектепте кәсіптік бағдар беру шаралары өтті, бірақ мен мектепті ауылда бітірдім, тіпті Өскемен университетінен өкілдер кәсіптік бағдар беру шараларымен келді, буклеттер көрсетіп, оқуға шақырды».

«Он бірінші сыныпта үгіт-насихат болды, университеттерден келді, олар өз мамандықтарын ұсынды. Иә, өткізілді. Мен инязға грантқа түскім келді, бірақ ол жерге түсе алмадым және басқа мамандыққа баруға тура келді».

Бір респондент кәсіптік бағдар беру іс-шараларына қарамастан, **қалай колледжге түсу керектігі**, қандай қадамдар жасау қажет және т.б. сұрақтарға жауап айтылмағандығына назар аударды. Респонденттердің бір бөлігі мектеп қабырғасында олармен кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілгенін жоққа шығарады.

«Іс-шаралар өткізілді, құжаттар туралы айтылды, бірақ қандай қадамдар жасау керектігі туралы ештеңе айтылған жоқ».

«Жоқ, кәсіптік бағдар беру туралы жұыстары жүргізілмеді».

«Бізде мұндай болғаны есімде жоқ».

Респонденттердің көпшілігі мектепті бітіргеннен кейін **колледжге/жоғары оқу орнына түсті.** Сауалнамаға қатысқандардың аз бөлігі мектептен кейін отбасын құрып, үй шаруашылығымен айналысты. Сондай-ақ, кейбір респонденттер орта білім беру мекемесін бітіргеннен кейін бірден жұмыс істеді.

Респонденттердің мектепті бітірген кездегі өмірлік мақсаттары мен мотивацияларын еске түсіре отырып, олардың барлығы **колледжге/университетке түскісі келетінін атап өтті.** Бұл ретте респонденттердің жауаптарының арасында **белгілі бір оқу орнына баруды саналы түрде таңдау байқалмайды**.

«Менде стандартты ойлау болды, басқалар сияқты менде мектептен кейін оқуға түсу керек деп ойладым. Ерекше мотивация болған жоқ. Мен мұны істеу керек болғандықтан және бәрі осылай істеп жатқандықтан жасадым».

«Әрине, мен университетке түскім келді, өйткені жоғары білім болуы керек».

«Иә, бастапқыда мектепті бітіргеннен кейін мен университетке түсіп, сол жерде жоғары білім аламын деген жоспар болды. ҰБТ-да мен, әрине, грантқа түсу үшін ұпай жинай алмадым, бірақ ақылы негізде оқуға түстім. Жалпы, бастапқыда мен ешқандай ұпай жинай алмадым, колледжге түсу туралы ойлар

болды, себебі ата-анамның материалдық жағдайы менің жоғары оқу орнында оқуыма мүмкіндік бермегендіктен шығар, өйткені оқу ақысы, жылдық сома аз болған жоқ, сондықтан осындай ойлар пайда болды. Дегенмен, отбасым ақылдасып, сөйлесіп, жоғары оқу орнына ақылы негізде түсемін деп шештік. 2015-2016 жылы университетке түстім».

Жалпы, колледжді/ЖОО-ны таңдау кезінде респонденттер **оқу орнының беделі, оқу құнының қолжетімділігі, гранттардың болуы және оның орналасуы сияқты аспектілерді басшылыққа алды.**

«Білесіз бе, мұндай тікелей талаптар болған жоқ. Біздің қалада Шоқан университеті беделді болып саналады, сондықтан сол жерге түстім. Ал Қазақстан бойынша жоғары оқу орындарын қарау жайлы ойламадым. Қарау үшін басқа қалаға бару керек еді, пәтермен мәселесін шешуге тура келді. Жоқ, қай университетті таңдау керек деген сұрақ туындамады. Менің жұбайым шешім қабылдауда үлкен рөл атқарды, сол кезде біз кездесе бастадық. Ол менен 5 жас үлкен, сондықтан мен басқа қалаларды қарастырған жоқпын».

«Мен университетті таңдау кезімде, шынымды айтсам, құны мен үйге жақын орналасуын және автобуспен жүрмеуді басшылыққа алдым. Сонымен, қанша уақыт пен ақшаны үнемдеуге болатынын есеп көріңіз».

«Оқу құнының қолжетімділігі бойынша грантқа түсуді қарадық. Мен грантқа түсуді жоспарладым, сондықтан осы себепті таңдалды».

«Бұл колледжде таныс адамдардың болуы әсер етті және әрине баға қанағаттанарлық болды. Қол жетімді, сондықтан мен осы колледжді таңдадым».

Сирек жағдайларда респонденттер оқу орнын таңдағанда оның ерекшеліктерін, тарихын, сапалық сипаттамаларын мұқият зерттеді.

«Өңірімізде ұсынылғандардың ішінен колледжді таңдадым, колледждің құрылған жылы, тарихы, ол жерден қанша түлек бітіріп, болашақта қалай жұмысқа орналасқанын қарап шықтым, оқу орнын осылай таңдадым».

Сондай-ақ, кейбір респонденттердің оқу орнына өз таңдауы бойынша емес, адамдар айыптаудан аулақ болу үшін **«басқалар сияқты болу»** себебімен түскенін атап өткен жөн.

«Иә, ештеңе ынталандырмады. Барлығы оқуға түсіп жатты, менде түстім. Содан кейін «міне, білімі жоқ» деп айтпас үшін оқуға түстім. Ата-аналар білімсіз қалмауды талап етті. Бұрын ата-аналар балаларын оқыта алмайтын. Әр түрлі қауесеттер болды. Барлығы оқуға түсті, мен де түстім».

Мамандық таңдау кезінде респонденттер көп жағдайда, ең алдымен, өздерінің мүдделері мен қалауларына, жеке басының ерекшеліктеріне сүйенді.

«Білесіз бе, мен ұзақ ойландым, содан кейін бухгалтер мамандығын таңдадым. Жақсы санайтынмын сондықтан мен бухгалтерге оқыдым».

«Мен өзім әрқашан көліктермен жұмыс істеуді, оларды жөндеуді, қайда және қалай екенін көруді ұнататынмын. Қызығушылық бала кезінен болды».

«Мен өзіме ұнайтын мамандықты таңдадым. Мен бастауыш сыныптағы балалармен жұмыс істегенді ұнатамын, сондықтан мен колледжді бастауыш сынып мұғалімі ретінде бітірдім».

Мамандық таңдаудағы тағы бір маңызды фактор-респонденттер туыстары мен жақындарының пікірін атап өтеді.

«Шынымды айтсам, 9 сыныпты мен бітірген кезде кім болатынымды білмедім. Жалпы, мен бала кезімнен фармацевт болуды армандадым, бірақ сол мамандықты неге оқымағанымды білмеймін. Мен ұзақ ойландым және шешім қабылдай алмадым. Сайып келгенде, анам маған бухгалтерге оқуды ұсынды,

өйткені бұл дұрыс мамандық, егер бұл мамандықты жақсы оқысаң, қысқасы, аш қалмайсың деді. Сондықтан мен анамды тыңдап, осы мамандыққа бардым».

Кейбір респонденттер, ең алдымен, білім беру құнының қолжетімділігіне қарағанын, сондай-ақ осыған сүйене отырып, гранттар көп болатын мамандықты таңдағанын атап өтті.

«Мен қалағаныма қол жеткізе ала алмадым, шетелтілдері университетіне оқуға түскім келді. Мен инязға грантқа түсемін деп ойладым. Бірақ мен ол жаққа түсе алмадым, мен аздап ойнап, басқа мамандықты таңдадым. Мен басқа мамандыққа оқуға түстім. Оқу құнының қол жетімділігі бойынша гранттарға қарадық. Мен грантқа түсуді жоспарладым, сондықтан осы себеп бойынша таңдалды».

Респонденттердің бір бөлігі мамандық таңдауға үлкен мән бермеді.

«Мен мамандықты кездейсоқ таңдадым, маған география ұнады, мен оны ҰБТ-дағы бейіндік пән ретінде таңдадым, содан кейін география қажет мамандықтардың бірін таңдауға тура келді. Онда таңдау көп болмады, мен туризмді таңдадым. Мен бұл мамандықты қызықты деп таптым, бірақ белгілі болғандай, таңдау ең жақсы емес еді».

«Мамандықты қалай таңдадың? Барлығы қандайға тапсырды, мен соған бардым. Мен радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығын оқыдым. Осы мамандықты оқудың қандай пайдасы бар? Содан кейін мен дене шынықтыру мамандығына ауысқым келді, бірақ рұқсат етілмеді. Иә, қазір мұғалім болу үшін де , кем дегенде бір мектепке жұмысқа тұру үшін көп қаражат қажет».

«Алған мамандығыңыз ұнай ма? Сіз оны беделді деп санайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің көпшілігі иә деп жауап берді.

«Иә, маған өте ұнайды. Бұл менің арманым еді. Менің ойымша, қазіргі уақытта ол өте беделді мамандық, қазір мұғалімдер бағаланады. Олардың мәртебесі көтерілді. Сондықтан, иә, мен оны беделді деп санаймын және мұғалім ретінде оқығаныма өкінбедім. Болашақта мен магистратураға түскім келеді, сәл кейінірек».

«Ия, мен өз мамандығымды беделді деп санаймын. Жақсы есепші алтынмен бағаланады. Әрине, менің тәжірибем көп емес, шамамен төрт жыл. Әзірге ұнайды, кейін көре жатармыз. Әзірге көңілім қалған жоқ. Мүмкін жасым келгенде, бір нәрсе өзгереді. Білмеймін».

«Қазіргі уақытта ол, иә, тіпті өте беделді. Сұранысқа ие, беделді. Қазіргі уақытта, айталық, менде мүмкіндік және ақша болғанда Нұр-Сұлтан қаласына осы мамандықты оқуға баруға болатын еді. Ол үшін өте қымбат компьютер сатып алу керек, оның құны шамамен 800 000 теңге, оған қоса олар оқытатын оқу бар, әрі қарай осылай үйренуге болатын еді. Ия, мен оны беделді деп санаймын өте жақсы мамандық».

Колледжде/университетте оқу кезінде респонденттердің көпшілігінің үлгерімі жақсы болды. Респонденттердің бір бөлігі олардың қанағаттанарлық оқығанын атап өтеді. Респонденттердің аз ғана бөлігі оқу үлгерімі өте жақсы екенін хабарлады. Сонымен қатар, **колледжде/университетте** оқыған респонденттердің көпшілігі оқуын аяқтап, диплом мен мамандыққа ие болды. Респонденттердің арасында оқу орнына түскен, бірақ оқуын аяқтамағандар да болды.

«Оқуды аяқтау мүмкін болмады. Маған мамандық ұнамады, сондықтан мен кетіп қалдым. Жоқ, мен пайдалы ештеңе алған жоқпын және мен бұл салада жұмыс істемеймін».

Респонденттердің алған білімінің сапасы және алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы пікірлері екіге бөлінді. Респонденттердің едәуір бөлігі бұл мәселе бойынша оң жауап береді, оптимистік көзқарас байқалады.

«Мен оң бағалаймын. Әр жұмыс өзінше жақсы. Өздеріңіз білетіндей, қазір мұғалімдердің жалақысы да жақсы. Оған қоса тағы 56 күнтізбелік күндік демалыс. Мамандығым өте жақсы деп ойлаймын».

«Лайықты білім. Менің ойымша, әрине, сізге жақсы жұмыс табуға мүмкіндік береді, ең бастысы – табандылық пен адалдық. Еңбек өтілі де маңызды».

«Әрине, менің бағалауымша, «Құқықтану» мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға болатын орындар көп. Барлық жерге жұмысқа тұра аласыз. Себебі ол осындай әмбебап мамандық. Бірақ, ең алдымен, менің ойымша, мемлекеттік кірістер органдарына немесе жақсы жалақысы бар мемлекеттік органдарға, мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасу жақсы болады. Өйткені мемлекет кез келген жағдайда мемлекеттік қызметшілер үшін, тіпті тұрғын үйді ресімдеу бойынша да көптеген, жеткілікті жеңілдікті бағдарламалар жасайды. Балабақшаға кезекке қою. Міне, осының бәрі».

«Мен алған білімімді жақсы бағалаймын, өйткені оқытушылар сауатты түсіндіреді, қалай есептелетінін практикалық мысалдармен көрсетеді. Менің ойымша, білім деңгейі онша жаман емес. Менің ойымша, мен өзімнің туған жерімде немесе басқа жерде жұмыс табамын. Мамандық бойынша жұмыс сұранысқа ие, менің ойымша, мәселелер туындамайды».

Сондай-ақ, **біліктілікті арттыруға** және орта арнайы білімнен кейін жоғары білім алуға деген ұмтылыс көрінеді.

*«Қалыпты, айтқанымдай, мен біраз уақыт мамандығым бойынша жұмыс істедім. Бірақ, әрине, егер **бұл арнайы орта білім емес, жоғары білім болса** жақсы болар еді».*

*«Мамандық бойынша жұмысты әлі таңдамадым, мемлекеттік мекемелерге немесе басқа жерге баруды ұсынады, менің ойымша, бұл қалай болатынын білмеймін, әлі де **жоғары білім** қажет болады».*

Егер респонденттердің бір бөлігі білім мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін оң бағаласа, екінші бөлігі наразылық пен күмәнмен қарайды. Оқу орындарында сыбайлас жемқорлық мәселесі байқалады.

«Алынған білім? Иә, ақшадан басқа ешкімге ештеңе қажет емес. Сессиядан өту үшін ақша, олардың кейбіреулерін тапсыру үшін де ақша керек. Бұрын біздан қағазға жазған жауабымызды сұрайтын. Ақша сұрамайтын. Қағазға дайындаған жауабымызды тапсыратын едік».

«Білмеймін, мамандығым бойынша жұмыс таба алмаймын, білімім және дипломым бар, қазір ауылда жұмыс таба алмай жүрмін».

Кейбір респонденттер алынған мамандықтың тар бағыты және оның жергілікті жерлерде сұраныстың төмен деңгейі туралы айтады.

«Менің мамандығым бойынша жұмыс пен кадрлар аз, өйткені бізде журналистика бойынша бағыттар өте аз, яғни бізде радио жоқ, газеттер аз, бірақ олар тек бір-екі адамды жұмысқа алады, ең көбі үш адам қабылдай алады, теледидар да солай. Сондықтан сіз жұмысқа орналасу үшін көп нәрсені жылдамдатпайсыз».

Кейбір пікірлердің теріс түсіне қарамастан, **алынған мамандықты іске асыруға** деген ұмтылыс әлі де байқалады.

«Мен мамандық бойынша жұмыс тапқым келеді, бірақ әлі таба алмадым Себебі мен қанша іздесем де, тарих пәнінің мұғаліміне бос жұмыс орындары жоқ. Мен тұратын ауылда да, қалада да жұмыс жоқ. Мен, негізінен, егер тарих пәнінің

мұғалімі болып жақын маңдағы аудандардан жұмыс тапсам, тіпті мен ол жаққа баруға дайынмын. Себебі мен өз мамандығым бойынша жұмыс істегім келеді».

Сондай-ақ, жастардың білім алуға деген ұмтылысы сияқты аспектіні атап өту керек. Лайықты білім алу көбінесе студенттердің өздеріне және олардың мақсаттылығына байланысты.

«Мұғалімдер бәрін қалыпты түрде оқытты, онда жақсы оқуға деген ұмтылыс болған жоқ. Егер солай болса, ***мен әлі де өз бетімше оқитын едім және, әрине, қазір жұмыс істеп жатқан болар едім****».*

Білім алудың алдағы жоспарлары туралы сұраққа респонденттердің көпшілігі оқуды жалғастыруға ниет білдіреді. Бұл ретте олардың бір бөлігі алған мамандығы бойынша біліктілігін арттыруды, магистратурада оқуды қалайды, екінші бөлігі **жаңа мамандық алуға** ұмтылысын білдіреді.

«Мүмкіндігінше ***магистратураны*** *аяқтағым келеді. Ал, мен қосымша білім алуды, басқа бағытты әлі қарастырған жоқпын. Мүмкіндік бар, мен бұл туралы кейінірек ойланамын».*

«Иә, мен өз мамандығым бойынша ***магистратураға*** *түскім келді, өйткені бізде қайда жұмыс істеуге болатындығы туралы таңдау көп емес, сондықтан мен магистратураға түсуді, оқуды және университетке журналистика пәнінің оқытушысы болуды ойладым, міне, осы бағыт маған әлі де ұнайды».*

«Мен өз өміріммен айналысамын, оқшауландуды сезінбеймін».

«Қоғамдық қозғалыс, еріктілер ұйымдары көмектеседі, мен оларға қарап, өзім үшін де білім аламын. Біз әлеуметтік желілерді оқып, қалада не болып жатқанын білеміз, қызығушылық танытамын. Мен өзімді оқшауланғандай сезінемін деп айта алмаймын, балалармен, құрдастарыммен араласып тұрамын. Мен өмірге оптимистік көзқараспен қарауға тырысамын. Бұл қазір мен өтуім керек өмірдің белгілі бір кезеңі. Уақыт өте келе жағдай жақсарады деп ойлаймын, мен колледжді бітіремін, институтқа түсемін, жұмыс табамын».

«Мен болып жатқан барлық оқиғалардан хабардармын, бос уақытым болған кезде балаларыммен бірге көшеге шығамын, біз жүреміз, серуендейміз, бәрін тамаша көріп жатырмыз. Мен өзімді оқшауланғандай сезінбеймін, өйткені мен шығып, жаңа нәрсені үйренуге мүмкіндігім бар».

Сауалнамаға қатысқандардың жартысы **оқудың және ресми жұмыстың жоқтығынан ұят сезімін сезінеді**. Екінші жартысы бұл туралы ұят сезімін жоққа шығарады.

«Ата-анамның алдында ғана ұяламын, себебі қазір жұмысым жоқ. Басқа ештеңе үшін сезінбеймін».

«Әрине, аздап ұят, бірақ менде бұған жақсы себеп бар, сондықтан мен бұл туралы ойламауға тырысамын».

«Сіз қалай ойлайсыз, жастардың бір бөлігінің еш жерде оқымай, жұмыс істемеуіне кім кінәлі?» деген сұраққа респонденттердің пікірі екіге бөлінді. Сауалнамаға қатысқандардың бір бөлігі бұл мәселе жастардың өзінде екеніне сенімді.

«Менің ойымша, себеп сонымен қатар жастардың өзінде. Өйткені қазір барлығы өздеріне қарыздар деп санайды. Мемлекетті алайық, барлығы бірден министр болғысы келеді. Бірақ бұл олай емес. Менің балалық шағым жақсы, дәулетті өтсе де, қазір де өмір жақсы. Бірақ көп жағдайда бұл, әрине, ата-анам мен күйеуімнің еңбегі. Бірақ адам өз тағдырын өзі жасайды. Оған ешкім қарыз емес. Сондықтан біреуді бірдеңе үшін кінәлауға болмайды».

«Менің ойымша, адамның өзі үлкен рөл атқарады. Оның мақсатқа ұмтылысы. Сондай-ақ оның ата-анасы. Егер оқыту мүмкіндігі болса, онда балалар оқиды. Егер жоқ болса, онда олар ата-аналардың ізімен жүреді. Демек, адамның өзі де, оның тәрбиесі де кінәлі».

«Бұл, мемлекет кінәлі деп айту дұрыс емес шығар, өйткені жұмыс барлық жерде жеткілікті, тек кімнің қандай қажеттіліктері бар, кім қандай жұмыс істегісі келеді және кім қанша ақша тапқысы келеді. Жастардың қызығушылығы, сонымен қатар көптеген студенттер табыс табады. Бұл әр адамға байланысты».

«Жастардың өзі, адамның өзі оқымағаны және жұмыс істемегені үшін кінәлі. «Бір ғасыр өмір сүр, бір ғасыр оқы» деп бекер айтылмағандай, үнемі оқып, одан да көп жұмыс істеуіңіз керек. Өмір сүру үшін амал ету керек».

Респонденттердің бір бөлігі жастар жұмыссыздығы үшін мемлекет жауапты деп санайды.

«Менің ойымша, біздің мемлекет кінәлі. Себебі мықты мемлекетпен осы бағыттағы жұмысты күшейту қажет».

«Менің ойымша, мемлекет, өйткені мемлекет жастардың жұмыс істеуіне ықпал етуі керек, ал бізде кедергілер бар, жастардың орналасуы қиын».

Кейбір респонденттер жастар мен мемлекеттің жауапкершілігін атап өтеді.

«Жастардың өзі кінәлі, мемлекет бұған араласуы керек және керісінше, жастарға қандай да бір перспектива беруі керек, кем дегенде тегін білім, курстар ұсынылуы керек. Менің ойымша, мемлекет көмектесуі керек».

«Біреудің жалғыз өзі кінәлі болуы мүмкін емес. Мүмкін жастар тарапынан, қазір жастардың шыдамы жоқ, олар ештеңемен келісе алмайды. Бұл олардың кінәсі болуы мүмкін. Екінші жағынан, жалақының төмендігі, ұжымдағы жаман қарым-қатынас, мүмкін мұның бәрі қазір жастардың жұмыссыз жүруіне әсер етеді. Бұл жерде біреудің кінәсі бар деп нақты айта алмаймын. Өйткені екі жағынан да. Жұмыс берушінің де, қызметкердің де өз мәселелері болуы мүмкін».

7. NEET жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар

Респонденттердің пікірі көп жағдайда мемлекеттік органдар негізінен жастардың мүдделеріне жеткілікті көңіл бөлмейтіндіне сай келеді.

«Жалпы тіптен көңіл де бөлмейді».

«Менің ойымша, жоқ. Себебі жастарға жұмыс іздеуге көмектесуге мемлекеттік ұйымдардың барлығы қатыспайды».

«Жоқ, жеткіліксіз. Олардың жастарға қандай да бір көңіл бөлгені көрінбейді».

Сирек жағдайларда респонденттер жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бастамалардың болуына қарамастан, олар іске асыру кезінде проблемаларға және ақпараттық жұмыстың жеткіліксіздігіне тап болатынын атап өтті.

«Мүмкін олар тек өз бағдарламаларына назар аударады. Кейбір бастамалар жақсы ойластырылған, алайда олар нашар жүзеге асырылады».

«Менің ойымша, олар әр түрлі бағдарламалар дайындағандықтан, бұл мәселеге тіпті қалада жеткілікті назар аударады. Мен қаланың белсенді өміріне қатыспасам да, интернет-ресурстар арқылы жастар арасында кейбір бағдарламалар жүзеге асырылып жатқандығын білемін. Мысалдар келтіре алмаймын, бірақ мен мұндай нәрсе бұрыннан бар екенін оқыдым».

Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, ең алдымен **мемлекет жастарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне назар аударуы қажет**.

«Мүмкін, жұмысқа орналастыру мақсатында курстар тегін, қандай да бір көмек көрсетілуі тиіс шығар».

«Негізгі мәселе, менің ойымша, жұмысқа орналасудағы қиындық. Өз мамандығыңыз бойынша жұмысқа бірден орналасу әрдайым мүмкін емес. Көбісі оны таныстық арқылы жүзеге асырады. Әдетте олар кем дегенде қандай да бір тәжірибе болуын талап етеді. Ал егер сіз жақында ғана оқу бітіріп, диплом алсаңыз, ол тәжірибені қайдан алуға болады».

*«Біріншіден, бұл – еңбекке тарту. Менің айтайын дегенім, **оқу орнын бітіргеннен кейін студентке жұмысқа орналасуға көмектесу қажет**. Бұл өте жақсы көмек болар еді. Сонымен қатар, бұл – жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету. Баспана қол жетімді болу үшін нақты бір бағдарламаларды жасау қажет. Бағдарламалар, әрине, тұрғын үй сатып алу тұрғысынан жақсы*

ойластырылған, бірақ олар шындықтан әлдеқайда алыс. Баспана алу санатына кіру үшін сіз мүгедек немесе көп балалы отбасы мүшесі болуыңыз керек. Мәселен, ***мен және менің отбасым ешқандай санаттың талаптарына сәйкес келмейміз.*** *Сондықтан бізге бұл тұрғыда қиын. Егер мемлекет осы өлшемшарттардың барлығын қандай да бір жолмен қайта қарастырса немесе нақты бір бағдарлама жасаса жақсы болар еді. Сонымен қатар пайыздық мөлшерлемелер жөнінде айта кететін болсақ. Несиеге, ипотекаға қатысты мөлшерлемелерді өзгертсе, көпшілікке әлдеқайда оңай болар еді».*

«Азды-көпті, менің ойымша, бұл жерде жастардың жұмыс тәжірибесі жоқ екенін байыпты қабылдап, тәжірибесіз адамды жұмысқа алмау секілді өзгешеліктер болмау үшін қандай да бір бағдарламаларды әзірлеуге болады. Мүмкін университеттен кейін арнайы оқу курстарын ұйымдастырған немесе бірден жұмысқа орналастырған жөн. Жоғары оқу орны оқу бітіргендерге жұмысқа тұруға көмектеседі дейді. Бірақ, менің ойымша, бұл барлық жерде, барлық қалаларда іске асырылмайды».

*«Әрине, осыдан жұмыссыздық пайда болады. Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету қажеттілігі де туындайды. Жаңа айтып кеткендей, мен өздігінен оқыған адаммын, үйде өзім ағылшын тілін үйренуге тырысамын. Біздің ауылда бір ғана ағылшын орталығы бар, бірақ ол тек мектеп оқушыларын оқытады. Мен, мысалы, ағылшын тілі курстарына жазылғым, осы тілді үйренгім келеді****, бірақ бізге, ересектерге, арналған курстар жоқ****. Ол үшін қалаға бару қажет. Қалада мен қанша курстарды іздеп қарасам да, пікірлерге немесе өзге себептерге байланысты маған ешқайсысы ұнаған жоқ. Сондықтан* ***жастар үшін білім беру орталықтары қажет****».*

Сондай-ақ, респонденттердің жауаптары арасында NEET санатындағы жастармен арнайы жұмыс жүргізу туралы бастама көтерілді.

«Ең алдымен, мектепті бітіргендерге көмек көрсету керек. Институтқа түсе алған, түсе алмаған осы балалардың тізімін жүргізу, бұл балаларды шоғырландыруға, тартуға тырысу. Олар өздерінің қабілеттерін жүзеге асыру үшін олармен түсіндірме, оқыту тренингтерін өткізу қажет».

Респонденттер тұрғын үй мәселесінің өзектілігін, сондай-ақ білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру мәселелерін атап өтті. Мемлекеттік органдарға респонденттер білім алуға, жұмысқа орналасуға және басқа да мәселелерге көмек алу мақсатында жүгінген жоқ. Олардың кейбіреулерінің жауаптарының ішінде мұндай өтініштердің тиімділігіне сенімсіздік туралы ой бар.

«Жоқ, мен әлі бұл мәселе бабымен жүгінген жоқпын, өйткені олар маған бірден көмектеседі деп ойламаймын. Мен өз мақсаттарымды іске асырып, жұмыс орнын өзім тапқым келеді».

«Кезінде көмек алу мақсатында жүгінген едім, алайда бұл – пайдасы жоқ іс, нәтижесінде ештеңеге алып келмейді».

Барлық респонденттер мемлекеттік органдардан көмек алмағанын атап өтті. Респонденттердің едәуір бөлігі **жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттандырылмаған**.

Жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың ішінде кейбір респонденттер «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Алматы жастары», «Жасыл ел» бағдарламаларын атап өтті.

«Ал, жастарды қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі» жайында айтатын болсақ, мен ауылда жұмыс істейтін адамдарға көшуге байланысты, тұрғын үй және т.б. үшін қаражат бөлінетінін естідім. Әрине, жағдай мен талаптар жөнінде бәрін біле

алмаймын, өйткені өзім бұл мәселеге қызығушылық танытпадым, тек достарымның әңгімелерінен білемін. Менің бір досым дипломды алып, ауылға кетті. Қазір ол жұмыс істейді, ауыл өміріне белсенді қатысады. Алайда, өзім мұндай бағдарламаға қатысып көрмеппін».

«Егер қателеспесем, «Дипломмен ауылға!» деген бағдарлама бар. Бірақ ол мұғалімдер мен дәрігерлерге бағытталған. Ветеринарлар да қатыса алатын сияқты. Ал менің мамандығым бойынша мұндай бағдарлама жоқ шығар. Пікірлерді естіген жоқпын, таныстар да жоқ».

«Мен Алматыдан келген жастарға арналған тұрғын үй бағдарламасын білемін, «Алматы жастары» деп аталады. Сондай-ақ, жастардың шағын бизнесін қолдайтын бағдарлама бар екенін естідім, олар несие береді, «Даму» немесе «Бастау» деп аталады, нақты есімде жоқ».

«Мүмкін, мемлекет жастардың жұмысқа орналасуына көмектесіп, өз кезінде жастар үшін өте пайдалы болған «Жасыл ел» секілді көптеген бағдарламалар құруы керек».

«Жастар тәжірибесі», «Дипломмен ауылға!», «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламалары туралы хабардар болған респонденттер оларды еңбек өтілін арттыруға жақсы мүмкіндік ретінде сипаттады. Бұл ретте респонденттер оларды іске асырудағы кездесетін ауылда тұрудың күрделілігі және қысқа мерзімділік («Жастар тәжірибесі») сияқты мәселелерді атап өтті.

«Негізінде, бұл – тәжірибе алудың жақсы нұсқасы. Жалғыз кемшілік – барлығы ауылда тұрғысы келмейді. Қалада туып-өскен жастар ауылға барғысы келмейді деп ойлаймын. Бұл менің жеке пікірім. Бірақ мен өзім мұндай бағдарламаларға қатысқан жоқпын».

«Менің ойымша, біздің ауылда жұмыс істегеннен кейін барлық жастар қалаға көшеді. Әрине, егер олар осы жерде үйленбесе немесе тұрмысқа шықпаса, негізі ауылда жастар аз. «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы туралы ғана естідім, қалғандары туралы білмеймін».

«Мен бұл жобаларға қатысқан жоқпын, бірақ мен «Дипломмен ауылға!» сияқты бағдарламаларды жақсы білемін, себебі менің осы бағдарлама бойынша танысым қазір ауылда жұмыс істейді. Шарттары жақсы, менің ойымша, жастарды жұмыспен қамтудың жақсы бағдарламасы болып табылады. Қала тұрғындарына осыған ұқсас бағдарламалар ойлап құрса өте жақсы болар еді».

«Нәтиже жоқ, өйткені сіз ол жерге 6 ай жұмыс істеуге барасыз, ол жерде сізге ешкім инвестиция салғысы келмейді. Бүгін келсен, ертең кетесің. Менің ойымша, ешкім егжей-тегжейлі айтқысы келмейді, сізге бірдеңе үйреткісі келмейді, сізге бірдеңе білсін деп түсіндіргісі келмейді. Бүгін сіз жұмысқа тұрсаңыз, 6 ай бойы сол жерде құжаттарды алып келу-алып кетуді және т.б. орындайсыз. Міне, осындай жұмыс болды. Жүгіріс үстінде».

Респонденттер жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламаларына қатыспау себебін, ең алдымен, **олар туралы хабардар болмауды не төмен қызығушылықты, орынсыз жағдайларды атап өтеді.**

«Мен олар туралы білмеймін, мен «Жол картасы» туралы естідім, бірақ бұл нені білдіретінін білмеймін. Ауылдағы жұмысқа орналасу маған ұнамайды, мен қаладан кетуге дайын емеспін».

«Мен басқа бағдарламалар туралы естіген жоқпын. «Дипломмен ауылға!» бағдарламасына мен қатысқым келеді. Ол үшін жұмыспен қамту орталығына бару керек шығар. ***Шынымды айтсам, қайда барарымды да білмеймін****. Сондықтан болар, мен ешқайда қатысқан жоқпын. Себебі сіз қайда бару керектігін, ол үшін не істеу керектігін білмейсіз. Көптеген адамдар бұл*

бағдарламаларға қатыспаған, тіпті олар туралы естімеген. Дәлірек айтсақ, олар жайлы естіген шығар, бірақ толық оқып зерттемеді. ***Қалай болғанда да аз түсіндіріледі****».*

«Иә, өйткені олар мені қызықтырмайды. ***Олар туралы білмеймін****. Мен көрмедім, мені ешкім шақырған жоқ. Әрине, олар мені ешқайда шақыруға міндетті емес, мен мұны өзім білуім керек шығар. Бірақ олар өздерін толық таныстырған жоқ деп айта аламын».*

Осы бағдарламалардың тиімділігіне қатысты респонденттердің бір бөлігі мемлекеттік бағдарламаларды жеткілікті жоғары және орта деңгейде бағалайды.

«Тәжірибе көрсеткендей, олар өте тиімді, жақсы бағдарламалар, жастарды жұмысқа орналастыруға көмектеседі, бірақ, әрине, оның өз шарттары да бар».

«Негізінде қандай да бір әсер бар шығар. Ең бастысы, жұмыс тәжірибесі мен еңбек өтілі. Сондықтан, кез келген жағдайда, бұл өмірде өз пайдасын тигізер».

Респонденттердің аз бөлігі олар туралы хабардар болмауына байланысты жауап беруде қиындықтарға тап болды, сондай-ақ респонденттердің аз бөлігі олардың тиімділігіне күмәнданады.

Жастарды қолдау үшін **идеалды мемлекеттік бағдарламаның бейнесі** қандай болуы керек деген сұраққа респонденттер келесі аспектілерді атап өтті.

Біріншіден. Тұрғылықты жеріне қарамастан жұмыс орындарын ұсыну.

«Мінсіз ештеңе жоқ. «Дипломмен ауылға!» негізінде тіпті қала жастары үшін өте ұқсас, жақсы шарттары бар бірдеңе ойлап табуға болады, менің ойымша, жастардың жұмыссыздығы, проблема болмайды».

Екіншіден. Оқу орындары арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

«Мен тіпті білмеймін. Мүмкін жастар университетке түсуі үшін гранттар көп болу керек шығар немесе қол жетімді болу үшін оқу ақысын мүмкін төмендету керек. Сонымен қатар, университетті немесе колледжді бітіргеннен кейін оқу орны жұмысқа орналасуға көмектеседі. Бұл тиімдірек болар еді. Егер мен университетті бітірген кезде біреу маған осындай бос орын бар деп айтса, мен берілген мүмкіндікті қолданар едім».

Үшіншіден. Білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

«Жастарға білім алу үшін көбірек гранттар бөлу керек шығар, сонымен бірге олар өз мамандықтары бойынша тәжірибе ала алады. Бізге тіпті тәжірибе орындары де берілмеді. Жұмыс бабында өз идеяларымен, тәжірибесімен белгілі бір түрде бөлісу үшін біз қандай да бір кәсіпорынға бардық. Онда, мысалы, менің мамандығым – дизайн бойынша мамандар жұмыс істейді. Мүмкін, жұмысқа орналасу – жақсы жалақысы, болашағы бар қалыпты жұмыс. Сондай-ақ, ол білімнің тегін болуын да білдіреді».

Төртіншіден. NEET жастарымен сараланған жұмыс.

«Мемлекеттік бағдарлама мектепті бітіргеннен кейін әрбір жас азаматты есепке алып, олардың қозғалысын қадағалап отыруы тиіс. Егер ол бір жерде жұмысқа тұра алмаса және 3 айдан астам жұмыссыз болса, менің ойымша, мемлекеттік органдар мұндай балаларды шақырып, олармен сұхбат жүргізіп, жұмысқа орналасуға жәрдемдесуі қажет».

Бесіншіден. Меритократия қағидаларын ұстану.

«Менің ойымша, әділеттілік жеңіске жетуі керек. «Бәке, Сәке» болмауы үшін, бәрі ақша арқылы шешілмеуі қажет. Барлығын әлеуметтік мәртебесі бойынша емес, олардың дағдылары ғана бойынша бағалау қажет».

Қорытынды

Жалпы, респонденттердің жауаптарын талдау көптеген көрсеткіштер бойынша пікірлердің алшақтығы бар екенін көрсетеді, кейбір жағдайларда респонденттердің жауаптары толығымен қарама-қайшы болып шықты. Терең сұхбат кезінде байқалған негізгі бағыт – **респонденттің материалдық жағдайы** (бұл өз кезегінде отбасының жалпы материалдық жағдайынан және респондентті қолдау деңгейінен тұрады) мен оның әлеуметтік әл-ауқаты мен NEET санатынан тезірек шығуға деген ұмтылысы **арасында өзара берік байланыс бар**. Атап айтқанда, жақын арада өз өмірінде қызмет саласын өзгертуге мүдделі емес екі әлеуметтік мінездеме ерекшеленді: 1) жақсы табыс табатын жұбайының қамқорлығындағы және бала тәрбиесімен айналысатын қыз; 2) ата-анасының қамқорлығындағы және «академиялық үзіліс» немесе «gap year» шеңберінде өз жеке дамуымен айналысатын қыз.

Басқа барлық респонденттер (колледждерге немесе жоғары оқу орындарына түсе алмаған мектеп түлектері; қысқартуларға немесе жұмыстан босатуға байланысты жұмысынан айырылған; ұзақ мерзімді жұмыссыздар; орташа немесе қанағаттанарлықсыз материалдық жағдайға ие декреттік демалыстағы жас аналар) жұмысқа орналасуға тырысады және олардың жұмыссыздығына қатысты айтарлықтай алаңдаушылық сезінеді.

Өмір сүру деңгейіне қанағаттанудың негізгі сипаттамалары келесі аспектілер болып табылады:

1. **NEET жастарының қазіргі өмір сүру деңгейіне**, оның ішінде **өмір сүру жағдайларына, материалдық әл-ауқат деңгейіне,** жалпы алғанда, қанағаттану деңгейі **төмен** деп бағаланады. Респонденттердің көпшілігі отбасының қазіргі табыс деңгейіне алаңдаушылық білдіреді. Сонымен қатар, респонденттер әсіресе **жұмысқа орналасу қиындықтарына, қажетті тауарлардың жоғары бағасына назар аударады.**

2. Респонденттердің көпшілігі **өткен жылы олардың өмірі нашарлағанын атап өтті**. Негізінен, бұл өзгерістер өзінің және жақындарының денсаулығы мен әл-ауқат жағдайына байланысты. Сонымен қатар, өткен жылдағы нашарлаудың негізгі себептерінің бірі – **жұмыстан айырылу және табыс деңгейінің төмендеуі**, өзімді және отбасымды қажетті заттармен қамтамасыз етудің қиындығы.

3. Респонденттердің көпшілігі **олардың өмірі жалпы жастардың өмірінен айтарлықтай ерекшеленеді деп санайды**. Негізінен, олар айырмашылықтардың себептерін өмір сапасы деп санайды.

4. Ауылдарда тұратын респонденттер өз өмірі мен қала жастар өмірінің арасындағы айырмашылықты байқайды. Бұл айырмашылық бос уақытты өткізуде, өмір сүру жағдайында көрінеді.

Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты келесі ерекшеліктер байқалады.

1. Жастар **отбасымен және туыстарымен** бірге тұрады: біреу – ата-анасымен, бауырларымен, біреу – жұбайымен және балаларымен. Сонымен қатар, тұрғын үй жағдайлары айтарлықтай ерекшеленеді – бірнеше отбасын орналастыратын уақытша үйден бастап, респонденттер өскен және ата-аналары сыйға тартқан ата-аналық пәтерге дейін. Респонденттердің көпшілігі ата-анасының немесе жақын туыстарының меншігіндегі тұрғын үйде тұрады. Сауалнамаға қатысқандардың бір бөлігі тұрғылықты жері жалға берілетін пәтер екенін атап өтті. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің едәуір бөлігі ата-аналардың қолдауында екенін атап өтті. Некеде тұрған респонденттерді, сәйкесінше, жұбайлары асырайды.

2. Көптеген сауалнамаға қатысқандар өздерін **үнемдеуге және кейде өздеріне қажетті барлық дерлік нәрселерден бас тартуға** соның ішінде тамақ пен киімге үнемдеуге мәжбүр болатынын атап өтеді. Бұл тұрғыда демалыс пен ойын-сауықты респонденттер осы жағдайларда қол жетімсіз шығындар пункттері ретінде қарастырады. Кейбір респонденттердің жауаптарында қазіргі материалдық жағдайға деген **үмітсіздік пен жағымсыз эмоциялар байқалады**. Маңыздысы, кейбір **респонденттер ең қажетті заттарға**, азық-түлік пен дәрі-дәрмектерді үнемдеуге мәжбүр.

3. Респонденттердің көпшілігі **жинақтары жоқ екенін және ақша жинау мүмкіндігі жоқ екенін атап өтті**. Респонденттердің бір бөлігі мүмкіндік болған кезде, әдетте жұмысынан айырылғанға дейін, ақша жинау тәжірибесі туралы айтты.

4. Сауалнамаға қатысқандардың барлығы **мемлекеттен жұмыссыздық бойынша материалдық көмек (жәрдемақы)** алмайтынын атап өтті. Респонденттердің көпшілігінде жұмыс істемейтін жастарға мемлекеттік қолдау түрлері туралы ақпарат жоқ. Бұл ретте кейбір респонденттер жұмыссыздарды мемлекеттік қолдаудың түрлерін, бала тууына байланысты төлемдерді, мүгедектік бойынша жәрдемақыларды және т.б. түрлерін ажыратпайды.

5. Кейбір респонденттер жұмыс істемейтін жастарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы біледі, бірақ олар талаптарға сәйкес келмегендіктен бұл мүмкіндікті пайдаланбады.

Білімге қатысты респонденттердің келесі сипаттамалары ерекшеленеді.

1. Респонденттердің көпшілігі атап өткендей, мектеп үлгерімі орташа және жақсы болды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі мектеп жылдарында олармен кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілгенін, **колледждер/жоғары оқу орындарының өкілдері келгенін айтады.** Осы іс-шараларға қарамастан, **оқуға түсу тақырыбы**, қандай қадамдар жасау керек және т.б. ашылмай қалды. Респонденттердің бір бөлігі мектеп қабырғасында олармен кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілгенін жоққа шығарады.

2. Білім беру респонденттер үшін ерекше маңызға ие. Респонденттердің мектепті бітірген кездегі өмірлік мақсаттары мен мотивацияларын еске түсіре отырып, олардың барлығы **колледжге/университетке түскісі келетінін атап өтті.** Бұл ретте респонденттердің жауаптарының арасында **белгілі бір оқу орнына баруды саналы түрде таңдау байқалмайды.**

3. Кейбір респонденттер оқу орнына өз таңдауы бойынша емес, адамдар айыптаудан аулақ болу үшін «**басқалар сияқты болу**» себебімен түсті. **Мамандық таңдау кезінде** респонденттер көп жағдайда, ең алдымен, өздерінің мүдделері мен қалауларына, жеке басының ерекшеліктеріне сүйенді. Мамандық таңдаудағы тағы бір маңызды фактор – респонденттер туыстары мен жақындарының пікірін атап өтеді.

4. Кейбір респонденттер, ең алдымен, білім беру құнының қолжетімділігіне қарағанын, сондай-ақ осыған сүйене отырып, гранттар көп болатын мамандықты таңдағанын атап өтті. Респонденттердің жауаптары ақылы білім алуға материалдық мүмкіндіктердің жоқтығынан **тегін білім алуға** сұранысты анықтауға мүмкіндік береді.

5. Сондай-ақ, **біліктілікті арттыруға** және орта арнайы білімнен кейін жоғары білім алуға деген ұмтылыс көрінеді. Сондай-ақ, жастардың білім алуға деген ұмтылысы сияқты аспектіні атап өту керек. Лайықты білім алу көбінесе студенттердің өздеріне және олардың мақсаттылығына байланысты. Білім алудың алдағы жоспарлары туралы сұраққа респонденттердің көпшілігі оқуды жалғастыруға ниет білдіреді. Бұл ретте олардың бір бөлігі алған мамандығы бойынша біліктілігін

арттыруды, магистратурада оқуды қалайды, екінші бөлігі **жаңа мамандық алуға** ұмтылысын білдіреді.

6. Алынған мамандық бойынша білім мен дағдыларды іске асыруға деген ұмтылыс та байқалады.

Жалпы, респонденттердің жауаптарында **білім алудың адам мен оның болашағы** үшін маңыздылығы туралы пікір байқалады.

Жұмысқа орналасуға **және жұмыспен қамтуға** қатысты келесі аспектілер бөлінеді.

1. Респонденттер **жұмыс өтілінің болмауына байланысты** жас мамандарды жұмысқа орналастыру мәселесін атап өтеді.

2. Бұл ретте, респонденттердің барлығы дерлік өздері бітірген білім беру мекемелерінің **жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетпегенін** атап өтті.

3. Бірнеше нұсқа респонденттерге **жұмыс табудың негізгі арнасы** болды. **Біріншіден**, бұл маманға қызығушылық танытатын ұйымдарға түйіндеме беру. **Екіншіден**, бұл газеттердегі, әлеуметтік желілердегі, хабарландыру тақтасындағы бос орындар туралы хабарландырулар. **Үшіншіден**, бұл туыстар мен таныстар. Көптеген респонденттер **жұмыс іздеудің бірнеше нұсқаларын қолданғанын атап өтті**.

4. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі **Жұмыспен қамту орталығына жүгінбегенін және** мемлекеттік органдар арқылы **жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары туралы хабардар болмағанын атап өтті.**

5. **Респонденттердің көпшілігі оқуды бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша жұмыс істеуді қалағанын, бірақ істемегенін** атап өткен жөн.

6. Оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасудың қиындығы, кейбір респонденттердің пікірінше, **жұмыс берушілер тәжірибелі қызметкерлерге қызығушылық танытады**, ал жақында бітірген түлектердің жұмыс өтілі әдетте жоқ.

7. **Респонденттер жұмыс орындарында ұрпақтар сабақтастығының болмауы, тәлімгерлік институты,** аға және тәжірибелі қызметкерлердің **тәлімгерлігі болмауы сияқты** проблемаларды атап өтеді**.**

8. Респонденттердің жауаптары олардың **жұмыс орнын сирек ауыстыратынымен келісілді**. Респонденттердің жауаптары контекстінде жұмыстың жиі өзгеруі ерекше жағдайға ұқсайды. Жұмыс орындарының жиі ауысу себебі жұмыс беруші тарапынан мәселе – жалақының төленбеуі, ынтымағы жоқ ұжым және т.б. Респонденттердің жауаптары арасында **жұмыс орнын жиі ауыстырудың қажеті жоқ деген ойды байқауға болады**.

9. **Қалаған жұмыстың сипатына** қатысты респонденттер келесі сипаттамаларды атап өтті: **тиісті аударымдарға ие ресми жұмыс, мамандық бойынша жұмыс, ыңғайлы жұмыс кестесі**.

10. Алайда респонденттердің көпшілігі үшін **мамандық бойынша жұмыс істеуді жалғастыру маңызды.** Мұның себебі, олар алған мамандықты ұнатады. Сонымен қатар, кейбір респонденттер үшін **бірден мамандық бойынша жұмыс табу маңызды.** Алайда, жоғарыда атап өткеніміздей, бұл жұмыс іздеу кезеңінің ұзап кетуінің басты себебі емес, өйткені респонденттердің көпшілігі кез-келген ақылы жұмысты қабылдауға дайын. Кейбір респонденттер **өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмаймын деп қорқып, алаңдаушылық** білдіреді.

11. Кейбір респонденттердің атап өтуінше, қазіргі уақытта олар үшін **қызмет саласы аса маңызды емес екенін, ең бастысы жұмыстың болуы және ол үшін ақы төленетінін атап өтті.**

12. Респонденттердің жауаптарының ішінде **еңбекақының лайықты деңгейі жұмыстың беделіне** және мамандандырудың алынған білімге сәйкестігіне қарағанда басым екені байқалады.

13. Респонденттерге жұмыс орнын таңдау кезінде **мансаптық өсу, лайықты жалақы, мамандық бойынша жұмыс, жақсы ұжым, үйге жақын орналасу маңызды.**

14. Бір қызығы, респонденттердің көпшілігі **еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шаралар қабылдамайды**. Бұл ретте олардың бір бөлігі сұранысқа ие дағдыларды оқыту тегін және қолжетімді болуы мүмкін екенін біледі.

NEET жастарының ерекше проблемалары, ең алдымен, жұмыспен қамтудың болмауы және көп жағдайда қанағаттанарлықсыз қаржылық жағдай болып табылады. Респонденттер қолма-қол **ақшаның жетіспеушілігі, өзін-өзі дамытудың төмен деңгейі, жаман әдеттер, бос уақыттың тиімсіз өткізілуі сияқты мәселелерді атап өтті.**

Жалпы, **респонденттердің жауаптары арасында өзін-өзі жүзеге асырудың, өзін-өзі дамытудың болмауы және деградация**, бұлар зиянды салдарға әкелетіні туралы ойлар байқалады.

Маңызды аспект-**респонденттер саяси мәселелерді атап өтпейді**, бірақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерге көбірек назар аударады.

Респонденттер бұл айтылған **мәселелер әсіресе ауыл жастары үшін өзекті екенін атап өтті**, өйткені бұл ауылда жастар жұмыс істемейтін және оқымайтын тәжірибе жиі кездеседі.

NEET жастарын қолдау жөніндегі мемлекеттік шараларға қатысты келесі ерекшеліктерді атап өту қажет**.**

1. Респонденттердің пікірі көп жағдайда мемлекеттік органдар негізінен жастардың мүдделеріне жеткілікті көңіл бөлмейтіндіне сай келеді.

2. Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, ең алдымен **мемлекет жастарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне назар аударуы қажет**. Сондай-ақ, респонденттердің жауаптары арасында NEET санатындағы жастармен арнайы жұмыс жүргізу туралы бастама көтерілді. Респонденттер тұрғын үй мәселесінің өзектілігін, сондай-ақ білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру мәселелерін атап өтті.

3. Мемлекеттік органдарға респонденттер білім алуға, жұмысқа орналасуға және басқа да мәселелерге көмек алу мақсатында жүгінген жоқ. Олардың кейбіреулерінің жауаптарының ішінде мұндай өтініштердің тиімділігіне сенімсіздік туралы ой бар.

Барлық респонденттер мемлекеттік органдардан көмек алмағанын атап өтті. Респонденттердің едәуір бөлігі **жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттандырылмаған**. Респонденттер жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламаларына қатыспау себебін, ең алдымен, **олар туралы хабардар болмауды не төмен қызығушылықты, орынсыз жағдайларды атап өтеді.**

4. Жастарды қолдау үшін **идеалды мемлекеттік бағдарламаның бейнесі** қандай болуы керек деген сұраққа респонденттер келесі аспектілерді атап өтті:

- тұрғылықты жеріне қарамастан жұмыс орындарын ұсыну (қала/ауыл);
- оқу орындары арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- жоғары білімнің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;
- NEET жастарымен сараланған жұмыс;
- меритократия қағидаларын ұстану.

Жалпы **респонденттердің барлығы жұмыс іздеуде емес** екенін атап өту керек. Олардың бір бөлігі осы уақыт аралығында **жұмысқа орналасуға қызығушылық танытпайды**. Мұның себебі – отбасылық жағдайлар – біреу жұбайының қамқорлығында және балаларға қарайды, біреу – туған адамының ауруына байланысты. Жұмыс іздеп жүргендердің ішінде **респонденттердің барлығы дерлік тұрақты түрде жұмыс іздеуге тырысады**.

Осыған байланысты, NEET жастарымен жұмыс істеу кезінде мемлекеттік органдар бұл жағдайды мұқият ескеріп, NEET жастарының көбірек қызығушылық танытатын кіші санаттарына жұмыспен **қамтуға жәрдемдесу шараларын даярлауы** қажет. Бұл, ең алдымен, колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері, әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты жұмысынан айырылған, декреттік демалыста ұзақ уақыт болғаннан кейін экономикалық белсенділікке қатыса алмайтын жас аналар және басқалар.

Ұсыныстар

Респонденттердің жауаптарын талдау **NEET жастарымен жұмыс жөніндегі мемлекеттік саясатты жетілдірудің күтілетін және қажетті шараларын анықтауға мүмкіндік береді.**

Біріншіден. Мектеп оқушыларымен **кәсіптік бағдар беру жұмысының жаңа моделі** қажет. Респонденттер атап өткендей, кәсіптік бағдарлау жұмысының қолданыстағы моделі өңірдегі және елдегі колледждер мен ЖОО-лардың жарнамалық науқанында жатыр. Ол кәсіптік бағдар беру тесттерін, сұхбаттарды және оқушылардың қабілеттерін диагностикалаудың басқа әдістерін қамтымайды. Орта-арнаулы және жоғары білім беру жүйесі, оның сатылары мен ерекшеліктері туралы оқушылардың пікірін тұтас қалыптастыру жоқ. Білім алушылар үшін мақсат қоюды қалыптастыру, грантқа түсу, бюджеттік негізде түсу сияқты нәтижеге қол жеткізу үшін іс-қимылдар тізбесін қалыптастыру қажет. Сауалнамаға қатысқандардың жауаптарын талдау көрсеткендей, тегін білім алуға сұраныс жоғары, ал ақылы негізде оқуға материалдық мүмкіндігінің болмауына байланысты жастар үшін грантқа түсу ең қолайлы нұсқалардың бірі болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының маңыздылығы кейбір сауалнамаға қатысқандар атап өткендей, мамандық пен оқу орнын таңдау «кездейсоқ», «бәрі сияқты» жасалғанын да өзектендіреді. Бұл жастардың болашақта жұмыс істеуге мүдделі емес мамандық бойынша оқитынына, оның еңбек нарығындағы сұранысы туралы хабардар болмауына алып келеді. Бұл өз кезегінде жұмыссыздық немесе мамандық бойынша емес жұмыс тәуекелдерін туындатады.

Екіншіден. Колледждер мен ЖОО түлектерін оқу орындары желісі бойынша жұмысқа орналастыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу қажет. Сауалнамаға қатысушылардың айтуынша, бүгінгі таңда оқу орындары өз түлектерінің жұмысқа орналасуына тиісті көңіл бөлмейді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың алғашқы жұмысы мамандық бойынша болмады және олар мамандық бойынша жұмыс таба алатынына алаңдаушылық білдіреді. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі үшін жұмысқа орналасу кезінде жұмыстың өз мамандығы бойынша болуы басымдыққа ие.

Респонденттердің көпшілігі сондай-ақ өздерінің жұмыссыздығына үмітін үзгендіктен, кез келген лайықты ақылы жұмысты қабылдауға дайын екенін атап өтеді.

Бұл бағдарлама сонымен қатар колледждер мен жоғары оқу орындарының еңбек нарығында өздері дайындайтын мамандардың сұранысы үшін жауапкершілігін және білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Үшіншіден. Мемлекеттік, квазимемлекеттік секторда, бюджеттік және басқа да ұйымдарда арнайы жоба түрінде **тәлімгерлік мәдениетін** қалыптастыру қажет. Респонденттер атап өткендей, түлектер жұмысқа орналасу кезінде әртүрлі қиындықтарға тап болады және жұмыста ұрпақтар сабақтастығы болмаған кезде бұл жұмыстың жалпы тиімділігіне әсер етеді.

Төртіншіден. NEET жастарымен жеке жұмыс жүргізу қажет – тұрақты негізде ешқайда түспеген және жұмысқа тұрмаған жастарға мониторинг жүргізу, олардың бос уақытын қалыптастыруға, олардың өзін-өзі дамытуға жәрдемдесу, колледждерге немесе жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндіктері туралы, сондай-ақ жұмысқа орналасу туралы хабардар ету қажет. Бұл еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін жастардың девиантты мінез-құлқының алдын алуға, сондай-ақ олардың алдында жаңа мүмкіндіктер ашуға мүмкіндік береді.

Бесіншіден. Әлеуметтік желілерде жастарды қолдау бойынша қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттық жұмыс жүргізу керек. Респонденттердің жауаптары көрсеткендей, олардың көпшілігі әлеуметтік желілерді күнделікті өмірде өз ауылында немесе қаласында болып жатқан оқиғалар жайында хабардар болу үшін пайдаланады. Сонымен қатар, сұхбат нәтижелері жастардың жұмысқа орналастыру және басқа да мәселелер бойынша мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардарлығының төмен деңгейін көрсетеді. Ақпараттық науқанды жастардың мүдделеріне бейімдеу қажет.

IV. САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Дефиниция мәселесі, санды талдау, оның өзгеру факторлары

Дәстүрлі ұғымда NEET-ке қоғам өміріне белсенді әлеуметтік қатыспайтын, яғни жұмысқа орналаспаған немесе ЖОО-да оқымаған әрі біліктілік бойынша оқудан өтпеген жастар жатады.

Сарапшыларға келесі сұрақтар қойылды: «Сіз NEET жастарына кімді жатқызасыз? Сіздің ойыңызша, NEET санатын анықтау мәселесі бар ма, сәйкессіздік мәселесі қаншалықты өзекті?». **Сарапшылардың көпшілігі NEET жастарын санаттау мәселесі бар деп келісті.** Бастапқыда бұл тұжырымдама пассивті жастарды қамтыды, бірақ қазіргі таңда бұл термин басқа санаттағы адамдарды қамтуы мүмкін. **Кейбір сарапшылар бұл санатқа декреттік демалыстағы әйелдер де кіруі мүмкін екенін атап өтті.**

«Тәжірибелік қызметте біз осы санаттағы жастарға, ең алдымен, қазіргі уақытта жұмыссыз, жұмыспен қамту органдарында тіркелмеген жастарды жатқызамыз, екінші санат – қазіргі уақытта оқымайтын, жұмысқа орналасу үшін тиісті білімі жоқ жастар. Екі негізгі санат, сондай-ақ қазіргі заманғы әдістеме осы санатқа өзге адамдарды, мысалы, декреттік демалыста жүрген адамдарды жатқызуды көздейді» ***(Б.Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«NEET жастар санатына бос, оқымайтын, білім беру саласынан немесе жұмыспен қамту саласынан тыс жастар жатады. NEET санатын анықтау мәселесі бар. Бұл өзекті мәселе, өйткені декреттік демалыста жүрген, декреттік демалыстан кейін жұмыс істемейтін, балаларын тәрбиелейтін әйелдер де осы санатқа жататынын түсіну керек» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Қазір жастарда «фриланс» ұғымы таралуда. Егер сіз оған ресми түрде жақындасаңыз, онда фрилансер де NEET болып табылады. Өйткені, ол еш жерде тіркелмеген, ешқандай салық төлемейді. Фриланс әсіресе салыстырмалы түрде жас азаматтардың арасында басым болып келеді және жастардың қатысуымен ол күннен күнге толықтырылады. Қазір мен нақты санды айта алмаймын, бірақ олардың көп екені анық. Біз оларды NEET-ке жатқызамыз және бұл санатқа да көмекке мұқтаж болатын азаматтар ретінде қараймыз» ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

Сарапшылар сонымен қатар осы санатқа жататын адамдарды анықтау үшін нақты демаркациялар қажет екенін атап өтті.

«NEET жастарының не екенін түсінбеу, әртүрлі категориялардың нақты демаркациясы жоқ деген мәселе бар. Мысалы, NEET жастары – бұл жұмыс істемейтін және оқымайтын адам... әлеуметтік мәртебесіне, отбасының табысының төмен деңгейіне байланысты оқи алмайтын адам. Дипломы немесе жұмысы жоқ, тіпті қандай да бір диплом болса да, жұмысқа орналасуға мүмкіндігі жоқ адам» ***(А. Чеботарев, «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры).***

«...NEET туралы айтатын болсақ, біз кімді айтамыз? Бұл анықтаманың барлық компоненттерімен сипатталатын жастар ма? Яғни, ол бір уақытта жұмыссыз, еш жерде оқымауы немесе тренингтен өтпеуі керек пе, әлде тек осы санаттардың біріне жатқызылуы керек пе? Келесідей анықтама беру дұрысырақ болар еді: NEET жастары - 15-24 жас аралығындағы жұмыс істемейтін, қосымша

білім берумен айналыспайтын және/немесе кәсіби дайындықпен айналыспайтын жастар (ерлер мен әйелдер)» ***(Ж. Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

Егер біз **халықаралық тәжірибеде NEET терминін ажыратуды қарастыратын болсақ**, онда «Оның критерийлері халықаралық және отандық ғылымда қаншалықты біртұтас? Бұл халықаралық деңгейде статистиканы анықтауға үлкен кедергі бола ма?» .

Сарапшылар жалпы базаның болмауы жоғарыда аталған санатқа жататын адамдарды анықтауға кедергі екенін атап өтті.

«Бүгінгі күні, әрине, статистика әр түрлі болады, өйткені бізде бірыңғай стандарттар жоқ. Критерийлер, бұл екінші мәселе, ал жастар туралы ғылымның өзі бізде әлдеқайда дамымаған. Әрине, бұл – үлкен кедергі» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Ең көп қолданылатын әдіснамалық база, ол негізінен біріздендірілген, яғни жастар орталығымен және басқа да зерттеу институттарымен бірге ғылыми бағыттар бойынша тиісті ұсынымдар бар, олар біз жастарды жоғарыда аталған санаттар бойынша теориялық тұрғыдан алға жылжытуды көздейді, бірақ іс жүзінде қазір оны іске асыру өте қиын болып тұр» ***(Б. Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«Жұмыссыздықтан немесе жұмыспен қамтудан айырмашылығы, NEET-ті анықтайтын халықаралық стандарт жоқ. Мұның өзі елдердің халықаралық кеңесшілерінің жаңа ТДМ бойынша жұмысын қиындатуы мүмкін. Еуростат, ХЕҰ және кейбір басқа ұйымдар NEET ставкасының келесі анықтамасын қабылдады: осы жас тобы мен жынысы бойынша жұмыс істемейтін және одан әрі білім берумен немесе кәсіби дайындықпен айналыспайтын халықтың пайызы» ***(Ж.Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«Иә, олардың саны жыл сайын артып келеді. Оның өсіп келе жатқаны анық. Ал егер біз оны сол қалпында қалдыратын болсақ, онда NEET жастарының санаты жыл сайын арта түседі, ең болмағанда осыдан бастау керек, яғни, қазіргі анықтама ескірген деп есептеймін» ***(Қ. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

«Еуростат және ХЕҰ анықтамасын қолданамын: жұмыс істемейтін және одан әрі білім алуға немесе оқуға қатыспайтын жастар халқының пайызы. Өкінішке орай, жұмыссыздықтан немесе жұмыспен қамтудан айырмашылығы, NEET-ті анықтайтын халықаралық стандарт жоқ. Оқу мәселесі – өзекті. Сонымен қатар, осы көрсеткіштің артында болуы мүмкін негізгі мәселелерді дұрыс анықтау үшін жалпы көрсеткіштен тыс егжей-тегжейлі бағалау қажет. Сонымен қатар, NEET мәртебесі көптеген жастар мен жағдайларға, соның ішінде белсенді жұмыс іздеушілерге, сондай-ақ денсаулығына байланысты, отбасылық міндеттерге, еңбек нарығында сапалы жұмыс орындарының болмауына және басқа да бірқатар себептерге байланысты жұмыс істемейтіндерге қолданылады. Мысалы, жұмыс істемейтін, оқымайтын немесе кәсіби дайындықтан өтпейтін жастардың белгілі бір саны оқудан жұмысқа сау ауысудың белгісі болуы мүмкін. NEET әрдайым жастардың маргиналдануын көрсетпейді және кедейлік шегінен (workingpoor) немесе біліктілікті көтеру және жақсы ақылы жұмысқа ауысу мүмкіндігі жоқ, біліктілігі төмен жұмыстарда жұмыс істейтін жастардың барлық санатын қарастырмайды. Бұл санаттың экономикаға әсерін түсіну үшін NEET ұзақ мерзімді зерттеуі қажет. Мысалы, Шотландияда осындай зерттеу NEET жастарының 10 жылдан кейін жұмыссыз қалатынын немесе біліктілігі төмен жұмыстарда жұмыс істейтінін көрсетті» ***(сарапшы, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілдігі).***

«Біз халықаралық классификацияны қолданамыз, бірақ менің ойымша, бұл жерде біздің классификация болуы керек. Мен мұнда өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды да, жұмыспен қамтылғандарды, мысалы, ауылдық жерлерде, маусымдық жұмыстармен айналысатындар, қосалқы шаруашылықтары бар адамдарды да жатқызар едім. Яғни, бізде бұл басқаша болар еді. Бізге өзіміздікі керек деп айтамын, мүмкін..., бұл біршама оң нәтижелерді көрсететін шығар. Қазіргі нақты жағдаймен салыстырғанда. Біліктілігі төмен адамдар үшін еңбек шарттарының қанша пайызы бар екенін анықтау қажет. Мұнда нарықтар мен қызметтерде немесе маусымдық жұмысшыларды да қарастыру жөн. Мен, ең алдымен, кімнің аударымдары бар екенін бөліп айтар едім – зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар. Егер ресми түрде жұмыспен қамтуды ескеріп қана қоймай, сіз осы санатты толығырақ қарастыратын болсаңыз, тереңірек түсіп кетуіңіз мүмкін. Айталық, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамның жеке қосалқы шаруашылықтары да бар, бірақ егер ол әлеуметтік аударымдар жасамаса ... әрі ол жастар қатарына жатса, онда менің ойымша, оны NEET санатына жатқызуға болады. Біз берілген санатты кеңейтсек, бізде шындыққа жақын өте жағымсыз көрініс пайда болады. Себебі, маған бұл ауыл жастарымен қарым-қатынас тәжірибесінен белгілі» ***(Ж. Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

Сарапшылардың пікірінше, өкінішке орай, мұндай проблема әлі де бар. NEET санаты туралы айтатын болсақ, жергілікті атқарушы органдардың да, орталық атқарушы органдардың да көпшілігі бұл мәселе тек тиісті министрлікке немесе аймақтардағы уәкілетті басқармаларға және т. б. қатысты деп санайды. Бұл ұғымдарды тек мемлекеттік органдар ғана емес, ең алдымен тиісті институттар да осы мәселемен айналысуы үшін кең қоғамдық талқылауға шығару қажет.

«Ең алдымен, бұл жұмыста ғылыми көзқарас қажет. Яғни, біз қазір істеп жатқан нәрсені «даладағы жұмыс» деп атауға болады. Белгілі бір ғылыми және статистикалық негізсіз. Басқаша айтқанда, бізге ресми статистика беріледі және осыған сүйене отырып, барлығы істердің жай-күйіне қанағаттанады. Шын мәнінде, NEET санатындағы мәселеге тереңірек қарау керек, яғни мұнда жас азаматтарды тікелей мектептен бастап бақылау керек. Оны жұмысқа орналасқанға дейін немесе оған кейін не болғанын қадағалау қажет. Ең алдымен, NEET-тің бұл санаты, бастапқыда NEET жастары қалай пайда болатынын, қалыптасатынын анықтау мақсатында. Ал біз фактіден кейін жұмыс істейміз. Нақтырақ айтсақ, бізде жұмыссыз, білім алмаған белгілі бір адамдар бар, бірақ бізде бұл жағдайдың себептері әлі зерттелмеген. Әрине, менің ойымша, тиісті мемлекеттік органдар да, институттар да бұл мәселенің қайдан шыққанын және не істеу керектігін бірінші кезектегі мәселелерге назар аударуы керек. Яғни, фактіден кейін жұмыс істемей, алдын алу шараларын қабылдау қажет» ***(Д.Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

Ресми статистикаға сәйкес**, Қазақстанда осы санаттағы жастардың орташа үлесі 6,9% құрайды.** Алайда, сарапшылардың пікірінше, бұл деректер шындыққа сәйкес келмейді.

«Менің ойымша, бұл санаттағы жастардың үлесі әлдеқайда жоғары. Себебі біз өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар санатын есептей алмаймыз... өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны, пайызы өте жоғары. Бірақ бізде мұндай статистика жоқ, бүкіл республика бойынша оны анықтайтын мүмкіндік жоқ» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры)****.*

«...Менің ойымша, бұл жағдай әлі зерттелмеген сияқты, неге? Себебі оны қалай зерттелетіні туралы түсінік жоқ, категория. Бұл менің ойымша шамалап алынған деректер» ***(А. Чеботарев «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры).***

«Қазақстанда қашықтықтан оқытудың формальды сипатқа ие екендігін ескере отырып, нақты көрініс 6,9%-дан асады деп ойлаймын» ***(Ж.Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«...менің ойымша, кез-келген жағдайда кішкене корреляция болады, өйткені біз пандемияның салдарын әлі көре алмаймыз, біз мұның бәрін енді сезіне бастадық. Көрдіңіз бе, NEET санаты неден тұрады? Жұмыссыз жастардан, экономикалық белсенді жастар санатынан. Нақтырақ айтсақ, адамды жұмыссыз деп санау үшін ол жұмыспен қамту орталығына келіп, жұмыссыз деп санау үшін тиісті өтініш жазуы қажет. Ал іс жүзінде жұмыссыздар саны әлдеқайда көп» ***(Д.Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

Сарапшылардың болжамы бойынша, Қазақстандағы NEET жастармен жағдай пандемиядан кейінгі білім алшақтығына байланысты ушығатын болады.

«Ал, егер ол сол күйінде қалса, одан да жаман болады. Әлеуметтік жарылыс болуы мүмкін. Яғни, бізде жастар қандай да бір қамқорлықты, көмекті сезінбейді. Олар тек өзіне қойылатын талаптарды сезінеді. Міне, сіз бюджеттен оқыдыңыз, сіз стипендия алдыңыз, міне, сіз енді келесіні істеуіңіз керек! Жастарға осылай қарайды. Дегенмен, мен әртүрлі елдерде өмір сүріп, оқу тәжірибесіне ие болдым. Онда барлық жастар тегін оқиды және бұл орынды табиғи нәрсе, айталық, бұл мемлекеттің жастарды тегін оқыту міндеті. Дәл сол жерде олар «сіз жұмысқа тұрдыңыз» немесе «сіз жұмысқа тұрмадыңыз» деп айыптамайды, сіз ресми жұмысқа қалай орналасуға болатындығы жайлы алаңдамайсыз. Ал олар өз кезегінде сапасы үшін алаңдайды. Бәсекелестік ортада жастарға жақсы жұмыс таба алатын жерде оқуға бар, бірақ өзің таңда деп айтады. Ал бізде грантқа ие болу мүмкіндігі бар жерге баруды, содан кейін осы грантқа жауап беруді талап етеді» ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

Сарапшылардың пікірінше, **елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, осы санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек қажет.**

«Барлығы берілген санат білімі жоқ, жұмыс істемейтін, ештеңемен айналыспайтын жастардан тұратынын түсінуі керек және бұл жағдайды ушықтырмау үшін осы жастарды әлеуметтендіру мәселелері бойынша жұмыс атқарылуы тиіс» ***(С.Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

2. Жастардың NEET санатына кіру факторлары және негізгі мәселелер

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың көпшілігі NEET санатына негізінен ауылдарда жұмыс орындарының жетіспеуіне байланысты және сапалы білім алу проблемасы бар ауылдық жерлерде тұратын жастарды жатқызуға болады деп санайды.

«*Тәжірибе көрсеткендей, көп жағдайда NEET санатына ауылдық жерлерде жұмыс орындарының шектеулі болуына және жоғары оқу орындарының жоқтығына байланысты ауыл жастары жатады»* ***(Ж. Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«...ауыл жастары, өйткені ол жерде орта білім және жалпы табыс деңгейі төмен. Кей отбасыларға тіпті орта-арнайы білім алу мүмкіндігі де жоқ. Әлеуметтік-мәдени факторлардың да әсері бар, бірақ кәсіптік бағдар беру отбасында басталуы керек, ата-аналар бір нәрсені үйретуі қажет сияқты ауылда ұстанымдар жоқ. Қазақ әлеуметі... яғни қазақ емес, айталық, ауылдық қоғам бүгінгі таңда дағдарысқа тап болып отыр. Дағдарыс идеологиялық, құндылық дағдарыс болып табылады, яғни болашаққа деген көзқарас, болашақ бейнесі жоқ. Бұл бейне ата-анада жоқ, сәйкесінше олар оны балаларға да бере алмады. Бізде ұлттық факторлар да бар... әйел, әсіресе ауылдағы әйел, яғни қоғамның, қоғамдық қатынастардың және үйдегі әйел рөлінің архаизациясы орын алып жатыр. Көп балалы болу, мұның бәрі де әсер етеді. Әйелдер бұл санатқа көбірек бейім. Бірақ этникалық тиістілік тұрғысынан, қазақтардың әлі де осалдығы бар. Өйткені, мысалы, басқа этникалық топтарда отбасыларда қалыптасатын кәсіби әулеттер бар. Орыстарда, әсіресе, егер анасы мен әкесі дәрігер болса, онда бала да медицина саласына барады. Мысалы, дүңгендер немесе ұйғырлар, оларда этносаралық қолдау бар, олардың көбісі ауылшаруашылық құрылымдарында жұмыс істейді. Бүгінгі таңда қазақ жастары, өкінішке орай, менің ойымша, бұл тұрғыда ең осал» ***(Ж. Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

«Ең алдымен, бұл – орта білімнен басқа білімі жоқ жастар. Содан кейін, тіпті аяқталмаған орта білімі бар азаматтар. Мүмкін, білім деңгейіне көңіл бөлу керек: аяқталмаған орта, аяқталған орта, біреудің колледж деңгейіндегі білімдері бар. Бұл дәл осындай тауашалар, категория, яғни білімі жоқ адамдар азаматтар» ***(А. Чеботарев, «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры).***

Алайда, бұл **санатқа қала халқы да кіруі мүмкін** деген пікір білдірген сарапшылар да бар.

«*Бізде және қалада қолайсыз аудандар жеткілікті. Ауылдық жерлерде еңбекқор жастар да жеткілікті. Мен бұл жерде мүлдем бөліп отырған жоқпын. Өйткені, біз атағандай, біздің дәстүрлі «тежегіштеріміз» барлық жерде кездеседі. Жастар оларға бейім. Өкінішке орай, бізде, мысалы, мамандықтың беделі деген белгілі бір себептермен әлі қалған ұғымдар бар. Мысалы, 7-8 сыныптағы бала, ол тамақ дайындағанды ұнатады, 9-сыныпта ата-анасына «Мен аспаз болғым келеді» деп айтқысы келеді, ал олар оған: «Сен ақымақсың ба? Заңгер мамандығы бойынша оқы», - деп айтуы мүмкін. Бұл қалада да, ауылдық жерлерде де кездеседі»* ***(Қ. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

«Менің ойымша, қала тұрғындары әлдеқайда осал болып келеді, өйткені ауылдағылардың жұмысы өте көп. Көпшілігінде шаруа қожалығы бар және олардың жұмыс табу ықтималдығы жоғары. Ауылдағы жастар – бұл басқа мәселе. Бұл жерде бос уақыт және т.б. ескеру қажет. Жалпы, қала тұрғындарының жастары олар NEET санатына көбірек жатқызылады. Этникалық жағынан қарастырсақ, бұл жерде қазақтар көбірек деп айта аламын... білімі жоқ қазақтар көп... дипломы бар адам әрқашан жұмысқа орналаса алады деп ойлаймын... ең бастысы, оның қандай да бір білімі болуы, кез келген жерде жұмыс таба алатындай негізгі білімі болуы қажет… Бұл негізінен үйде отыратын әйелдер. Әрине, ер адамдар да бар, олар әйелдерден артта қалмайды. Үйде, ата-анасының мойнында, мүлдем жұмыс істегісі келмейтін жастар бар. Жас тобы, жиырма бес жасқа дейін. Жиырма бес жастан асқандар енді үйде жатпайды, өйткені олардың отбасылары бар және қандай да бір жауапкершілікке ие болады.

Бәлкім, ең өзекті – 18-25 жас аралығындағы азаматтар» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

«Жастардың NEET санатына өтуі немен байланысты?», сарапшылар **сыртқы факторлар** бұл процестерге әсер етуі мүмкін **деген пікір білдірді, ал мемлекет өз тарапынан бұл мәселелерді әртүрлі жастар жобаларын құру арқылы шешуге тырысады.**

«*Біріншіден, бұл әлеуметтік қолдау. Нақтырақ айтатын болсақ, біздің ойымызша, мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде «Бірінші жұмыс орны», «Жастар тәжірибесі» және т.б., NEET санатының төмендеуін ынталандырады. Егер бұл бағдарламалар болмаса, онда NEET санатына кіретін жастардың пайызы жоғары болар еді. Осылайша мемлекет мемлекетке еңбек нарығына алғаш рет шығатын жастардың тағдыры маңызды екенін көрсетеді»* ***(Д.Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

«Менің ойымша, бұл сыртқы факторларға байланысты. Сыртқы факторлар – жұмысқа орналасу, қажетті жалақыны бірден алу және тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің болмауы. Әсіресе, тұрғылықты жері бойынша жұмыстың болмауы. Қазіргі таңда ішкі көші-қон жүріп жатыр, ал ішкі көші-қон әсері әлдеқайда жақсы емес екенін бірден айтып кетейін» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Мен сыртқы факторды бөліп көрсетер едім, оның ішінде, ең алдымен, біздің экономикамыздың құрылымы… Ол бірінші – экономикалық саясат, екіншісі – әлеуметтік саясат, үшіншісі – отбасындағы жалпы мәдени, тұрмыстық қатынастар» ***(Ж. Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

«Бұл – олардың жеке таңдауы... менің ойымша, кез-келген адам қалаған жалақысына, қалаған лауазымына байланысты жұмыс іздейді, оны таба алады немесе оған қол жеткізе алады... Бірақ егер адамның өзі жұмыс істегісі келмесе, онда мемлекет оған ешқандай көмек көрсете алмайды... Өйткені бізде көптеген бағдарламалар іске асырылуда, әр түрлі мүмкіндіктер бар, бірақ адам өзі қаламаса, ол жұмыс істемейді» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Сарапшылардың пікірінше, NEET санатына жататын жастардың проблемалары көп жағдайда ерекше.

«*Өте ерекше сипатқа ие деп айтар едім. Қазір біз өз-өзіне қол жұмсау, кәмелетке толмағандардың түсік жасатуы және т.б. жиі орын алатын елдердің қатарындамыз. Бұл, міне, терең ерекшелік. Қазіргі кезде балалар психологының деңгейі, айталық... ерекше рөл атқарады, өйткені қазіргі ақпарат өрісі әр түрлі ақпаратқа толы болып отыр. Ал ол көп нәрсеге бұрыс бағдар беруі мүмкін. Сонымен қатар, айталық, ата-аналар тарапынан, қоғам және мемлекет тарапынан қысым бар. Бізде жастар қорғалмаған болып саналады. Олардың осындай қорғалмағандығы өзіне-өзі қол жұмсау және басқа мәселелерде көрініс табады»* ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

«*Әрине, кез-келген жағдайды, менің ойымша, жеке-жеке қарастыру керек... NEET санатына өтудің нақты жағдайлары және тағы басқаларды, әрине, аймақтық айырмашылықтарды да ескеру қажет. Өйткені біздің еліміз үлкен және әр аймақтың өзіндік проблемалары бар, бұл да өз әсерін тигізеді. Әрине, ішкі көші-қон мәселесінің де ықпалы бар. Бұл жерде әсіресе ауылдан қалаға, белгілі бір өңірден Астанаға, Алматыға және т.б. қалаларға көші-қонды атап өткен жөн»*

(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).

«… Неге бізде NEET санаты бар, неге бізде басқа да көптеген мәселелер, неке бұзылуы, тұрғын үй мәселесі туындап жатыр. Менің ойымша, бүгінгі таңда біз шеше алмайтын екі үлкен мәселе – тұрғын үй және жұмыссыздық мәселесі. Бірақ тағы да жұмыссыздық мәселесі әр адамға байланысты. Егер ол қаласа, онда ол жұмыс таба алады. Тұрғын үй бағасына, әрине, мемлекет әсер етуі мүмкін…» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Сонымен қатар, NEET жастарының проблемалары әмбебап және әлеуметтік-экономикалық саясатқа байланысты деген пікір бар**.**

«Мен бұл мәселе әлдеқайда ұзақ әрі ауқымды болып табылады деп айтар едім. Тек жастар бұл мәселелерді айқынырақ сезінеді. Олар – едәуір кешенді. Мәселе тұтастай алғанда экономикалық саясатқа, экономиканың құрылымының болмауына байланысты, ол көптеген білікті жұмыс орындарын қамтымайды... Бұл – бүкіл экономиканың проблемалары. Барлық әлеуметтік саясат және осы құндылық дағдарысы, идеологиялық вакуум проблемалары. Әрине, олар жастар арасында айқын байқалады, өйткені қазір олар көп және айтарлықтай осал» ***(Ж.Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

3. NEET жастары және білім беру жүйесі

NEET санатындағы жастар санының өсуіне әлсіз кәсіптік **бағдар беру жұмысы, жұмысқа орналасуға жәрдемдесудің болмауы** сияқты маңызды факторлар ықпал етеді. Негізінен, талапкерлер материалдық жағдайының төмен болуына байланысты грантқа түсу оңайырақ мамандықты таңдайды.

«Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасының төмендігі, оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық, оқу орындарының оқытушылары мен басшылығының әлсіз тартылуы білім алушылардың тағдырына өз әсерін тигізеді» ***(Ж.Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«Бұның білім беру сапасына да ықпалы мол... Мұнда, әрине, объективті жағдайлар, әсіресе пандемиямен байланысты немесе қашықтықтан оқыту жүйесіне көшу, негізінен мектептен бастап жоғары оқу орнына дейінгі білім беру жүйесін едәуір қиындатты, мұны да ескеру қажет. Пандемия – жағдайлық және уақытша фактор. Бірақ тұтастай алғанда бұл жүйе, жүйелік мәселелер – оқытудың сапасы және жұмысқа орналасу мәселелері, өйткені кеңес заманындағыдай емес, қазір университеттер де, колледждер де жастарды бөлу немесе жұмысқа орналастыру жөнінде өзара келіспейді. Ия, олар бір нәрсені ойлап, сынап көретініне келісемін. Алайда жеке колледждер туралы олай айта алмаймын. ЖОО-дар, колледждер де мүмкін бұл бағытта бірдеңе шешіп, жасауға тырысады, өйткені олар ЖОО-ға қарағанда нақты өндірістік салаларға көбірек бағытталған» ***(А. Чеботарев, «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры).***

Сауалнамаға қатысқан **сарапшылардың көпшілігі жастармен кәсіптік бағдар беру жұмысы** болашақта жұмысқа орналасу деңгейіне әсер ететін маңызды сәттердің бірі болып табылады деген пікірде.

«Әлсіз кәсіптік бағдар беру жұмысы, жалпы білім берудің әлсіз деңгейі, жастардың жұмысқа орналасу туралы шешім қабылдай алмауына алып келеді... жастар түсуге оңай жерлерді таңдап, оқуды аяқтайды, бірақ бұл ретте тілек-

ұмтылыс жоқ және кейін таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істемейді» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Біріншісі – әлсіз кәсіптік бағдар, өйткені бізде жастар заңгер, экономист мамандығына көбірек ұмтылады, олар техникалық мамандықтарды қарастырмайды. Жалпы, бізде колледждер ұсынатын мамандықтар өте нашар насихатталуда» ***(С.Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Сарапшылардың пікірінше, осы санаттағы **жастардың одан әрі оқуға деген ұмтылысының болмауы бірқатар факторлармен байланысты**. Жастарда уәждеме болмауының негізі ретінде мамандық немесе университет таңдаудағы қоғамдық қысымды айтуға болады.

«*Бұл жерде кәсіби бағдар беру мәселесі тұр. Мына мамандық беделді, бұл мамандық беделді емес деген қоғамдық қысым орын алып отыр. Бұл мамандық жақсырақ, 100% жұмысқа орналаса аласын деген. Мен үшін ең жарқын мысал – медбике»* ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

Екінші жағынан, жастар үшін техникалық мамандықтар бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілмейді, ал жоғары оқу орындарында экономика немесе бухгалтерия сияқты мамандықтар бойынша оқыту «беделді» болып саналады.

«Бүгінгі таңда жастар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға түскісі келмейді, негізінен қайтадан сол мәселелер орын алып жатыр. Барлығы кеңсе қызметкерлері болғысы келеді (заңгерлер, бухгалтерлер және т.б.)» ***(сарапшы, Нұр-Сұлтан қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы).***

«NEET санатындағы адамдар оқығысы немесе жұмыс істегісі келмейді деп айту өте дұрыс емес… яғни біздің қазіргі жастарымыз жоғалып кетті, олар ештеңе істегісі келмейді деп айту дұрыс емес. Оларға бірінші қадамды жасауға мүмкіндік беру, итермелеу, көмектесу қажет. Міне, солай. Біздің жастар дарынды әрі олардың болашағы зор» ***(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

Мамандық пен жұмыссыздық арасындағы байланыс туралы сұрақ қойылған кезде сарапшылардың пікірі екіге бөлінді. Кейбіреулер бұл жерде байланыс жоқ деп атап өтті, ал кейбіреулері, керісінше, еңбек нарығында бір мамандықтағы адамдардың шамадан тыс қанығуы жұмыссыздыққа алып келетінін атап өтті.

«Ондай жоқ, бүгінгі таңда мемлекет жастарға «Бірінші жұмыс орны», «Жастар тәжірибесі», бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты, жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуға арналған гранттарды бөлу арқылы көптеген мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуде» ***(сарапшы, Нұр-Сұлтан қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы).***

«Әрине, мамандықтың артық болуы жұмыссыздыққа алып келеді, сәйкесінше NEET санатының өсу қаупі де артады» ***(Ж.Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«Бірақ жұмысқа әлі де орналаса алмайтын, сұранысы жоқ мамандықтарды оқып, бітірген жастар көп. Басқа мамандыққа қайта даярлау керек. Бұл мамандық пен жұмыссыздық арасында байланыстың болуын көрсетеді. Ал ол өз кезегінде, қайтадан, кәсіби бағдардың бұрыс болуымен байланысты. Егер мамандық дұрыс таңдалса, онда адам жұмыс таба алады» ***(С.Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Бүгінгі таңда елімізде жұмыс істеп тұрған кәсіптік бағдар беру жүйесін бағалау кезінде **сарапшылар жоғары оқу орындарының сандық бағдарланғандығын**

атап өтті, сонымен бірге ЖОО-ның жұмысы мен білім беру сапасын жоққа шығармау қажет.

«Көптеген жоғары оқу орындары талапкерлердің санына бағытталған, көбінесе студенттер жоғары оқу орнын таңдаудан көңілі қалады, ал олардың үміттері мен мақсаттары жиі орындалмайды» ***(Ж.Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«Кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі емес және еңбек нарығына бағдарланбаған (жоғары оқу орындары мен колледждер үшін талапкерлерді қабылдауды қамтамасыз ету тетігі). Оқу орындарына байланысты жұмыс сапасы әр түрлі болып келеді» ***(сарапшы, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілдігі).***

Мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысының тәсілдерін қайта қарастыру керек. Мүмкін, мұны қосымша жүктеме ретінде жасайтын мұғалімдер емес, кәсіби бағдар беретін арнайы мамандар болуы қажет. Сондықтан сарапшылар кәсіптік бағдар беру жұмысына төмен баға береді.

«Менің ойымша, мектептер де, колледждер де, институттар да практикадан өткен сәттен бастап студенттерді, болашақ мамандарды белгілі бір кәсіпорынға автоматты түрде бекітуі тиіс... Мысалы, менің жұмысымда колледждерде, жоғары оқу орындарында сырттай білім алған адамдар көп кездеседі, бірақ олар ешқашан өз мамандықтары бойынша жұмыс істемеді. Негізінен олардың жұмысы қысқа мерзімді және бейресми табыс көздерімен байланысты» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Бұл – экономика мәселесі. Қанша түлек бар, олардың барлығын еңбек нарығы енгізе алмайды. Бізде жұмыс орындарының қажетті саны жоқ, бұл ретте сапалы жұмыс орындары болуы тиіс – олар заңдастырылуы, еңбекпен рәсімделуі тиіс, олар сұр аймақта болмауы керек» ***(Ж. Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

Жастарға колледждер мен жоғары оқу орындарына түсу бойынша негізгі мәселелерді **түсіндіру тетіктерін жетілдіру мақсатында қажетті мемлекеттік саясат шаралары** жөнінде сарапшылардың пікірлері екіге бөлінді.

«Білесіз бе, менің ойымша, мемлекет мұндай мәселеге тоқталмауы қажет. Бұл, ең алдымен, колледждер мен жоғары оқу орындары қарастыратын мәселелер. Нақтырақ айтатын болсақ, олардың қаншалықты бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және өз түлектерін қаншалықты нақты жұмысқа орналастыра алу қабілетіне байланысты мәселелер» ***(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

«Менің ойымша, жастар, сегізінші сыныптан бастап қайда әрі не үшін және қандай маман иелері бола алатындығына және ол үшін не істеу керек екеніне назар аударуы қажет. Мүмкін, сегізінші сыныптан бастап оқушыларды мамандандыру жүргізілуі керек» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Сондықтан бізде әр түрлі керемет бағдарламалардың жүзеге асырылуына қарамастан, Қазақстанда көптеген әлі шешілмеген мәселелер бар. Бәрі жақсы болғанымен, бізде қате түсінік бар. Біз жастарға түсініксіз, қызық емес ғылыми тілмен түсіндіреміз, ал оны қарапайым тілмен жеткізу қажет. Дұрыс тәсіл қолдану керек. Қазір бізде блогерлер арқылы, кейбір әлеуметтік медиа тұлғалар арқылы жарнамалар жасау сәнге айналып кетті. Ол да біреуге ұнайды, біреуге ұнамайды. Менің ойымша, жастарға қарапайым, жалпыға түсінікті тілмен айту керек. Егер жеткізу тәсілі дұрыс болса, онда бізде бәрі жақсы болады. Өйткені барлық ақпараттық жұмыс әлеуметтік желілерде жүргізіліп жатыр. Мен билбордтарға, ілулі тұрған баннерлерге неге үлкен

қаражат жұмсалатынын түсінбеймін. Оларды ешкім оқымайды. Жеңіл оқылатын нәрсе емес. Мүмкін визуалды әрі ауқымды құралдар қажет. Осындай жақсы жарнамалар жасау керек, креативті тәсілдер қолдану қажет» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

4. NEET жастары және еңбек нарығы

Қазақстандағы жастардың жұмыссыздық деңгейін бағалау кезінде сарапшылар жоғары көрсеткіштерді белгілеп, ЖОО-ның соңғы түлектері негізінен жұмыссыздар болып табылатынын атап өтті.

«Жұмыссыз жастар көп. Біріншіден, қазір жастардың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы жоқ. Олар жұмысты игеру барысында қандай да бір кедергіге тап болса, өкінішке орай, сол жолдан бұрылып кетеді» ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

«Жалпы Қазақстан бойынша бүгінгі таңда көрсеткіш 3%-дан асады, ал 2022 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша, егер қателеспесем, 3.6% немесе 3.9%-ға жетті, өңірлер бойынша орта есеппен – 4-5%. Менің ойымша, бұл жоғары емес, орташа көрсеткіш, яғни еңбек нарығында жұмыссыздардың болуы табиғи процесс, олар әрқашан болады. Мәселе тек бұл көрсеткіштің жоғары өсуіне жол бермеу болып тұр» ***(Б. Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«Қазақстанда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі өсуде, өйткені еңбек нарығында жұмыс берушілер жоғары талаптар (мысалы, жұмыс тәжірибесі) қояды» ***(сарапшы, Нұр-Сұлтан қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы).***

«Динамика негізінен айқын. Мен Қазақстандағы жағдайды білмеймін, бірақ біздің өңірдегі жұмыссыздық мәселелері жайында айтатын болсам, көп жағдайда жұмыссыз жастар – ЖОО түлектері, яғни 35 жасқа дейінгі жастар. Яғни, 35 жастан кейінгі жұмыссыздардың пайызы, негізінен, өте төмен. Ең алдымен, біз 29 жасқа дейінгі, 30 жасқа дейінгі жастармен жұмыс істеуіміз керек» ***(Д.Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

«Менің ойымша, бізде жұмыссыздық деңгейі жоғары. Нақты жұмыс орындарының жоқтығын тек ұсынылатын жалақымен түсіндіруге болады» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

Сондай-ақ сарапшылар **жастардың еңбек нарығында қандай негізгі мәселелермен кездесетінін және жастардың бұл мәселелерді қалай шеше алатынын бөлісті**.

«… Техникалық тұрғыдан алғанда, жастардың өзі бұл мәселені шеше алады. Жұмыс беруші мұндай мүмкіндікті, негізінен, әрқашан ұсынады. Жұмыс беруші келесіні ұсынады: міне, сынақ мерзімі, сіз сынақтан өтсеңіз, біз сізден қалаған нәрсені қалай жасау керектігін үйренесіз – кейін бізде қалып, мансапқа жете аласыз. Қазір бизнес дамып келеді және кез-келген жағдайда оларға жұмыс қолы қажет. Бірақ, бізде өзгеге деген тәуелділік дамыған: ата-аналар сіз үшін бәрін шешеді, мұғалімдер сізге баға қояды, өйткені оларға мектептің орташа көрсеткіші қажет, оны төмен жасауға болмайды. Дәл осы бюрократизация анық көріністі бұрмалайды және жастар мұны көргенде, өмір бойы осындай «тесіктерді» іздеуге болады деп ойлайды. Ал нақты өмірде олар жоқ, оны түсінген адамдар өз қолдарын төмен түсіреді» ***(К.Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

«Жоғары оқу орнын бітірген жастар жоғары жалақы күтеді деген мәселе бар, ал оларға мансабының басында жалақысы аз, төмен лауазымды жұмысқа орналасу ұсынылғанда, олар оған ұмтылмайды және өз мамандығы бойынша емес басқа салаларға жұмыс істеуге кетеді… Жастар тәжірибе де, жалақы да уақыт өткен сайын жоғарылауға бейім екенін түсінуі қажет. Тиімділік тұрғысынан, бүгінгі таңда «Бірінші жұмыс орны», «Бірінші тәжірибе» құралдары бізге не беруі керек. Жастарды қолданыстағы қолдау шаралары туралы хабардар ету қажет. Жастар бұл бағдарламаның барлық нюанстарын біледі деп айту идея емес» ***(Б.Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«Сұранысқа ие мамандық емес, жұмыс тәжірибесі жоқ» ***(сарапшы, Нұр-Сұлтан қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы).***

«Тәжірибенің болмауы. Таныстық арқылы жұмысқа орналасу. Еңбек шартының болмауы, соның салдарынан еңбек міндеттемелері орындалмайды» ***(Ж. Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

«Олардың еңбек құқықтарының қорғалмауы. Олар жұмыс берушіге тәуелді әрі ештеңе талап ете алмайды. Оларға, мысалы, еңбек шартын келіспей тағылымдамадан өту ұсынылады. Бұл – кең таралған көрініс. «Сұр сектор» - 26%. Еңбек шарты және кәсіподақтар жоқ. Кәсіподақтар не істеуі керек? Бұл мемлекет тарапынан өте қатаң реттеледі. Бізде шағын және орта бизнесті қолдау, оларға баса назар аудару ұстанымы болды. Олар – экономиканың негізгі қозғалтқышы. Ал еңбек құқықтары, жалдамалы жұмыскерлер мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау маңызды емес еді. Кәсіподақтардың рөлі төмен, ал олардың маңыздылығы тек ресми түрде бекітілген... Бұл басты мәселе – еңбек құқықтарын қорғау» ***(Ж. Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

Сарапшылар осы санаттағы жастардың жұмыспен қамту орталықтарына қаншалықты жиі жүгінетіні туралы айтып берді. Сарапшылардың пікірінше, ХҚКО-ларда оларды жұмысқа орналастыру үшін барлық қажетті құралдар бар.

«Менің ойымша, дәл осы санаттағы жастар, мемлекеттік қолдауда белсенді емес қатысушы болып келеді. Сондықтан олар жұмыспен қамту орталықтарына сирек жүгінеді. Менің пікірімше, бұл бағытта жастардың бейтарап ұстанымы бар. Негізінде өтініш білдірген жағдайда жұмысқа орналасуға, қысқа мерзімді оқуға жіберуге арналған құралдар жеткілікті. Келесі өзекті мәселе: барлық санаттағы жастар қолдаудың қолданыстағы шаралары туралы жеткілікті білмейді, олардың міндеті – жұмыспен қамту орталығында жұмыстың қандай да бір заманауи әдістерін анықтау, пайдалану» ***(Б.Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«Youth Corps Program бағдарламасының жұмысына сәйкес, осал жастар жұмыспен қамту орталықтары мен жастар ресурстық орталықтарына сирек жүгінеді. Ал өтініш білдіргендерге орталықтар ұсынатын жұмысқа орналастыру шаралары жеткілікті тиімді емес (формальды тәсіл, тартымсыз бос жұмыс орындары» ***(сарапшы, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілдігі).***

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың көпшілігі жастар тәжірибесінің көбеюі және оны әсіресе ауылдық жерлерде қаржыландыру туралы пікір білдірді.

«Менің ойымша, бұл жиі орын алмайды. Біріншіден, олар мұндай орталықтармен жұмыс істей алмайды. Бізде мектеп кезеңінде мұндай орталықтармен жұмыс істеу дағдыларының негіздері берілмейді. Бастапқыда

мектеп бағдарламаларында ХҚКО-лармен, жастарға қызмет көрсету орталықтарымен және т.б. жұмыс істеу үшін қандай да бір оқу циклдары болуы қажет, олар сол жерге барудан қорықпауы және орталықтардың өкілдерімен, мамандарымен байланысудан қорықпауы керек. Менің ойымша, жастар тәжірибесінің санын көбейту, әсіресе ауылдық жерлер үшін жастар тәжірибесі санаты бойынша олардың мерзімін ұлғайту қажет» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Менің ойымша, жастар жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді, өйткені әлі де сұраныс бар және жыл сайын жалақы көтеріледі. Егер мен қателеспесем, биыл ол жүз мыңға жетті. Бірақ жүз мың теңге – тек университетті бітірген және өз мансабын бастағысы келетін жастар үшін жақсы сома, айталық. Әсіресе, ол өңірлерде мүмкін жақсы сома болып саналады» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Бұдан басқа, жастардың еңбек нарығында қандай негізгі кедергілермен кездесетіні **және жастардың бұл мәселелерді** шеше алатыны туралы мысалдар келтірілді.

«Жастардың өзі бұл мәселелерді шеше алмайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың деңгейі. Студенттер ретінде белсенді болған және үздік бітірген жастардың жұмыспен қамту орталықтарына жүгініп, жұмысқа баруға дайын екендігі мені таң қалдырады. Жастар тәжірибесіне байланысты, тек биылғы жылы ғана жастар 93 мың жалақы қолға ала бастады, ал бұған дейін өңірлерде олар екі есе аз жалақы алатын. Тек Астанада, Шымкентте және Алматыда Жастар тәжірибесі бойынша мұндай мөлшерлеме қабылданды. Жастар да, ересектер де осылай санайды. Тіл тигізіп айтқым келмейді, бірақ егер жұмыспен қамту орталығына барса немесе жұмыссыздық есебіне тұрса, оларда қандай да бір стигма пайда болатын сияқты. Олар үшін бұл өте стигматизациялық өлшемшарт деп айтар едім.

Міне, қалада жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармамен төрт жастарға қызмет көрсету орталығы құрылды. Жастар бізге келіп, заңгерлерден, психологтардан және т.б. кеңес алу үшін біз өз кезекшілерімізді қойып, визиткаларымызды тараттық. Бірақ мен сізге айтқым келетіні, бұл қызмет көрсету орталықтарында төрт ай ішінде жастар болмады. Бұл жастардың орталықтарға бармайтынын көрсетеді. Тиісінше, оларда мамандығы бойынша жұмысқа орналасу туралы ақпарат алу үшін жұмыспен қамту орталықтарына баруға болатындығы жөнінде ақпарат жоқ» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

5. NEET жастары және қоғам

Осы санаттағы жастар арасында ұзақ уақыт жұмыс пен білімнің болмауына байланысты сарапшылар айтқан бірқатар салдарларды **атап өткен жөн. Сарапшылар қоғамдағы қылмыстың, кедейліктің және радикалданудың өсуін осындай салдарға жатқызады.**

«Дағдыларды жоғалту, отбасынан тыс әлеуметтік байланыстарды төмендету» ***(сарапшы, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілдігі).***

«Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жоғары өсуі. Әсіресе, егер бұл балалар үйінен шыққан жастар болса, онда қауіп өте жоғары: NEET санатына, қылмыс жасайтын және қылмыс жасау ықтимал адамдардың тәуекел санатына өтуі. Жалпы, соңғы бір жарым жыл ішінде жетім балалар, қамқорлықсыз қалған балалар санатымен жұмыс істей отырып, балалар үйінен шыққаннан кейін мемлекеттің олардың тағдырына деген немқұрайлығы таң қалдырады. Олардың

өміріне деген қызығушылықтың болмауы немесе оларға қандай да бір көмек көрсетілмеуі... міне, қыз биыл колледжді бітіріп, институтқа түседі. Ол сегіз айлық бала кезінде жетім болып қалды. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласының тұрғын үй кезегінде оның алдында әлі де екі мыңнан аса адамдай бар! Шын мәнінде, пәтер, тұрғын үй алу ықтималдығы, яғни жетім балалар NEET санатына және тәуекел тобына өтпеу ықтималдығы үлкен... және қазір оның институтқа түсу мүмкіндігі де өте жоғары, бірақ тұрғын үй мәселесі туындайды. Ал енді жетімді ешкім қолдамаса, ол күйзеліске алып келеді. Өйткені бір уақытта оқу және өзіңді баспанамен қамтамасыз ету – мүмкін емес» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Әрине, бұл – құлдырау белгісі. Нақтырақ айтатын болсақ, егер адам бос болып, жұмыс істемесе, еңбекке қабілетті жаста болып, әлі еш жерде оқымаса, бұл нені білдіреді? Адам қандай да бір жолмен өмір сүруі керек... оны басында ата-анасы қамтамасыз етеді, кейін белгілі бір отбасылық қақтығыстар туындайды. Сондықтан, бұл мәселе экономикалық жағдаймен ғана байланысты емес, сондай-ақ маңызды өзгерістерге де алып келеді деп ойлаймын. Маргиналдануды да атап өткен жөн» ***(Б. Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

Елдегі жұмыссыз жастардың көп болуы елге және оның тұрғындарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сарапшы жұмыссыз жастардың қаңтар айындағы оқиғаларға қатысы бар екенін атап өтті.

«Бұл да өзекті мәселе. Ұзақ уақыт жұмыс істемеген әрі білімі жоқ азаматтар – қауіпті жастар. Мысалы, қаңтар айындағы оқиғаларды еске салсақ, жастардың сауатсыз болуы, қажетті білім алмауы әрі қалыпты ортаның болмауы – біз үшін үлкен қауіп, біріншіден. Бұл – болашақ нашақорлар, қылмыскерлер. Мұндай жастардың бір бөлігі біздің қоғам үшін қауіпті болып келеді… Сондықтан бұл бағытта жұмыс істеу керек, NEET жастарының әр санатымен мұқият қажетті жұмыс атқарылуы тиіс. Олардың деректерін білу, бірақ, бәлкім, Қазақстан бойынша NEET жастарының барлық санаттарын сауалнамадан өткізу қиын болар. Бірақ егер тырыссақ, кем дегенде бұл қауіптің кейбір бөлігін жоюға болады. Олар әр аймақтың кем дегенде он пайызын құрайды. Ал бұл – өте үлкен қауіп. Менің ойымша, бізде болған қаңтар айындағы оқиғалардың себепкері – сол жұмыссыз, білімі жоқ және бұрыс нұсқау алған жастар. Олар қай жерде оңай, қай жерде тезірек ақша берілсе, сол жерге барады» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Халықтың осы санаты қоғамға төнуі мүмкін қауіптер туралы және олардың арасында құқық бұзушылық жасау қаупі жоғары екенін атап өткен жөн.

«Ешбір жағдайда NEET санатындағы жастарды маргиналдылыққа байланысты туындаған нәрсе ретінде қарастыруға болмайды. Бұл, мен айтып кеткендей, көмекке мұқтаж адамдар. Мен өзім бұл мәселеге тап болдым. Елордалық жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бір жыл жеті ай жұмыс таба алмадым. Яғни, мен де NEET санатындағы адам болдым. Мен қажетті білім алсам да, ол кезде еш жерде оқымадым, еш жерде жұмыс істемедім. Егер біз, стереотиптік ойлау негізінде, адам жұмыс істемейді және қазіргі уақытта оқымайды әрі маргиналды жастардың өкілі деп оқшаулай берсек, онда осыған дейін атқарылған барлық жұмыс бекер деп есептесек болады. Мұның бәрі – ерекше жағдай. Біздің міндетіміз – оны қандай да бір жолмен жіктеу және адамға осы жағдайдан шығуға көмектесетін механизм құру. Бірақ, ешбір жағдайда NEET санатының өкілдері әлеуетті қылмыскерлер немесе қоғамға қандай да бір қауіп төндіреді деп айтуға болмайды. Ешбір жағдайда. Бұл дұрыс саясат болмайды»

(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).

Сондай-ақ, сарапшыларға Қазақстандағы NEET жастарының халықтың маргиналды бөлігіне қатысы туралы сұрақ қойылды**.**

«Жоқ, менің ойымша ... бізде жұмысы бар адам да маргиналды болуы мүмкін. Жұмысқа орналаспаған адам да маргинал болуы ықтимал. Бүгін біздің теледидарды да алып қарасақ, ол қоғамды қатты маргиналдандырады. Адам күні бойы жұмыста болып, шаршайды, үйге келеді, теледидарды қосады және ол жерде көрсетіліп жатқан нәрселерді қарайды. Әрине, бұдан ол тек ақымақ болады, менің ойымша. Сондықтан мұнда жұмысқа орналасудың өзі оған әсер етпейді. Қоршаған орта көбірек ықпалын тигізеді» ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

Көптеген сарапшылар **NEET жастар халықтың маргиналды бөлігіне жатады** деген пікірмен келісті. Алайда бірнеше сарапшылар бұл көзқараспен келіспеді.

«Менің ойымша, бұл табыс пен күнкөрістің жоқтығына байланысты, ата-аналардың, жұртшылықтың қолдауы болмаған жағдайда, бәрі адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдарын іздеуіне алып келеді. Бұл бейресми жұмысқа орналасуда да көрініс табады. Жағдайға байланысты айтсақ, жастарға тағы не ұсынылады? Мысалы, синтетикалық есірткінің таралуы жақсы табыс алып келеді, бірақ оның нәтижесі мен салдарын, мысалы нақты қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын, жас азамат түсінуі тиіс» ***(Б. Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«Уақытында оған назар аудармағандықтан, жас азамат қандай да бір радикалды және тіпті экстремалды идеяларға тартылуы мүмкін» ***(сарапшы, Нұр-Сұлтан қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы).***

«Бір жағынан, иә, жастардың белгілі бір пайызын халықтың маргиналды бөлігі деп атауға болады және бұл қоғамға қауіп төндіреді. Олардың ішінде құқық бұзушылық жасау қаупі жоғары – бұл сөзсіз. Ең қорқыныштысы, олардың өмір сүру деңгейі жыл сайын төмендеп келеді. Неліктен бізде үйсіз адамдар саны артып келеді, өйткені олар – мұндай жастар ортасында өмірдің белгілі бір кезеңін өткізген адамдар. Егер жастар тіркеуден өтпесе, оларда баспана да, жұмыс та болмайды. Бұл – қылмысты маргиналды жастар топтары. Кейіннен олар ересектер тобына өтеді» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

Алайда NEET жастарын маргиналдандыру туралы тұжырыммен келіспейтіндер де болды.

«Мұндай тұжырымды растайтын деректер жоқ» ***(сарапшы, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілдігі).***

Сарапшылар оқымаған, жұмыс істемейтін жастардың қоғамнан оқшаулану дәрежесі туралы пікір білдірді, сондай-ақ осы санатта болудың қоғамдық үдерістерге қатысу деңгейіне әсері туралы пікірлер айтылды. Бұл тұжырым жөніндегі пікірлер екіге бөлінді, кейбір сарапшылар келісті, ал басқалардың пікірі қарама-қайшы келді.

«Мүлдем келіспеймін. Қалай болғанда да, адам – әлеуметтік болмыс. Жұмыс пен оқудан басқа, адамның отбасы, достары, туыстары бар... Олар дәл осылай шығып, достарымен араласады, олардың отбасы бар және т.б.» ***(Д.Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

«Иә, оқымайтын, жұмыс істемейтін жастар қоғамнан, қоғамдық мүдделерден, мемлекетте болып жатқан оқиғалардан оқшауланған. Олар

қоғамдық үдерістерге қатыспайды. Өкінішке орай, олардың арасында топопизация қаупі жоғары, мен оны осылай атаймын. Олар осындай стихиялық митингілерге, ереуілдерге қатыса алады... Мәселен, біздің қалада жастар әкімдіктің қайда екенін білмейді. Олар қала деңгейінде жұмыс істейтін полиция бөлімі және Ішкі істер министрлігі бар екенін түсінбейді. Денсаулық сақтау министрлігі мен денсаулық сақтау басқармасы жайында да осылай айтуға болады, тіпті сауатты адамдарда олар жайлы құрылымды түрде түсінік жоқ... Төмен білім деңгейі адамдардың қайда бара алатынын, қай орган оларға көмектесе алатынын түсінбеуіне алып келеді. Мұндай білім мен дағдылардың жетіспеушілігі жастардың жеткілікті сыни ойлау деңгейінің жоқтығына алып келеді» ***(О.Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«… Блогерлер сияқты ақылды жақсы адамдар да бар, олар да NEET жастар санатына жатады. Демек, NEET жастарының барлық санаты қоғамнан оқшауланбайды. Бәлкім, тек білімі жоқ және жұмыссыз адамдар қоғамнан көбірек оқшауланған шығар» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Сарапшылар **NEET санатынан шығудың бірнеше жолы** бар екенін атап өтті. Сонымен қатар, келесі сұрақ қойылды: «Олар мұны қаншалықты дербес шеше алады?».

«*Біріншіден, қандай да бір жолмен колледжге, жоғары оқу орындарына түсіп, білімін жалғастыратындар, кейін диплом алып, әрі қарай жұмыс істейтін азаматтар ғана шығады. Адамдар бірден жұмыс таба алмаса да, ең болмағанда, оларда одан әрі дамудың мүмкіндігі бар. Ең бастысы – білім. Біреуге туыстары, таныстары, достары қандай да бір жолмен көмектеседі»* ***(А. Чеботарев, «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры).***

«*Олармен атаулы жұмысты мұқият жүргізу керек. Басқаша оларға көмектесе алмаймыз. Өйткені біз бұл санаттағы адамдармен жаппай жұмыс істейміз. Ең бастысы – әр адаммен мұқият атаулы жұмыс қажет. Бәлкім, бұл ұзақ уақыт алып, жалықтыруы мүмкін, бірақ оның ықпалы зор*» ***(С. Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

«NEET санатынан жақын ортаның сапалы қолдауымен, сондай-ақ өз қалауы бойынша шығуға болады» ***(сарапшы, Нұр-Сұлтан қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы).***

«Біз 18-22-23 жас аралығындағы жастар туралы айтып отырмыз. Менің ойымша, олар қалыптасу кезеңін, өзін-өзі тану кезеңін қабылдай алатындығына байланысты осы санаттан өз бетінше шыға алады. Егде жастағы топтар, 25-29 жас аралығындағы азаматтар, туралы айтатын болсақ, адам жасы ұлғайған сайын, оған қандай да бір білім беру үдерісіне қосылу немесе жұмыс табу қиынырақ болады. Сондықтан, менің пікірімше, жас санаттары мемлекеттік органдардың қолдауына мұқтаж» ***(Б. Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

Сарапшылардың пікірінше, осы санаттан шыққан жастардың үлесі өте төмен. **Көбінесе жастарға әртүрлі бағдарламалар мен үкіметтен көмек пен қолдау қажет.**

«Берілген санаттан өз бетінше шығатын жастардың үлесі өте... Бұл көбінесе белгілі бір орталықтардың көмегімен жүзеге асырылады. Қандай да бір жолмен оған әсер ете алатын белгілі бір адамдардың көмегімен жүзеге асырылады. Бізде жастарға қазіргі кезде қажет психологиялық қызметтер дамымаған. Бұл жастар орталықтары, тек қолдау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар жастар тамақ жөнінде алаңдамау үшін күніне кемінде бір рет бір

ай бойы сорпа табағын беруі қажет. Дәл қазір тамақтануға қайдан ақша табуға болатындығын уайымдамай, керісінше, қандай курстарға, қандай жұмысқа бару керек екендігін ойлауы керек. Себебі аш қарынға жұмыс жүрмейді. Оқу да, жұмыс та болмайды. Тұрғын үйдің, тіпті жай төсек-орынның болмауы маргиналданудың да белгісі болып келеді» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Ал ол санаттан шыға ала ма? Менің ойымша, бұл жаппай өткізілетін оң үдеріс емес. «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту» сияқты бірқатар бағдарламалар бар. Менің пікірімше, бұл – жақсы бағдарлама. Мен екі-үш баласы бар жас аналардың санаты туралы айттым. Егер бағдарлама әйел микробизнесін дамытуға мүмкіндік берсе, онда тігін машинасын сатып алуға грант та ұсынылады. Қазіргі кезде мұндай бағдарламалар іске асырылып жатыр» ***(Ж.Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

Келесі сұрақ: «Мемлекет NEET санатындағы жастарды осы санаттан шығуға ынталандыруы керек пе? Олай болса, мұндай ынталандыру үшін қандай шаралар тиімді болады?» **Сарапшылардың пікірінше, білімге көбірек көңіл бөлу керек және бұл қазір талаптар мен көрсеткіштерді арттыру арқылы емес, даму арқылы жүзеге асырылады.** Әрине, мұндай әлеуметтік топтың болуы белгілі бір зардаптарға алып келеді, бірақ мемлекет те ынталандыру шараларын құрып, қабылдауға мүдделі болуы қажет.

«Әрине, қажет. Бірақ адам кез-келген жағдайда өзінің материалдық құраушысын жақсартуға тырысады. Қоғамдық тануға ие болу, өмір сүру сапасын жақсарту, отбасын құру, балалы болу және т.б. кез-келген адамның табиғи қажеттіліктері, және ол кез-келген жағдайда осы мақсаттарға жету үшін белгілі бір күш-жігер жұмсайды. Бірақ біз бәсекеге қабілетті ортада өмір сүріп жатырмыз. Әрине, бұл бәсекелестіктен шығып қалатын адамдар да болады. Бұл жағдайда мемлекет белгілі бір жұмысты ынталандырып, орындауы керек. Бұл – бүгінгі күні жасалып жатқан нәрсе. «Бірінші жұмыс орны», «Жастар тәжірибесі» және т.б. бағдарламалар дәл осы мақсатқа бағытталған» ***(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

«… Міне, осындай салауатты мемлекет және салауатты еңбек нарығы, NEET жастарының санаты біріктірілмейтін салауатты қоғам бар. Оқуға, білім алуға ынтасыздық, жұмыс істеуге және кәсіби біліктілік алуға құлықсыздық. Сонда иә, мемлекет бұл жастарды біріктіреді. Бірақ мемлекет не ұсына алады, жастар мәселесін қалай шеше алады? Егер бұл жалпымемлекеттік мәселе, яғни, жұмыс орындарының жетіспеушілігі болса, бұл бәріне қатысты, тіпті жастарға қарағанда қырық-елуден асқан адамдарға көбірек ықпалын тигізуі мүмкін... Жалпымемлекеттік деңгейде шешілмеген кезде жастарға қандай шаралар ұсынуға болады. Бұл – бүкіл экономиканың, бүкіл қоғамның ауруы. Бізде бәрі жақсы, тек осы жастар күресіп, маргиналданып жатыр деген сөз емес. Сондықтан мен бұл мәселемен толық келіспеймін» ***(Ж. Тулиндинова, ҚР Парламенті, Сенат Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары).***

«Егер NEET санатындағы жастар көп болса, бұл халықтың маргиналды бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекет, әрине, оларды ынталандыруы керек. Бірақ жастарда мемлекет бәрін береді және т.б. деген тәуелділік қатынастар қалыптаспауы үшін дұрыс ынталандыру, мұқият жұмыс қажет» ***(С.Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

«Менің ойымша, олармен жүйелі түрде жұмыс істеу керек. Жастар ресурстық орталықтарының барлығы әлдеқайда ашық бола алады, біріншіден,

әрқайсысы туралы ақпарат қолжетімді болуы керек. Әр аймақтағы орталықтарды сайтта көрсету арқылы адамдар бұл орталықтардың қай жерде орналасқанын біле алады. Сайттарда осы орталықтардың қандай қызмет көрсететіні туралы нақты ақпарат болуы тиіс. Онда шынымен де көпсалалы қызмет, психологиялық кеңес беру, заңгерлік, мүмкін мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда, жұмысқа орналасу қызметтері көрсетілуі тиіс» ***(А. Чеботарев, «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры).***

6. NEET санатындағы жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар

Қазақстан халықтың осы санатындағы жастармен жұмыс бойынша шет елдердің табысты кейстерін қабылдай алар еді. Мұндай жағдайда «Қазақстанда мұндай тәжірибе қолданыла ма? Қазақстанда мұндай тәжірибені қалай бейімдеуге болады?» деген сұрақтар туындайды.

«Егер біз Еуропаны мысал ретінде қарастыратын болсақ. Неліктен мен университеттегі Жұмыспен қамту орталықтары туралы айтып отырмын. Егер біз Ұлыбритания тәжірибесін қабылдайтын болсақ, Ұлыбританияның кез-келген жоғары оқу орны бірінші курстан бастап студенттерге көмек көрсетеді. Мансап орталығы үнемі кішігірім жиындарға, панельдік кездесулерге және т.б. іс-шараларға қатысуға шақырады. Оқуды бітіргеннен кейін, Мансап орталығы іс жүзінде бір айдай уақыт алатын, бізде Бос жұмыс орны жәрмеңкесі деп аталатын, «Ресми жұмыс берушімен кездесулерді» жүргізеді, яғни мұның бәрін университет ұйымдастырады. Егер бұл тәжірибе бізде іске асырылып, тиімді болып шықса, біздің университеттер өз оқу орнының имиджі мен түлектерді жұмысқа орналастыруға мән берсе өте жақсы болар еді» ***(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

Сарапшылардың пікірінше, кез-келген жағымды тәжірибені қолдануға болады. Ең бастысы, бұл – жарияланған декоративті бағдарлама емес, шынымен де жүзеге асырылған бағдарлама.

«… кез-келген әдісті, кез-келген кейсті, егер олар дұрыс орындалса, қолдануға болады. Қарым-қатынастар, мүмкін қоршаған орта әр түрлі болса да, біз бәріміз бірдей адамдармыз... Неліктен, мысалы, Сингапурда, Жапонияда осы санаттағы жастардың саны аз. Менің ойымша, біз шетел тәжірибесін қолдана аламыз, белгілі бір аймақтан, мысалы БҚО-дан, бастасақ болады. Бұл жерде ресурстық орталықтар бар, олар бұл әдіспен бір жыл жұмыс істей алады. Зерттеу жасап көру керек шығар? ... қандай да бір іс-тәжірибеден, белгілі бір аймақтан бастауға болады. Ол шын мәнінде оның жарамдылығын көрсетеді» ***(С.Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Сарапшылар жастармен жұмыс істеудің шетелдік тәжірибесін, атап айтқанда **Германия мен Чехия сияқты Еуропа елдерінің мысалдарын келтірді.**

«...Жұмыс берушіні жұмыс тәжірибесі жоқ адамды алуға және, мүмкін, көптеген маусымдық жұмыстарға қабылдауға ынталандыру. Чехияда бұл тәжірибе бригадалар деп аталды. Маусымдық жұмыс пен бос жұмыс орындары ол кезде көп болды. Сіз жай ғана бригадаларға жазыласыз, кейін базаға тіркелген секілді сізге үнемі ұсыныстар түсіп отырады. Мысалы, бригада қаладан тыс жерде электр станциясын салуды жоспарлап отыр, онда тұру мен тамақтану, жұмыскерлердің жалақысы қарастырылған. Әдетте, мұндай бригадаларға түсу үшін екі айлық қысқа мерзімді курстардан өтеді. Кеңес заманында бұл жүйе жан-

жақты дамыған еді. Қазір біз оны аздап жоғалттық» ***(К. Ақжалов, «Семей» колледжінің директоры).***

«Маған Германияның тәжірибесі өте ұнайды. Неліктен біз өз елімізде Германиядағыдай әлеуметтік көмек жүйесін құра алмаймыз? Бізде жеткілікті қаражат бар, бізде мұны, тіпті еріктілік негізде де, істей алатын және қалайтын адамдар жеткілікті. Бірақ, көшбасшы жоқ немесе оны қабылдайтын және жасайтын орган жоқ. Неліктен Германияда көптеген әлеуметтік тұрғын үйлер, қонақ үйлер, әлеуметтік бағдарламалар бар. Мен есірткі қолданумен айналысатын жастарға арналған бағдарламаларды қарадым. Мәселен, жас азаматты жұмысқа ынталандыру үшін мемлекет жұмыс істемейтін, оқымайтын және бар ресурстарды теріс пайдаланатын адамды осы санаттан шығарып, оның табысқа жетуі үшін белгілі бір қаражат жұмсады» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

«Біз бұл мәселені, соның ішінде шет елдердің, Германия, Жапония, Норвегия, Скандинавия елдерінің тәжірибесін зерттеп жатырмыз, онда өмір сүру деңгейі басқа және олардың шараларының ерекшелігі неде екені түсінікті. Басты ерекшелігі – жүйелік тәсіл. Егер біз қазір, шартты түрде, салдармен жұмыс істесек, яғни адам он сегіз жасқа толғанда, жұмыс істемеген, оқымаған кездерді қарастырсақ, ал ол елдерде бұл жұмыс ерте жастан, мектепке дейінгі білім беруден басталады – кәсіптік бағдар беру, мамандық құндылықтарын қалыптастыру мәселелері. Бұл тәжірибені біздің қазіргі жағдайға қолдануға болады деп ойлаймын. Бірақ бұл жерде тағы да мәселе жүйелі мекемеаралық өзара іс-қимылда болып отыр. Бүгінгі күннің басты мәселесі, менің ойымша, бізде өзара іс-қимыл жүйесі әлсіз, яғни әрбір орталық мемлекеттік орган өз аудиториясына, өзінің жұмыс майданына жауап береді. Бірақ қазіргі заманда екі орталық мемлекеттік органның шекарасында орналасқан көптеген тауашалар, салалық мәселелер бар. Мысалы, жастар жұмыссыздығы мәселесі – Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселесі ғана емес, бұл жерде Ішкі істер комитетінің де қызығушылығы болуы тиіс. Сондықтан біздің елімізде осы тәжірибені қабылдау және іске асыру үшін мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау қажет деп ойлаймын» ***(Б. Әлімжанов, Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы).***

«Жапония, Ұлыбритания және Германия сияқты түрлі елдерде жастар арасында NEET үлесін төмендету бойынша жобалар белсенді түрде жүзеге асырылуда. Мұндай қызметтер пакетіне консультациялық көмек және әлеуметтік қолдау бағдарламалары кіреді» ***(Ж. Сұлтан, ЮНИСЕФ кеңесшісі).***

Сонымен қатар, сарапшылар NEET санатындағы жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың рөлін және олардың тиімділігін талқылады. Жастардың мемлекеттік бағдарламаларды білуі, олардың бар болуы және жұмыс істеуі туралы мәселе көтерілді. Сарапшылар бағдарламаларды жетілдіру бойынша, оның ішінде тартымдылық пен сұранысты арттыру жолдары туралы нұсқаларды ұсынды. Сарапшылардың пікірінше, білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейтіп, **өндірістік практикаға көбірек көңіл бөлу қажет.**

«Шын мәнінде, мемлекеттік бағдарламаларды ақпараттық сүйемелдеуге келетін болсақ, менің ойымша, олар өте жоғары деңгейде. Нақтырақ айтатын болсақ, қазіргі таңда жастарды қолдау жөніндегі қандай да бір мемлекеттік бағдарлама туралы ақпарат табу аса қиын емес. Қосымша шараларға келетін болсақ, менің ойымша, мұнда имидждік компаниялармен жұмыс істеу керек. Егер біз жастар тәжірибесі және бірінші жұмыс орны туралы айтатын болсақ, ондағы статистикаға қарасаңыз, әлеуетті жұмыс берушілер тізімінің 70-80%-ы

мемлекеттік органдар немесе мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылады, ал жеке сектор өкілдері өте аз. Менің ойымша, егер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі немесе өңірлердегі Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы үздік компаниялармен, жұмыс берушілермен оларды «Бірінші жұмыс орны» мен «Жастар тәжірибесі» бағдарламалары аясында жұмысқа тарту үшін жұмыс істей бастаса, онда олар әлдеқайда тиімді әрі тілек білдірушілер әлдеқайда көп болады. Егер Шеврон, Епі немесе KPMG компаниясы мемлекеттік бағдарламалар аясында бос жұмыс орындарын ұсынса, әрине, жастар бұған шынымен жақсы әлеуметтік лифт ретінде қарайтын болады» ***(Д. Құлжанов, Батыс Қазақстан облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы).***

Сонымен қатар, сарапшылар **даму бағдарламалары туралы хабардарлық деңгейі өте төмен екенін,** оларға тек атаулы жұмыс есебінен қатысатынын атап өтті.

«Кеңес заманында бас бостандығынан айыру орындарынан оралғандар арасында жұмысқа орналасудың белгілі бір пайызы болды. Әрбір кәсіпорында міндетті үш пайыз болды, онда олар бас бостандығынан айыру орындарынан оралғандарды жұмысқ қабылдауға міндетті еді. Бізде қазір ондай нәрсе жоқ. Қазіргі таңда сотталғандар ешқайда бара алмайды. Мемлекет түзетуден өту үшін барлық жағдайларды қарастыруға міндетті әлеуметтік қауіпті санатта да сондай жағдай. Жастар үшін де арнайы жағдайлар болуы тиіс. Барлығы жеке құрылымдарға және т.б. ауысатындығына байланысты, бізде мемлекеттік кәсіпорындар жоқ. Бірақ кәсіпкерлерде жастар жұмыс жасаса, оларға әлеуметтік жеңілдіктер жасау қажет» ***(О. Рыль, «Право» ҚҚ директоры).***

Сарапшылардың пікірінше, **кез келген жағдайда жастар әлеуметтік желілер арқылы қайда жүгіну керектігін білу үшін мемлекет оларды ақпараттық жіберілімдер көмегімен хабардар етіп, нақты жұмыс атқаруы тиіс.**

«Мен NEET санатындағы жастар мәселесімен тек жастар басқармасы ғана емес, жалпы жастар саясаты аясында да жұмыс істеуді ұсынар едім. Мен бұл мәселенің білімнің де, мәдениеттің шеңберінде де қарастырғанын қалаймын. Өйткені, NEET санатындағы жастарға тек жастар саясаты ғана емес, сонымен қатар кәсіби бағдар, мамандықты дұрыс таңдау, қоршаған орта, оның ішінде мектеп, университет – бәрі өз ықпалын тигізеді. Сондықтан бұл мәселемен бүкіл команда айналысуы қажет. Бір жастар саясаты мұндай күрделі мәселені шеше алмайды. Тұтастай алғанда нақты мониторинг керек, дұрыс тәсіл қолдану қажет, ескі жүйеден кетіп... Жаңа тәсіл ойластыру керек, жаңа тәсілмен мәселені шешіп, бәрі жастар тілінде түсіндірілуі тиіс» ***(С.Тұманбаева, «Болашақ» корпоративтік қорының басшысы).***

Қорытынды

Сараптамалық сұхбат нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалды:

1. Сарапшылар жастар тәжірибесі бойынша жұмыс орындарының санын, оның мерзімін, әсіресе ауылдық жерлерде жастардың осы санаты арасындағы жұмыссыздық мәселесін неғұрлым тиімді шешу үшін арттыру қажет екенін атап өтті.
2. Сарапшылар мектептердегі кәсіптік бағдар беру тәсілдерін қайта қарастыруды ұсынады. Жасөспірімге мамандық таңдауда оның бағытын анықтауға көмектесетін кәсіби бағдар берушілер мен кәсіби психологтармен кеңесу мүмкіндігі.
3. Сарапшылар NEET санатындағы жастарды неғұрлым нақты тұжырымдау қажеттілігін және бірыңғай базаның болмауына байланысты адамдардың осы санатын айқындаудың күрделілігін атап өтеді. Статистикаға сәйкес, еліміздегі осы санаттағы жастардың орташа үлесі 6,9% құрайды. Барлық сарапшылар статистикалық мәліметтерге сенбейді және нақты санды бірнеше есе көп деп санайды.
